

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

ҚАЗАҚСТАН ИНДУСТРИЯСЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде

3-жинақ

Қарағанды

Kіріспе

Отандық ғылымның дамуынсыз жаңа инновациялық сектордың дамуын және ғылыми сала аумағын құру мүмкін емес.

«Жаңа экономика» деп аталатын барлық секторлар инновациялық секторды құрайды, олардың дамуы көбінесе ғылыми зерттеулер мен зерттеменің қорытындыларымен анықталады, сонымен қатар: мобильді және мультимедиялық технологиялар саласы, нано- және космостық технологиялар, робототехника, гендік инженерия, келешектің энергиясын ашуға ізденіс.

Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің жоғары шапшаңдығын сақтау үшін экономикадағы құрылымдық өзгерістерді іске асыру қажет болады, ол үшін жаңа даму кезеңіне өту керек. Осы өзгерістер өңдеуші өнеркәсіпте өнімді жұмыс орындарын құруға, соның ішінде агрорлық сектордағы жұмыс күшінің арқасында белсенді өзгерістер енгізеді.

Индустриалды-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаның табысты жүзеге асуының арқасында, мемлекетімізде тұрақты өнеркәсіп орнап, әртүрлі салалар 2015-2019 жылдарға жоспарланған бағдарламадан одан әрі дамуға үміт күтеді. Қазіргі өндірістік саясаттың негізі құралды, индустриалдық дамуға көмек ретінде әртүрлі құралдар және тікелей шетелік инвестицияларды тарту механизмдері тәжірибеге алынды.

Индустриялық өндірісті дамыту жөніндегі 2015-2019 жылдарға арналған бағдарлама әлсіз және күшті жақтардың талдауына сәйкес, сонымен қатар қаупі мен мүмкіндіктеріне сай жасалған. Зерттеу барысында мынандай кедергілер болды, инвестициялық белсенділіктің жеткіліксіздігі, жоғары білікті мамандардың жетіспеуі, кіші және орта бизнестің жеткіліксіз пайызы, инновацияның жеткіліксіз деңгейі. Барлық осы кедергілер бағдарламаны ресурстық сектордағы шикізаттың сапасын жақсарту, Кедендік Одақ, Қытай, Орталық Азия және Каспий аралық мемлекеттер базарына рұқсат алу мүмкіндіктерінің көмегімен шешуді қарастырады.

Қазақстанның үдемелі индустриалды-инновациялық даму жөніндегі 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламасының тұжырымдамасы «Қазақстан-2050» Стратегиясының ұстанымдары мен міндеттеріне және біздің республикамыздың 30 ең дамыған елдер қатарына кіру бойынша концепцияға сәйкес құралды. Бағдарлама аналогиялық іске асқан алғашқы бесжылдықтың даму бағдарламасының логикалық тиімді іске асыруын жалғастырады. Жаңа бағдарламаның негізгі мақсаты – өңдеу аймағындағы өнеркәсіпті мемлекеттің шешімді ұлғайту және қабілеттілігін жоғарылату.

ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАР ЖОЛ

2016 жылдың 1 қаңтарынан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды. Мемлекетті, экономика мен қоғамды дамыту үшін қағидатты жаңа құқықтық орта қалыптастыратын 59 заң күшіне енді. Бізге тарихымыздағы бұрын-соңды болмаған ауқымдағы ұлттық заңнамаға өзгерістерді бағамдау маңызды. Оның үстіне, олар біздің қазақстандық арманымыз – ХХІ ғасырда көшбасшы отыз ұлттың бірі болуға қол жеткізуімізге жол ашады.

Әр ұрпақтың өз арманы бар, оларда тек жеке және отбасылық игіліктерге ғана ұмтылыс көрініс таппайды.

Оларда қашанда туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, өз халқы мен Отанының бақыты туралы аңсар айқын көрінеді.

Ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтары үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі асыл арман болып келді.

Біз олардың азат және тәуелсіз Отанды аңсаған көп ғасырлық қиялдарын іс жүзіне асырдық.

Біз, қазіргі қазақстандықтар үшін Тәуелсіздік көпэтносты қоғамымыздың нақты жоғары өмірлік құндылығына айналды.

Біз осыдан бар-жоғы ширек ғасыр бұрын ғана барлық ақыл-ойымыз бен жүрегімізді баурап алған көптеген ой-ниеттерімізге қол жеткіздік.

Біз Қазақстан Республикасының егемендігі Конституция мен заңдардың берік арқауы мен халық мүддесіне қызмет ететін мемлекеттік аппараттың кәсіби және негізді іс-қимылына арқа сүйеуін қамтамасыз еттік.

Оны Қазақстан экономикасының нақты табыстарымен, ұлттық байлықтың және халық игілігінің өсімімен нығая түсетін еттік.

Тәуелсіздігіміздің жоғары халықаралық беделмен және ұлттық қауіпсіздіктің тиімді жүйесімен сенімді қорғалуын қамтамасыз еттік.

Біз өз жеріміз бен оның байлығының ұқыпты иесі болуға үйренудеміз, жаңа технологияларды меңгеріп, тарихымызда ешқашан болып көрмеген өндірістік қуаттар мен экономиканың тұтас салаларын іске қосудамыз.

Және ең бастысы – біз жаңаша армандауды, Тәуелсіз Қазақстанымыз бір бөлшегі болып отырған жаһандық әлемдегі қиындықтарға қарамастан, ел мен қоғамды дамытуда нақты міндеттер қоюды және оларды шешуді үйрендік.

Жаңа қазақстандық арман

Біз Тәуелсіздіктің 25-ші жылдығына жаңа қазақстандық арманмен аяқ бастық, оның басты мақсаты жүзеге асырылып жатқан «2050» Стратегиясымен бара-бар.

ХХІ ғасырдың ортасына қарай біз Қазақстанның әлемдегі аса дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуына қол жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Бұл 2015 жылдың сәуірінде өтіп, қазақстандықтардың абсолютті көпшілігі қолдау көрсеткен кезектен тыс президенттік сайлау барысында пайда болған бүкілхалықтық арманға айналды.

Шын мәнінде, осы бүкілхалықтық сенім кепілі біздің Болашағы Біртұтас Ұлт туындауындағы тарихи акт болды.

Біз өзіміздің жаңа арманымызға қарай жақындауды Бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын жасаудан бастадық.

Осы жаңғыртуларға шешуші рөл беріліп отыр. Олар Қазақстанды, оның экономикасын, мемлекет пен қоғамды өзгертетін тарихи міндеттер кешенін шешуге даңғыл жол салады.

Олар планетадағы аса дамыған мемлекеттерді біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарына сәйкес келетін елді дамыту, экономикалық өсім мен барлық қазақстандықтардың өмірін жақсарту үшін жаңа лайықты жағдайлар қалыптастырады.

Біздің Қазақстанымыз серпіндірек, лайықтырақ, сенімдірек және дәулеттірек болады.

2015 жылдың бірнеше айының ішінде ғана Бес институттық реформаның басталуын заңнамалық және ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету бойынша орасан зор жұмыс атқарылды.

Бұл жұмыс менің Жарлығым бойынша құрылған Жаңғыртулар жөніндегі ұлттық комиссияның басшылығымен жүргізілді.

Мен бірқатар кеңес өткізіп, сарапшылармен, саясаткерлермен, бизнес және қаржы ұйымдарының басшыларымен әңгімелестім.

Халықаралық сапарларым мен кездесулерім шеңберінде мен өзімнің әріптестеріммен – өзге елдердің мемлекет және үкімет басшыларымен талай рет кеңестім.

Тұтастай алғанда, менің Қазақстанды тереңдете жаңғырту жөніндегі ой-ниетіме барлық тараптан жан-жақты қолдау көрсетілді.

Әлеуметтік сауалдамалар да Ұлт жоспарының барлық бес реформасына тұрақты жоғары қолдау көрсетіліп келе жатқанын айғақтап беріп отыр. Қазақстандықтар реформалардың уақтылы және көкейкесті екенімен бірауыздан келіседі.

Қазірдің өзінде барлық қажетті заңдар қабылданды және заңдық күшіне енді.

Парламент пен Үкімет жұмысының үйлесімділігін ерекше атап өткім келеді. Өте қысқа мерзімде жүзеге асырылған заңнамалық жұмыстардың осындай қарқыны мен сапасы бұған дейін Қазақстанда болып көрген емес.

Бұл – біздің парламенттік моделіміздің және мемлекеттік биліктің өкілетті және атқарушы тармақтарының өзара іс-қимыл жүйесінің жоғары тиімділігінің айғағы.

Ұлт жоспарын орындау бойынша практикалық жұмыстар жаңа мүмкіндіктер мен әлемдік дамудағы ықтимал тәуекелдерді есепке ала отырып, өзгермелі жаһандық жағдайларға толық сәйкес түзіліп жатқанын көру маңызды.

Бұл туралы менің 2015 жылдың 30 қарашасындағы Қазақстан халқына Жолдауымда егжей-тегжейлі баян етілген.

Бес институттық реформа Қазақстан экономикасы жаһандық экономикалық қиындықтардың күшті ықпалын сезініп отырған қазіргі кезеңде ерекше маңызды.

Біз оларды экономикалық өсімнің сенімді қарқынын қалпына келтіру мен бүкіл халыққа берік әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің дағдарысқа қарсы кең ауқымды шараларының басты құрамдасы ретінде қарастырамыз.

Қазақстанның дамудың жоғары әлемдік стандарттарына қол жеткізуіне ықпал ететін жаңа қазақстандық заңнамалар қазірдің өзінде жұмыс істей бастады.

Сондықтан қазір қазақстандықтардың олар туралы тек біліп қана қоймай, сондай-ақ, олардың практикалық өмірде, экономикалық қызметте немесе қоғамдық қатынастарда беретін жаңа мүмкіндіктерін қолданулары маңызды.

Баршаның бойында құқықтық жаңалықтар негізінде мемлекеттік басқару мен құқық тәртібінің жүйесі қалай ауысатыны жайында барынша толық түсінік болуы тиіс. Жаңа жағдайларда бизнесті қалай дамытуға немесе мемлекеттік емес сектордың қызметін қандай перспективалы бағыттарда белсенді етуге болады деген сияқты.

Осының бәрі, тұтастай алғанда, тұрғындардың бәрінің экономикалық және азаматтық белсенділіктерін арттыруға қуатты серпін беретін болады.

Осының арқасында біз өзіміздің қазақстандық арманымызға қарай секіріс жасап, ХХІ ғасырдың ортасындағы басты мақсатымызға жақындай түсетін боламыз.

Бес реформаның әрқайсысы бойынша іс-қимылдың жол картасы жасалған және біз оларды дәйектілікпен жүзеге асырамыз.

Мемлекетті кәсібилендіру

Біздің бірінші реформамыз «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заң негізінде мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметтің реформасын біз алғашқы заңнамалық акт – Президенттің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» заң күші бар Жарлығы қабылдануының 20 жылдығы тұсында жүзеге асыра бастауымыздың нышандық мәні бар.

1995 жылдың желтоқсанында бұл құжат тек Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ, бүкіл ТМД кеңістігі үшін инновация болғанын атап өту маңызды.

Біз барлық посткеңестік елдердің ішінде алғаш болып мемлекеттік қызметшілердің жаңа кадрлық корпусын конкурс және меритократия қағидаттары арқылы қалыптастыруға кірістік.

Қазір қазақстандық мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңі бастау алды.

Менің Жарлығыммен Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлік, оның құрылымында – Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұлттық бюросы құрылды.

Осылайша, тек мемлекеттік қызмет жүйесі ғана емес, сондай-ақ, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл танытатын, яғни жемқорлық көріністерінің барынша алдын алуға бағдарланған жүйе де жаңғыртылып отыр.

Бұл жерде жемқорлықпен күрестің өзі барынша дәйекті бола түседі және жүйелі сипатқа ие болады.

Міне, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы жаңа заң осындай ұстанымдарға негізделсе, оның өзі халықаралық стандарттарға бағдарланған және жаңа жылдан бастап күшіне енді.

Жемқорлыққа қарсы жаңа заңнамамен өзара байланыста және сонымен қатарласа қабылданған мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң мемлекеттік қызметтің жаңартылған моделінің негізгі шеңберлерін және мемлекетті басқарудың барлық жүйесінің тиімділігін күшейту бойынша одан арғы іс-қимылдардың рет-тәртібін айқындайды.

Біріншіден, әкімшілік мемлекеттік қызметшінің мансабы оның біліктілігі және жинақтаған тәжірибесі есепке алына отырып құралады.

Мансаптық сатының әр баспалдағында ол өзінің кәсіби жарамдылығын дәлелдеп отыруға тиіс болады.

Жаңа заңға бірқатар қағидатты нормалар енгізілген.

Мемлекеттік қызметке орналасу тек кешенді іріктеу мен жұмысты тек төменгі лауазымдардан бастаудың нәтижелері бойынша мүмкін болады.

Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік қызметшінің мансаптық ілгерілеуінің басты шарты болады және мұнда да тек конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, жекелеген мемлекеттік қызметшілер ротацияларының мүмкіндігі көлбеуінен және тігінен оларды қызметтік баспанамен қамтамасыз ете отырып қарастырылған.

Екіншіден, мемлекеттік қызметке ашық конкурс арқылы және Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның шешімі бойынша келісімшарттық негізде мемлекеттік емес сектордағы басқарушылар қатарынан азаматтар және шетелдік менеджерлер тартыла алады.

Үшіншіден, мемлекеттік қызметшіге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі оның біліктілігі мен атқаратын жұмысының сипатына, көлемі мен нәтижесіне байланысты заң тұрғысынан бекітіледі. Аса нәтижелі қызмет үшін бонустар төлеу қарастырылған.

Мұндай жүйені 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізу жоспарланып отыр.

Бұл жерде 2016 жылы бүгінде «Б» корпусына кіретін мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы жоғарылайтынын айта кету керек.

Төртіншіден, заңда саяси мемлекеттік қызметшілер ауысқан кезде мемлекеттік аппараттың автономдығы мен тұрақтылығы қағидаты нақты жазылған.

Министрлер мен орталық атқарушы органдардың жауапты хатшыларының өкілеттіктері егжей-тегжейлі дәлдеп ажыратылған.

Бесіншіден, шенеуніктер ортасында этикалық нормаларды бұзуға әкелетін және жемқорлық құбылыстар туындататын жағдайлардың алдын алу бойынша қатаң шаралар қарастырылған.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрысының қалыптары регламенттелген Мемлекеттік қызметшілердің жаңа этикалық кодексі жасалды.

Сондай-ақ, жаңа институт – этика бойынша өкілетті өкілдер институтын құру көзделіп отыр. Олар азаматтар мен мемлекеттік қызметшілерге кеңес беріп, олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін болады.

Алтыншыдан, мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңның маңызды қыры оның арқаулық нормаларының құқық қорғау органдарына да қатысты болатынымен байланысты.

Бұл жерде құқық қорғау органдарындағы қызметтің ерекшелігі қолданыстағы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңда ескерілген.

Жетіншіден, жаңа заң негізінде және еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілгеннен кейін «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін жаңа біліктілік талаптарына сәйкестігі бойынша кешенді аттестаттаудан өткізу жоспарланған.

Аттестаттау кезеңінде мемлекеттік қызметке орналасуға конкурстар өткізуге мораторий жарияланатын болады.

Қызметшілердің біліктілігін 3 жылда бір реттен кем болмайтындай етіп міндетті арттырып отыру заң тұрғысынан бекітіледі.

Тұтастай алғанда, мемлекеттік қызметті жаңғыртудың негізгі қырлары осындай.

Мен оны Қазақстандағы барлық жаңғырту үдерісі ой-ниеті табысының шешуші тетігі ретінде қарастырамын.

Құқық тәртібі және заңдылық

Екінші реформаның мәні тәуелсіз сот төрелігі мен Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінің тек қана азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, заңдарды қатаң орындауға және құқық тәртібін нығайтуға бағытталуы тиістігінде.

Оны заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету аясында жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексі мен жаңа «Жоғары Сот Кеңесі туралы» Заң қабылданды. «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қылмыстық-іс жүргізу кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қажетті өзгерістер енгізілді.

Бәрінен бұрын, жаңартылған заңнамалар қоғамның сот жүйесіне сенімін арттыруға ықпал ететін болады. Әділдік нақ сотта салтанат құратыны белгілі.

Қазақстан соттарын реформалаудағы темірқазық мәселе – сапалы судьялар корпусын жасақтау.

Судьялыққа кандидаттарды іріктеудің қатаң тетігі мен оларға қойылатын жоғары біліктілік талаптары заң тұрғысынан қарастырылған.

Сот төрелігін үлкен өмірлік тәжірибесі бар және жоғары моральдық ұстанымдарға ие ең лайықты әрі барынша дайындалған кәсіби шеберлер жүзеге асырулары тиіс.

Судьяларды іріктеу мен тағайындау үдерістері қоғам үшін мөлдір және ашық болады.

Осымен байланысты өзінің аппараты бар, құрамы мен өкілеттілігі кеңейтілген автономды мемлекеттік мекемеге айналатын Жоғары Сот Кеңесі түбегейлі реформаланды.

Сот реформасының маңызды қыры – сот төрелігінің бес сатылы жүйесінен үш буынды жүйесіне өту.

Тек бірінші, апелляциялық және кассациялық инстанциялар қалады. Бұл жерде көп іс қаралатын бірінші және апелляциялық инстанциялар соттарының рөлдері айтарлықтай күшейтілетін болады. Мұндай қадам соттық әуре-сарсанның алдын алып, сот шешімін қабылдаудың мерзімін қысқартады.

Қазақстандағы сот төрелігі азаматтардың жеке өмірінің құпиялығына кепіл құқын есепке ала келгенде барынша ашық бола түседі.

Сот залдары сот істерін аудио және видеожазудың аппаратураларымен жарақтандырылады және жазбаларды қандай да бір тоқтатуға немесе редакциялауға мүмкіндік берілмейді.

Бұл судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақырады, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Сот жүйесін реформалау шеңберінде бірқатар институттық шешімдер жұмыс істей бастайды.

Біріншіден, Жоғарғы Сот жанындағы Сот жюриі түбегейлі қайта құрылады.

Сот жюриі азаматтардың судьялардың іс-әрекетіне және судьялық корпус өкілдерінің қабылданады деп күтіліп отырған Этикалық кодексті бұзу жағдайларына байланысты арыз-шағымдарын қарайтын болады.

Екіншіден, Жоғарғы Сот жанынан дауларды, оның ішінде, ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін мамандандырылған алқа құрылатын болады.

Оның шеңберінде шетел инвесторларының құқын өздерінде туындаған құқықтық даулар бойынша сапалы әрі әділ шешу жүзеге асырылады.

Үшіншіден, қылмыстық іс жүргізу шеңберінде соттарда, оның ішінде сотқа дейінгі кезеңде, айыптау мен қорғау арасында теңгерім қамтамасыз етілетін болуы тиіс.

Бұған адамның конституциялық құқы мен бостандығын шектейтін тергеу судьясының барлық тергеу әрекетін санкциялау бойынша өкілеттіліктерін одан әрі қарай кеңейту есебінен қол жеткізілетін болады.

Төртіншіден, қазақстандық соттардың төрағалары – құқы тендердің ішіндегі жолы кеңдері екенін ұмытпау маңызды.

Сондықтан олардың тарапынан басқа судьялар қабылдайтын шешімге ықпал ету мүмкіндігі мүлдем болмайды.

Бесіншіден, мемлекеттік сот орындаушыларын кезең-кезеңімен қысқарту арқылы жеке сот орындаушыларының институты одан әрі дамытылады.

Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтатын шаралардың маңызы ерекше.

Менің тапсырмам бойынша бүгінде құрметті зейнетке шыққан судьяларды зейнетақылық қамтамасыз ету бойынша барлық мәселелерін шешуді қарастыратын заң қабылданғаны белгілі. Бұл судьяларға бар күш-жігерін сот төрелігін барынша объективті атқаруға аудару мүмкіндігін береді.

Бұдан бөлек, бізге барлық құқық қорғау органдарының және бәрінен бұрын полицияның адамдардың мүддесі мен құқықтық тәртіпті нығайту қызметінде тұруына қол жеткізуіміз қажет.

Бұл үшін жергілікті биік органдары мен жергілікті қоғамдастықтарға есеп беретін жергілікті полиция қызметі құрылады. Осындай қызмет тұтастай Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше бірқатар елдерде өзін жақсы танытты.

Жергілікті полиция қызметінің қарауына қоғамдық тәртіп күзеті, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен ұсақ құқық бұзушылықтарға атымен төзбеушілік мәселелері беріліп отыр.

Осы жаңалықтар жаңа заңнамада көрініс тапқан. Онда, сондай-ақ, азаматтардың этикалық нормаларды бұзған полициялардың үстінен түсірген арыз-шағымдарын қарайтын қоғамдық кеңестер мен өзге де консультативтік-кеңестік органдар жүйесін құру қарастырылған.

Сондай-ақ, «Қылмыстық құқық бұзушылық картасы» интернет-порталы құрылатын болады. Мұндай тетік әлемнің бірқатар елдерінде табысты қолданылып келеді. Осы веб-ресурсқа елдегі барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар жедел енгізіледі. Бұл жұртшылықтың құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігін бақылауына мүмкіндік береді.

Пенитенциарлық жүйені жақсарту көкейкесті мәселе болып табылады. Бұл жұмыс мемлекеттік-жекеменшік әріптестігін дамыту шеңберінде жүргізілуі тиіс.

Шетелдердің табысты тәжірибелері жеке секторды пенитенциарлық мекемелерді салу мен пайдалануға тарту жөніндегі шараларды жүзеге асырудың негізі болуы тиіс.

Сондай-ақ, бұған дейін заңнан аттап, сонысы үшін жазасын өтеген адамдарға көмек көрсету мен ықпал ету маңызды.

Бұл үшін әлеуметтік оңалту кешенді дамытылып, жазасын өтеп жатқан азаматтар үшін арнайы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары енгізілетін болады.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда құқықтық мемлекеттің орнықтырылуы – біртұтас жаңғырту үдерісі аясында шешіліп жатқан біздің конституциялық міндетіміз. Белгіленген шаралар мен қадамдарды жүзеге асыру азаматтардың, сондай-ақ, шетел инвесторларының ұлттық сот және құқық қорғау жүйесіне сенімін арттырып, тұтастай алғанда, еліміздегі бизнес-ахуалды жақсартады.

Бюрократтық шығынсыз экономикаға қадам басу

Ауқымды жұмыс үшінші реформаторлық бағытқа – индустрияландыру мен экономикалық өсімді қамтамасыз ету бойынша жаңғыртулар кешенімен байланысты.

Біздің ұзақ мерзімді ұстанымымыз экономика қызметіндегі транзакциялық шығындарды ұдайы қысқарту болуы тиіс.

Олардың көлемі, ең алдымен, мемлекеттік институттардың қалай жұмыс істейтініне байланысты.

Салықтық және кедендік әкімшілік жүргізуді жақсартуға бағытталған шаралар зор маңызға ие болады.

Біріншіден, бұл арада әңгіме салықтық және кедендік жүйелерді кіріктіру туралы болып отыр.

Бірте-бірте электронды пішімге көшірілетін тауарлы-көліктік жүкқұжат бақылауы енгізіледі. Сондай-ақ, құжаттардың сәйкестендірілуі пішіні негізінде салықтық және кедендік тексерулер ресімі оңтайландырылады.

Тексерулерге шағым беру ресімі біртұтастандырылады.

Екіншіден, табыс пен мүлікті жалпыға ортақ декларациялауға кезең-кезеңімен көшу қарастырылады.

2017 жылы декларацияларды мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, ұлттық компаниялардың қызметкерлері – бұл шамамен 1,7 миллион адам – ұсынатын болады. 2020 жылдан бастап жалпыға ортақ декларациялаумен барлық жеке тұлғалар қамтылады.

Үшіншіден, салықтық әкімшілік жүргізуді оңайлату мақсатында қосымша құн салығының орнына сатуға салық енгізудің орындылығы мәселесі қарастырылып жатыр.

Төртіншіден, қолданыстағы салықтық режимдерді оңтайландыру жоспарланып отыр, онда 2017 жылдан салықтық кірістер мен шығыстардың есебі міндетті түрде енгізілетін болады. Бұл көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, табысты жұмыс істеп тұрған экономиканың маңызды қағидаты мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауы, оны қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету болып

табылады. Бұл жайлар бизнестің оңалтылуы мен банкроттығының жаңғыртылған құқықтық қырлары бар Кәсіпкерлік кодексінде көрініс тапқан.

Бизнесті қорғау мен кәсіпкерлерге құқықтық көмек көрсетудің орталық тетігі болуы тиіс бизнес-омбудсмен институты нығайып келеді. Оның қызметінің заңнамалық негізі де Кәсіпкерлік кодексінде бекітілген.

Бұдан бөлек, онда мемлекеттік монополияға қарсы қызметтің құқықтық шеңберлері ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес егжей-тегжейлі баян етілген.

Жаңартылған монополияға қарсы қызмет еркін бәсекелестікті жан-жақты дамытуға бағдарлануы тиіс.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап доминанттар тізілімі тек реттелетін рынок бойынша жүргізіледі, ал 2017 жылдан бастап толықтай алынып тасталады.

Тиісті тауарлы рыноктарға субъектілердің үлесін ұлғайтуға мұндай іс-қимылдар бәсекелестікті шектеу белгісі болмаған кезде ғана жол берілетін болады.

2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап бағалық реттеу алынып тасталады, оның орнына тек монополияға қарсы реттеу мен бақылау құралдары ғана пайдаланылады.

Монополияға қарсы қызмет жанынан жаңа институт – монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтар қорытындылары бойынша қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен мөлдірлігін қамтамасыз ететін келісім комиссиясы құрылатын болады.

Мемлекеттің кәсіпкерлікпен өзара іс-қимылы мен әріптестігінің жаңа қағидаттары Мемлекеттік сатып алулар туралы Заңның жаңартылған редакциясында көрініс тапқан.

Олар өнімді сату үшін ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасу арқылы тікелей инвестициялар тартуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл, сондай-ақ, Қазақстанда жаңа жоғары технологиялы өндірістер құруға қызмет ететін болады.

Фермерлік пен бүкіл аграрлық секторды дамыту үшін айтарлықтай ынталандырушы күш Жер кодексіне енгізілген өзгерістер болды.

Жаңа құқықтық нормалар жұмыс істеп тұрған 224 мыңнан астам агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне олар жалға алған 97,4 млн. га жерді жекеменшікке алуға мүмкіндік береді. Оның үстіне, кадастрлық құнының 50 %-ы көлемінде 10 жыл мерзімге бөліп-бөліп төлеу қарастырылған.

Бұдан бөлек, 102 млн. гектар запас жердің ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған 85,3 млн. гектарын да Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары жекеменшікке аукцион арқылы сатып ала алады.

Мүлікті заңдастыру мерзімі 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды. Мүлік пен ақшаны заңды айналымға қайтару үшін қосымша

ынталандыру шаралары қабылданды. Құпиялылықты сақтауға, сондай-ақ, Қылмыстық және әкімшілік қудалаудан қорғауға кепілдік беріліп отыр.

Бұл капитал ағынын ұлғайтып, көлеңкелі экономика деңгейін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Заңды тұлғалардың оңалтылуы мен банкроттығы ресімдері заңнамалық деңгейде нақты және түсінікті бекітілген.

Компаниялардың банкроттығы, әлемдік тәжірибеге сәйкес, кәсіпорындардың жұмысшыларын қысқарту арқылы тоқтап қалуына алып келмеуі тиіс.

Өндірістің өміршеңдігі мен жұмыс орындарын сақтау үшін төлеуге қабілетсіздікті сотқа дейінгі тәртіпте реттеудің жаңа тетігі жасалды. Ол борышкер мен кредиторға кәсіпорынды қаржылық сауықтыру мақсатында қайта құрылымдау мәселелерін бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Инвесторлар өздерінің шығындарын азайтуға, қалпына келтіруге мүмкіндік алады.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді белсенді ете түсу үшін жекешелендіруден, активтерді әділ нарық бағасы бойынша сатудан, сондай-ақ, қазақстандық және шетелдік инвесторларға жекешелендіруге барынша қатысуға жағдай жасау үшін шектеулерді алып тастауға мүмкіндік беретін заңнамалық өзгерістер қабылданды.

Жекешелендірудің шешуші тетігі акцияларды қор рыноктарына ашық аукциондар арқылы орналастыру болады.

2016 жылдың I тоқсанында мүліктен айыруға жататын нысандардың тізімі қысқартылып, барлық акционерлердің квазимемлекеттік секторда иеліктен шығарылған активтерін сатып алуға басым құқықтарын алып тастауды қарастыратын заң жобасы жасалатын болады.

Жаңа тетіктерді есепке ала отырып Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру басталды.

Осы құжат шеңберінде бәсекелесті ортаға «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» АҚ пен «ҚазАгро» АҚ-тың мемлекеттік меншіктегі аса ірі 65 компаниясы, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың құрамына кіретін 173 еншілес және тәуелді ұйымдары берілетін болады.

Сондай-ақ, 545 ұйымнан тұратын Жекешелендіру нысандарының қолданыстағы тізіміне өзекті сипат беріледі.

2016-2018 жылдары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ пен «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ активтерінің бір бөлігі бәсекелесті ортаға өткеннен кейін олар ықшам холдингтерге қайта құрылатын болады.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен квазимемлекеттік сектор активтерін беру отандық кәсіпкерлікті, жеке бизнесті одан әрі нығайту мен дамыту үшін жүргізіліп отыр.

Жекешелендірудің кешенді жоспарын жүзеге асыру шағын және орта бизнесті дамытуға жаңа серпін береді.

Пайдасын ұлғайтуға мүдделі жеке бизнес қызмет көрсету ауқымын кеңейтіп, өнімінің сапасын жоғарылатады, бәсекелестік өсетін болады, демек – ұсынылатын қызметтің бағасы төмендейді.

Аграрлық секторда әкімшілік кедергілер қысқарады.

Қазірдің өзінде аукцион тетігін енгізу жолымен жер қойнауын пайдалану құқығын ұсыну ресімі жеңілдетілді.

Ал болашақта біз іздеуді, бағамдау мен кен орнын игеруді қоса алғанда, геологиялық жұмыстардың барлық түрін жүргізу тәсілін оңайлатуды қарастыратын жер қойнауын пайдаланудың австралиялық моделіне көшеміз.

Экономикалық өсімнің жаңа бастауын қалыптастыру мен қазақстандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда бүгінде «Ұлттық чемпиондар» бағдарламасы маңызды шара болып отыр.

Оған қатысушылар – импорт алмастыруға бағыт ұстанған өндіріс секторының аса перспективалы компаниялары.

32 компания – «ұлттық чемпиондар» 2019-2020 жылдарға қарай ішкі тікелей инвестицияларды шамамен 750 млн. доллар көлемінде өсіруді, шамамен 15 мың жұмыс орнын құруды, еңбек өнімділігін 30-50 %-ға арттыруды және шикізаттық емес экспорт көлемінің өсімін 260 млн. долларға дейін жеткізуді қамтамасыз етеді.

Сыртқы инвестициялардың жаңа көздері

Ұлт жоспарының экономикалық блогына кіретін шаралар біздің экономикамыздың өңдеуші секторына кем дегенде 10 трансұлттық корпорацияны тартуды қарастырады.

«Зәкірлі инвесторлармен» бірлескен кәсіпорындар құру жөніндегі жұмыстармен өңдеуші өнеркәсіптің, инфрақұрылымдардың, энергетиканың және басқа отандық компаниялардың 3 тобы қамтылатын болады.

Бірінші топ – қайта инвестициялау арқылы терең жаңғыртуға жататын кәсіпорындар.

Екінші топ – трансұлттық корпорациялардың әлеуеті пайдаланылатын кәсіпорындар.

Үшінші топ – «зәкірлі инвесторлар» үшін жоғары нарықтық бәсекелі кәсіпорын мен экспорттық брендтердің пайда болуы.

Қазірдің өзінде 26-дан астам ТҰК-пен келіссөз жүргізілсе, олардың бірқатарымен нақты уағдаластыққа қол жеткізу мүмкін болды.

Ұлт жоспарының үшінші бағытының темірқазық мәселесі тәуелсіз сот жүйесі, ағылшын тілін қолдану және инвестициялық резиденттік қағидатын енгізу құқығымен жеке заң құзыреті қағидаты бойынша АСТАНА халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) құру болып табылады.

«Астана» Халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы қабылданып, күшіне енді.

АХҚО қызметінің экономикалық нәтижелері қазақстандық капитал рыногына тікелей шетел инвестицияларының ағыны есебінен жыл сайын орта есеппен ІЖӨ-нің 1 пайызға дейін жеделдете өсуінде көрініс табатын болады.

Мұның сыртында АХҚО шеңберінде 2 мыңнан астам білікті жұмыс орындары құрылады.

Біздің елордамыз Астана Еуразияның іскерлік, мәдени және ғылыми орталығы ретінде дамып, әуежайдың жаңа терминалын қоса алғанда, заманауи халықаралық көліктік-логистикалық жүйеге ие болады.

Инновациялық индустрияландыру көкжиектері

Ұлт жоспарында экономиканың бірқатар перспективалы секторларын дамыту бойынша шаралар қарастырылған.

Бірінші кезекте ол электр энергиясы секторына және энергиялық тиімділіктің өсуіне қатысты.

Бізге 2020 жылға қарай ІЖӨ-нің энергия сыйымдылығын 25 пайызға және ғасырдың ортасына қарай 50 пайызға төмендетуге қол жеткізу керек.

Ол үшін энергия сервистік келісімшарттар тетігі арқылы энергия үнемдеу саласына стратегиялық инвесторларды тарту қажет.

Жеке энергия сервистік компанияларды дамытуды белсенділендірудің, оларды энергия үнемдеу саласына қызметтер кешенін ұсынуға ынталандырудың маңызы зор.

Елдің тұтынушыларын электр энергиясымен сенімді жабдықтау – электр энергетикасының негізгі міндеті.

Электр энергетикасы саласындағы заңнамадағы өзгерістер энергия өндіруші ұйымдарға «бірегей сатып алушы» моделін енгізу арқылы негізгі қорларды жаңғыртуға, қайта құруға, ұлғайтуға және жаңартуға салынған инвестицияларды қайтаруда ұзақ мерзімді кепілдіктер беруді қамтамасыз етуді көздейді.

Энергия мен жабдықтау сенімділігін арттыру және түпкі тұтынушылар үшін электр энергиясы бағасының бақылаусыз өсуінің алдын алу үшін өңірлік электр желілік компаниялар мен электрмен жабдықтаушы ұйымдарды нығайту бойынша жұмыс жүргізіледі.

Ол салаға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызып, электр энергиясының халықаралық ағындарын ішкі тұтынушылар пайдасына қарай реттеуді қамтамасыз етеді, саланы мемлекеттік басқару сапасын арттырады.

Біз ғылымды қажет ететін экономиканы қалыптастыру бойынша жұмыстарды жалғастыра береміз.

Бұл орайда бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялы өндірістердің сыни массасын өсіруге қол жеткізу маңызды.

Қазір Дүниежүзілік банкпен «Технологияларды коммерцияландыру» бағдарламасын бірлесіп жүзеге асыру шеңберінде 65 ғылыми жоба орындалуда.

Зәкірлік ТҰК-терді тарту технологиялық даму орталықтарын құруға мүмкіндік береді.

Индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығының нәтижелері бойынша-ақ бірқатар шешуші көрсеткіштерге қол жеткізілмек.

Бизнестің инновациялық белсенділігі ІЖӨ-нің 20 пайызына дейін, инновациялық өнімдер үлесі 2,5 пайызға дейін артады.

Көлік тасымалдары жүйесі мен транзитті дамыту мақсатында, «Нұрлы жол» Мемлекеттік бағдарламасында қаралғандай, республикалық маңыздағы 7 мың шақырымнан астам автомобиль жолдары қайта жаңғыртылатын болады. Оларда ақы алу жүйесін енгізу жоспарланған.

2022 жылға қарай жол жүруден түскен алымдар шамамен 41 млрд. теңгені құрайтын болады, ал ол республикалық маңыздағы автожолдардың бүкіл жүйесін ұстауға жағдай жасайды.

Қазақстанды халықаралық көліктік-коммуникациялық ағындарға интеграциялау мақсатында мультимодальды «Еуразиялық трансқұрлықтық дәлізін» құру бойынша жоба басталды.

Ол жүктердің Азиядан Еуропаға кедергісіз транзитін қамтамасыз етеді, жүк жеткізу құнын 2 еседен астамға төмендетеді.

Қазақстандық маршруттарға қосымша жүк ағындарын тарту көліктің барлық түрлерімен транзиттік тасымалды 2020 жылы қазіргі 18 млн. тоннадан 33 млн. тоннаға дейін және 2030 жылы 50 млн. тоннаға дейін ұлғайтады.

Контейнерлік тасымалдарды мемлекеттік реттеуден босату таяудағы 5 жылда олардың көлемін 500 мың тоннадан астамға ұлғайтуға жағдай жасайды.

Азаматтық авиация саласында әуе тасымалдары, ең алдымен, отандық тасымалдаушылардың транзиттік әлеуеті мақсатты түрде ұлғайтылатын болады.

Әуе тасымалдарының рентабельділігін арттыру үшін Алматы маңында халықаралық авиациялық хаб құрылады.

Астананың әлемдік деңгейдегі қаржы орталығы ретінде қалыптасуы үшін 2019 жылға дейін Токио, Сингапур және Гонконг сияқты жетекші қаржы орталықтарымен жаңа халықаралық бағыттар ашылатын болады.

Құрылыс саласында құрылыс салушылардың бүкіл рұқсат беру ресімдерін «бір терезе» қағидаты бойынша өту үдерісін реттейтін бірегей нормативтік құжат қабылданады.

Сараптаманың жекелеген түрлері, жұмыстың технологиялық күрделілігіне байланысты, жеке секторға берілетін болады. 2016-2020 жылдары жобалардың 90 пайызға дейінін жекеменшік рынокқа беру жоспарланып отыр.

Сол сияқты құрылыстың сметалық құнын анықтаудың ресурстық әдісіне көшу де жоспарланған, ол құрылыс материалдарының, жұмыс

күшінің және басқа да қызметтердің ағымдағы нарықтық құнын ескеруге жағдай жасайды.

Оның сыртында 2015 жылдың 1 шілдесінен еурокодтарға негізделген жаңа құрылыс нормалары іске қосылған болатын.

Туризм сияқты перспективалы салада негізінен әкімшілік кедергілерді төмендету, жаңа туристік нысандар мен маршруттарды дамыту, көрсетілетін қызмет сапасын арттыру есебінен айтарлықтай өсімге қол жеткізу қарастырылуда.

Әлеуметтік жаңғырту ынталандырушылары

Экономиканың қарқынды дамуы еңбек қатынастарының жаңа түрін қалыптастыру үдерісіне айрықша назарды қажет етеді.

Осы мақсатпен Қазақстан Республикасының жаңа Еңбек кодексі қабылданды.

Ол Халықаралық еңбек ұйымы мен ЭЫДҰ-ның еңбек стандарттарына негізделген.

Еңбек шарты жағдайларын өзгерту ресімдері заңнамалық тұрғыда оңайлатылған, еңбек ұжымдарында өзін-өзі басқару жүйесін енгізу бойынша шаралар, жұмысшылар мен жұмыс берушілердің ұжымдық келіссөздері тетігі қарастырылған.

Білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау салаларын реформалау адам әлеуетінің сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Білім беру саласында мектепке дейін және мектепте білім берудің жаңа үйлестірілген стандарттарын әзірлеу және бекіту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Білім беру үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілетін болады.

Мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы (МИИДБ) жобалары үшін кадрлар даярлау деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылданды.

Тұрғындардың денсаулығын сақтау саласындағы басты міндет – міндетті медициналық сақтандыруды енгізу. Арқаулық медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуде жеке сектордың үлесін ұлғайту есебінен бәсекелестік орта кеңейеді және денсаулық сақтау қызметінің сапасы артады.

Медициналық қызметтің сапасы бойынша бірлескен комиссия құрылатын болады.

Медициналық мекемелерде басқарудың корпоративтік моделін енгізу қарастырылған.

Сол сияқты мұқтаж тұрғындарға оның атаулы сипатын күшейту арқылы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін оңтайландыру жоспарланып отыр.

Мұндай көмек табыстары отбасының әр мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен 50 пайыз төмен отбасыларына көрсетілетін болады. Сонымен бірге көмек алушылар жұмыспен қамтуға ықпал ету

және әлеуметтік бейімделу бағдарламаларына міндетті түрде қатысатыны туралы әлеуметтік келісімшарт бекітеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің мұндай түрлері мен қағидаттары 2018 жылдан бастап енгізіледі.

Бүтіндей алғанда, жаңа әлеуметтік саясаттың аса маңызды қыры адам әлеуетін дамытуға инвестициялардың біртіндеп өсіп отыруына байланысты болмақ.

Бізге Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын табанды түрде өмірге енгізу қажет.

Қаржыландыру көлемін арттыра отырып, Жұмыспен қамтудың жол картасы өзекті етіле түседі. Оның бағдарламаларына қатысу еңбекке қабілетті халыққа қысқа мерзімді қайта даярлау курстарынан өтуге, өзінің біліктілігін арттыруға, шағын несие алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Жаһандық дағдарыстың ағымдағы ықпалына байланысты объективті қиындықтарды еңсеруге жағдай жасайды.

2017 жылы «Барша үшін тегін кәсіптік-техникалық білім» жаңа жобасын жүзеге асыру басталады.

Оған қатысу, әсіресе, жас қазақстандықтарға олардың өмірлерінде кәдеге асатын арқаулық еңбек дағдыларын алуға жағдай жасайды.

Реформалар табысы – ұлт бірлігіне бастар жол

Қазақстан Тәуелсіздігінің ширек ғасыры топтасқан халықтың ғана дамудың таңғажайып шыңдарына жете алатынын көрсетіп берді.

Біздің еліміз өзінің табысты даму моделімен тұрақтылықтың, бейбітшілік пен келісімнің қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Қазіргі заманғы әлемде барлық дамыған мемлекеттер – біртұтас ұлттар.

Олар бірыңғай экономикалық, саяси және мәдени рет-тәртіппен өмір сүреді, оларды дамудың ортақ мақсаттары, жеке адамның табысы мемлекеттің қуатымен және табыстылығымен ажырағысыз байланысты екендігіне деген бірегей түсінік біріктіреді.

Бүгінде әлемнің барлық дамыған елдері өздерінің жаңғыртушы жобаларын бұрыннан қалыптасқан біртектілік негізінде жүзеге асырады. Қазақстанға келер болсақ, біз де осы жолға түстік.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, біртектілік пен біртұтастық саласында әмбебап стандарттар мен ұсынымдамалар жоқ. Әлемде бірде-бір ел осы саладағы сын-қатерлерге дайын рецепттерге, модельдер мен жауаптарға ие емес.

Әлемде әлі ешкім де өмірдің осы саласын өлшеуге қабілетті қандай да бір жалпыға ортақ біртектілік пен біртұтастық индексын немесе формуласын ойлап тапқан жоқ.

Сонымен бірге, біздің біртектілік пен ұлт бірлігі саласындағы жұмыстарымыздың түпкі мақсаттары – немесе технократтық түрде бейнелегенде – күтілетін нәтижелер – ЭЫДҰ елдерімен ортақ.

Біздің жолымыз – ол бірлік жолы және азаматтық біртектілік негізінде ұлтты дәйектілікпен қалыптастыру жолы.

Қазақстандықтардың азаматтық біртектілігі мен біртұтастығын нығайтуға бағытталған төртінші реформаның мәні де дәл осында.

Бізде қазірдің өзінде екі негіз бар, оларды дамыта отырып, біз өзіміздің Болашағы Біртұтас Ұлтты дәйекті түрде нығайта беретін боламыз.

Біріншіден, ол – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Оның миссиясы – бізді этносаралық бейбітшілік пен келісімнің мызғымастығына бастайтын жол.

Ғылым жер бетіндегі әрбір этнос кем дегенде бір айрықша сапаға ие дегенді айтады.

Біздің өміріміз қазақстандық 100 этностың 100-ден кем емес, айрықша және қайталанбас ерекшеліктері бар екенін көрсетіп отыр. Олардың бәрі жиналып келгенде біздің Біртұтас Ұлтымызға тамаша артықшылықтар береді.

Көпэтностық – біздің ортақ ұлы қазынамыз! Міне, 20 жылдан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы осы байлықтың басты сақтаушысы миссиясын табысты атқарып келеді.

Ассамблея – біздің қазақстандық біртектіліктің негізі де осы.

Екіншіден, біз Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясына ие болдық.

«ЕЛ» сөзінде үлкен біріктіруші күш бар, өйткені, барлық уақыттарда да туған жер қазақстандықтар үшін ең жақын және өзіне тартушы құндылық болған және болып қала береді.

Мәңгілік Ел идеясында болашаққа деген жалпыхалықтық сенім айнадағыдай көрініс тапқан.

Жасампаз қазақстандық патриотизмнің осынау негізін біз өзіміздің ұлы істерімізбен қалыптастырдық.

Оны нығайтып және көбейтіп қана қоймай, сонымен бірге, ұрпақтан ұрпаққа, дәуірден дәуірге ұластырып отыру керек.

Мәңгілік Ел Патриоттық актісінің тарихи және рухани күші де осыдан танылуы тиіс.

Біз біртұтас азаматтық, Мәңгілік Ел жалпыұлттық құндылықтары қағидатында, Тәуелсіздік жылдары ішіндегі біздің жетістіктерімізді жұмылдыру, сондай-ақ, үш тұғырлы тіл мәдениетін енгізу негізінде Қазақстан қоғамын дамыту арқылы ортақ біртектілік пен ел бірлігін нығайтуды мақсат етудеміз.

Біздің күретамырлық басымдықтарымыз да осы.

Осы бағыттар бойынша жұмысты жалғастыру үшін, сөз жоқ, ЭЫДҰ елдерінің тетіктер жүйесі пайдаланылады.

Олар қазақстандық ерекшелікті ескере отырып, ең алдымен, мәдениет пен білім беру саласын жаңғырту үшін, жастарды әлеуметтендіру және патриоттық тәрбие беру үшін бейімделген.

Сонымен бірге, мемлекет құрудың жаңа белесінде ұлт біртектілігі мен біртұтастығын нығайтудағы біздің стратегиямызда қағидатты маңызды сәт бар.

Біртектілік пен біртұтастық бойынша бүкіл жұмысты біз Қазақстан халқы Ассамблеясы айналасында түзетін боламыз. Ол шешуші қағидат.

ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі біртектілік пен біртұтастықтың тек нақты факторларға – меритократияға, кәсіби мемлекеттік аппараттың тиімді жұмысына, заңның үстемдігін қамтамасыз етуге, экономикалық өсімге, есеп беретін мемлекеттің транспарентті жұмысына ғана арқа сүйей алатынын көрсетіп отыр.

Басқаша айтқанда, Ұлт жоспарының барлық 100 қадамының табысты нәтижелеріне арқа сүйейтін болады.

Біртектілік пен халықтың бірлігі негізінде біртектілікті нығайту үшін институттық негіз құру мақсатында заңдар, Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары, Мемлекеттік хатшы өкімдері пішімінде бірқатар құжаттар әзірленді.

Ұлт жоспарының төртінші бағытын жүзеге асыруды заңнамалық қамтамасыз ету үшін Парламент Қазақстан халқы Ассамблеясы, мемлекеттік рәміздер, мәдениет және тарихи-мәдени мұралар, туризм, үкіметтік емес ұйымдар қызметі мәселелері туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Сондай-ақ, Қайырымдылық, демеушілік және меценаттық қызмет туралы жаңа Заң қабылданды.

Үш жаңа Тұжырымдама әзірленді – біртектілік пен біртұтастықты нығайту және дамыту, Қазақстан халқы Ассамблеясын 2025 жылға дейін дамыту, дене тәрбиесі мен спортты 2025 жылға дейін дамыту.

Мәдени саясат тұжырымдамасына, мемлекеттік даму және тілдердің жұмыс істеуі, білім беру бағдарламасына маңызды өзгертулер енгізілді.

Оның сыртында Туристік саланы дамыту тұжырымдамасы, 2020 жылға дейін үш тілді білім беруді дамытудың жол картасы әзірленді.

Үкімет Қазақстанның ұлттық брендин ілгерілету бойынша іс-қимылдар жоспарын бекітеді.

Қазақстандық музейлерді және мемлекеттік рәміздерді пайдалану жүйесін жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Дербес Іс-қимылдар жоспарын жүзеге асыру шеңберінде мемлекеттің ҰЕҰ-лармен өзара іс-қимылын нығайту үлкен маңызға ие.

Бірегей Ұлттық мерекелер күнтізбесін құру бойынша жұмыс жоспары да өзекті.

Қазақстандық БАҚ-тарды жаңғырту, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын ілгерілету, бірқатар мәдени-білім беру және ақпараттық жобаларды жүзеге асыру жоспарлары жүзеге асырылатын болады.

Қазақстандық біртектілік – мемлекеттің, қоғамның, жекелей алғанда, әрбір азаматтың табысының біртектілігі екенін ерекше атап көрсеткім келеді.

Қоғамға есеп беретін ашық мемлекет

Транспарентті және есеп беретін мемлекет қалыптастыруға бағытталған бесінші реформа шеңберінде бірнеше түйінді міндеттерді шешуге тура келеді.

Біріншіден, «Үкімет азаматтар үшін» Мемлекеттік корпорациясы құрылатын болады.

Бұл жаңа құрылымға қазір жұмыс істеп тұрған «Халыққа қызмет көрсету орталығы», «Жылжымайтын мүлік орталығы», «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы», «Зейнетақылар төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» республикалық мемлекеттік кәсіпорындары біріктіріледі.

Азаматтар мемлекеттік қызмет көрсетудің ортақ провайдеріне ғана өтініш береді.

Бұл оларды ұсынудың мөлдірлігін қамтамасыз етіп, қажетсіз әкімшілік кедергілерді және сұрау салынатын құжаттар тізімін қысқартады.

Қызмет көрсететін мемлекеттік органдар корпорацияға өз өкілеттіктері шеңберінде барынша ықпал жасап, сондай-ақ, бүкіл мемлекеттік қызмет көрсетулердің 2017 жылдың соңына дейін берілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына Үкімет өкілі жаңа Корпорация болып табылатын ортақ Провайдер, сондай-ақ, ҮЕҰ құратын арнаулы қоғамдық кеңес бақылау жасайтын болады.

Екіншіден, мемлекеттік басқарудың бүкіл жүйесі нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағдар ұстанады.

Ол үшін жыл сайын Үкімет, министрлер, әкімдер үшін және осылайша мемлекеттік органның әрбір құрылымдық бөлімшелеріне дейін мақсатты индикаторлар қабылданатын болады. Барлық мемлекеттік қызметшілер өздерінің басшылығы бекіткен жеке жоспарлар бойынша жұмыс істейді.

Мансаптық дәреже, олардың біліктілігі, атқаратын функциясы және оған бекітілген өкілеттіктер негізінде мемлекеттік қызметшілердің ағымдағы тапсырмаларды орындау жүйесін жеңілдету де маңызды.

Үшіншіден, сапалы жоспарлауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік статистиканың анықтығын қамтамасыз ету қажет.

Сондықтан сапалы статистикалық мәліметтер беруде респонденттер мен әкімшілік көздерінің жауапкершілігін арттыру маңызды.

Осы жайлардың бәрі нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында ескерілген.

Төртіншіден, менің тапсырмам бойынша мемлекеттік органдардың бағдарламалық құжаттарына ревизия және оңтайландыру жүргізілді.

Бұдан әрі де барлық деңгейлердегі бағдарламаларды жоспарлауда, әзірлеуде және жүзеге асыруда ЭЫДҰ ұсынымдамаларына негізделген 5 шешуші қағидат – негізділік, сабақтастық, транспаренттілік, мониторинг және бақылауды нақты сақтау қажет.

Аумақтарды дамыту бағдарламалары да осы тұрғыда қайта пішімделуі тиіс.

Барлық жаңа мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды Премьер-Министр басқаратын консультативтік-кеңес беруші орган қарауы керек.

Бесіншіден, Бюджет кодексіне өзгерістер мен толықтырулар қабылданды.

Мемлекеттік органдарға түпкі нәтижелерге қол жеткізу үшін бюджет қаржыларын шұғыл түрде қайта бөлу құқы берілді.

Құрылым және штат саны бойынша шешімдер қабылдауда олардың өкілеттіктері кеңейтілді, ол білікті мамандар тарту үшін маңызды.

Алтыншыдан, мемлекеттік басқару органдарының жұмысына баға берудің жаңа жүйесі сыртқы тәуелсіз аудиттің міндеттілігі, жариялылығы жұртшылықпен кері байланыс, басшылардың дербес жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Бағдарламалық құжаттардың орындалуы мен мемлекеттік органдар қызметі бағасының берік өзара байланысын қалыптастыру маңызды.

Мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру шеңберінде Есеп комитеті мен қаржылық бақылау органдарын реформалау жоспарланып отыр. Олар сараптамалық-талдамалық құрамдастарды күшейте отырып, әлемдік аудиторлық компаниялар моделі бойынша жұмыс істеуі тиіс.

Оның сыртында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жыл сайынғы аудиті, әсіресе, бюджет қаржыларын пайдалану бөлігінде аутсорсингке беріледі.

Жетіншіден, мемлекеттің транспаренттілігі мен есептілігінің негізгі критерийлерінің бірі халықтың ақпараттарға қолжетімділігін кеңейту болып табылады.

2016 жылдан бастап азаматтар мен заңды тұлғалардың сауалдары бойынша, мемлекеттік құпиялар мен өзге де заңмен қорғалатын құпиялардан басқа, мемлекеттік органдардың барлық ақпараттарына қолжетімділік қамтамасыз етілетін болады.

Жеке компаниялар да, егер олар қоғамдық функциялар атқарса немесе бюджет қаржыларын алушылар болып табылса, ақпараттар ашықтығы ережесін ұстануға тиіс болады.

Бұл орайда мемлекеттік органдардың жаңа, азаматтар үшін қолайлы және түсінікті ақпараттарды беру пішімін әзірлеуі және енгізуі талап етіледі. Қазіргі бар порталдарды жаңғырту, сол сияқты селолық елді мекендерді жоғары шапшаңдықты трафикпен қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыстар атқаруға тура келеді.

2016 жылдан бастап орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда автономды, дербестік, жариялылық, мерзімді ротация қағидаттарында жаңа Қоғамдық кеңестер құрылып, жұмыс істеп тұрғандары қайта пішімделетін болады.

«Қоғамдық кеңестер туралы» заңға сәйкес бұл институт қоғамдық бақылаудың жаңа тиімді тетіктеріне ие болды.

Кеңестер құрамы квоталық қағидат бойынша құрылады, бірақ олардың мүшелерінің үштен екіден кем емес бөлігін жұртшылық өкілдері құрауы тиіс.

Кеңестер басында мемлекеттік қызметте жоқ белгілі қоғам қайраткерлері тұруы тиіс.

Қоғамдық кеңестерге меморгандардың бюджеттік бағдарламаларының жобаларын және олардың орындалуын, стратегиялық жоспарларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын талқылау құқы беріледі.

Олардың отырыстарында мақсатты индикаторларға қол жеткендігі туралы атқарушы органдардың есептері тыңдалып, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілердің жобалары қаралатын болады.

Атқарушы биліктің барлық сатылары мен Үкімет мүшелерінің азаматтар алдындағы есептері қарастырылған.

Олар, сондай-ақ, заңнамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеп, мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізетін болады.

Кеңестердің шешімдері ұсынымдамалық сипатқа ие болады, бірақ олардың қаралуы мемлекеттік органдар үшін міндетті.

Мемлекет функцияларын бәсекелесті ортаға және жергілікті өзін-өзі басқаруға беру

Мемлекеттің дамуы бірқатар мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беруді талап етеді, ал олар бүгінде, бүтіндей алғанда, 4,5 мыңға жуық.

Осы мақсатта Премьер-Министрдің орынбасарының басшылығымен, оның құрамына Парламент депутаттарын, орталық атқарушы органдар басшыларын, «Атамекен» ҰКП, Қазақстанның Азаматтық альянсы өкілдерін қоса отырып, тұрақты жұмыс істейтін Комиссия құрылады.

Оның шеңберінде әрбір меморган бойынша бәсекелесті ортаға берілетін функциялар тізімі анықталады. Сондай-ақ, бәсекелесті ортаның берілетін мемлекеттік функцияларды, жұмыс істеп тұрған регламенттерді, сондай-ақ, бағалар мен сапа критерийлерін жүзеге асыруға дайындығын ескере отырып, оларды беру пішінін тандап алу қажет.

Комиссия мемлекеттік функцияларды беру регламентін қарастырып, мониторинг жүргізеді және олардың орындалу сапасына бақылау жасайды.

Оларға үш сатыда берілетін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қосымша өкілеттіктер беру орталық деңгейдегі реформалардың заңды жалғасы болуы тиіс.

Бірінші сатыда (2016-2017 жылдар):

- аудан әкімінің аудандық маңыздағы қала, кент, село және селолық округ әкімі лауазымына ұсынатын кандидатурасын одан әрі аудан мәслихатына және сайлау өткізуге енгізу үшін келісу;

- әкімді босату туралы мәселеге бастамашы болу;

- жергілікті қоғамдастықты дамыту туралы бағдарламалық құжаттар жобаларын қарау және абаттандыру мен қоғамдық тәртіптің көкейкесті мәселелерін талқылау;

- қолма-қол ақшаның бақылау шоты есебінен алынған мүлкті иеліктен шығаруда аудан әкімі ұсынысын қарау;

- елді мекендер шеңберіндегі жер телімдерінің мақсатты пайдаланылуын және жеке тұлғалардың заңсыз иеленуіне жол бермеуін бақылау;

- жергілікті қоғамдастықтың мемлекеттік мекемелеріне басшылар тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

- оларға қосымша екі салықты – көлік және заңды тұлғалардан жер салығын алу құқын беру жолымен жергілікті өзін-өзі басқарудың салықтық әлеуетін күшейту.

Екінші сатыда (2018 жылдан бастап):

- аудан мәслихаты бекіткен жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін сатылап қалыптастыру;

- әкімнің аудандық мәслихатқа бекіту үшін енгізген жергілікті қоғамдастық бюджетінің жобасын Жиналыстың келісуі және олардың орындалуы туралы есепті мәслихатқа ұсыну үшін қолдау;

- жергілікті қоғамдастықтың коммуналдық меншікті басқару мәселелері;

- бюджетті тұрғындары 2 мың адамнан асатын әкімшілік-аумақтық бірлік үшін ғана енгізу және оны аудандық мәслихаттың бекітуі;

- «Жергілікті өзін-өзі басқару коммуналдық меншігі» институтын енгізу;

- олардың әлеуетін ұлғайту мақсатында селолық округтер деңгейінде әкімшілік-аумақтық бірлікті нығайту мәселесін әзірлеу.

Үшінші сатыда (2020 жылдан) төмендегілер қарастырылады:

- жергілікті өзін өзі басқарудың өкілді органын құру;

- халқының саны 2 мың адамнан кем емес елді мекендерде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін енгізу;

- қоғамдық маңызды мәселелерді қамтитын жергілікті бюджеттердің жобалары бойынша азаматтардың ұсыныстарын қарау ресімдерін енгізу.

Осы шаралардың бәрін орындау мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау үдерісінің мөлдірлігін арттырады және жергілікті өзін өзі басқару жүйесін дамытуға жағдай жасайды.

Ұлт жоспары – Қазақстанды кең ауқымды жаңғырту жобасы

Ұлт жоспарын іс жүзінде жүзеге асыру кезеңі басталды. Ол Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның бақылауымен жүретін болады.

Барлық мемлекеттік органдардан, қоғамдық институттар мен азаматтардан іс-қимылдың үйлесімділігі, табандылық, креативтілік және қажырлылық талап етіледі.

Бізге үлкен жолдан өтуге тура келеді, ол бойынша біз қазір алғашқы 100 қадамды жасаудамыз.

Басқа қадамдар да болады, мен оған айна-қатесіз сенімдімін.

Эволюциялылық және тұтастай қамтушылық – ширек ғасырлық мерейтойына қадам басып, біздің Тәуелсіздігіміздің тарихын алға бастырып отырған жаңғырту үдерісінің басты қағидаты да осы.

Біздің бәріміз жаңғыртудың тек қуатты мемлекет пен Ұлттың топтасқандығы жағдайында ғана табысты болатынын естен шығармауға тиіспіз. Ол тәртіпке бастауы тиіс.

Біріншіден, мемлекеттегі тәртіпке.

Екіншіден, барша үшін де міндетті заңдардың қаріпінде бейнеленген бизнестегі барша үшін мөлдір және міндетті ережелерді орнатуға.

Үшіншіден, қоғамдық және саяси өмірдегі тәртіп пен келісімге.

Біз көптеген сынақтарға абыройлы төтеп бердік, шынықтық, рухымызды күшейттік. Біз жаңа Қазақстанды – Ұлы Дала Елін құрдық.

Ұлт жоспарын орындай отырып, біз өзіміздің Ұлттың Өрлеу Дәуірінің көкжиектерін кеңейтеміз, өзіміз Тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген және бізге жаһандық даму берген барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз.

Әлемде, сөз жоқ, үшінші әлемнен біріншіге қадам басқан елдердің мысалдары бар. Біз олардың жарқын тәжірибелерін зерттейміз және ескереміз.

Қазір біз экономиканың, мемлекет пен қоғам дамуының ең табысты жаһандық модельдерін өлшем ретінде аламыз.

Бүгінде әлемде өзінің жалпыұлттық арманын ұмыт қалудың жүзжылдығынан шыға отырып, әлемнің ең ұлы ұлттарымен бір қатарда тұру тұрғысында бейнелейтіндер кем де кем.

Біз Қазақстанның осынау тарихи тағдырына сенеміз.

Мен қазақстандықтарды Ұлт жоспарын жүзеге асыруға және реформаларды жүргізуге барынша белсенді қатысуға, олар ашатын мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын.

Біз өзіміздің қазақстандық арманымыздың орындалуына және Қазақстанның өркендеуіне сенімді түрде қол жеткізетін боламыз!

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ – ҮИИДМБ-2

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) «Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының «Экономиканы әртараптандыруды жеделдету» деген түйінді бағытын іске асыру үшін, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 ел қатарына кіру жөніндегі тұжырымдамасын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің XXVI пленарлық отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырманы орындау үшін және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленген.

Бағдарлама Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның (бұдан әрі - ҮИИДМБ) қисынды жалғасы болып табылады және оны іске асыру тәжірибесі ескерілген. Бағдарлама Қазақстанның өнеркәсіптік саясатының бір бөлігі болып табылады, әрі күш-жігер мен ресурстарды секторлардың шектеулі аясына, өңірлік мамандануға шоғырландыра отырып, кластерлік тәсілді қолдану арқылы өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға және тиімді салалық реттеуге бағытталған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1497 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 — 2019 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі қағидаттары мен тәсілдерінің негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын инновациялық дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 қазандағы № 1092 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының перспективалы ұлттық кластерлерін қалыптастырудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының және индустрияландыру саласындағы басқа да бағдарламалық құжаттардың ережелері мен қағидаттары, сонымен қатар, Қазақстан қатысушы болып табылатын халықаралық келісімшарттардың нормалары ескеріле отырып әзірленген.

Бағдарлама бизнес ахуалға ықпал ететін мемлекеттік саясат аспектілеріне өте тәуелді болып табылады. Бағдарламаның сәтті болуы Қазақстан Республикасының бизнесті жүргізу шарттарын жақсарту (Doing business), елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату (Global Competitiveness Index), жасыл парақтар (Yellow Pages) қағидатын ескере отырып,

жоспарлы жекешелендіруді жүргізу арқылы экономикаға мемлекеттік қатысу үлесін төмендету Қазақстанның ТШИ Инвестициялық сенім индексіне кіруі (FDI Confidence Index) адами капитал индикаторы бойынша алға қойылған міндеттерге қол жеткізуіне байланысты болмақ. Бұдан басқа, Бағдарламаны іске асыру тиімділігі қаржыландыру моделіне, оны іске асыруға бюджет қаражатын бөлудің толықтығы мен уақтылылығына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасындағы индустриялық дамудың ағымдағы жағдайын талдау


Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасының құрылымында өнеркәсіп шамамен үштен бір бөлігін алады. Кен өндіру секторы жұмыспен қамтудың 2,9 %-дан астамын және экономикадағы жалпы қосылған құнның (бұдан әрі - ЖҚҚ) 18 %-ын қамтамасыз етеді. Өндіруші өнеркәсіптегі негізгі капиталға инвестициялар бүгінде жалпы көлемнің 30 %-ынан асады, ал өңдеуші өнеркәсіпте бар болғаны - 12 %. Қазақстан өндіруші салалардың өнімін экспорттауда алда келеді (ең алдымен, мұнай есебінен), жан басына шаққандағы экспорт көрсеткіші бойынша ТМД елдерінің бәрінен алда. Алайда, Қазақстан Республикасындағы өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің жан басына шаққандағы экспорты Ресейге қарағанда екі есе төмен.

2008 жылмен салыстырғанда 2012 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ҮИИДМБ негізгі индикаторлары бойынша өсудің оң серпіні байқалып отыр: жалпы ішкі өнім (бұдан әрі - ЖІӨ) 22,5%-ға; шикізат емес сектордың ЖҚҚ 23,4%-ға; өңдеуші өнеркәсіптің ЖҚҚ 22,3%-ға; өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 70%-ға; шикізаттық емес экспорт көлемі 6,5%-ға; кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің деңгейі 3,6%-ға; инновациялық өнім көлемі 240%-ға өсті, ЖІӨ энергия сыйымдылығы 13,6%-ға төмендеді. Мониторинг субъектілеріндегі сатып алуда тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің жергілікті қамту үлесі 2010 жылғы 48,2%-дан 2013 жылы 63,1%-ға дейін ұлғайды.

Сонымен қатар, Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі - ХВҚ) елдер бойынша 2013 жылғы қыркүйектегі есебіне сәйкес экономикада «голланд ауруының» белгілері, атап айтқанда сауда-саттықта қолайсыз жағдайлардың қалыптасқаны, экономикадағы шығыстар деңгейінің өскені және институционалдық проблемалар байқалады. Мұны сыртқы сауда құрылымы да айғақтайды. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2003 - 2013 жылдары экспорт құрылымындағы минералдық өнімдердің үлесі 64,5%-дан 80%-ға дейін өсті. Ресурстардың әлемдік бағаларының өсуімен бірге бұл белгілер тереңдей түспек.

Қазақстан «орташа кіріс тұзағы» проблемасымен бетпе-бет келеді. ЖІӨ-нің халықтың жан басына шаққанда 10 мыңнан 15 мың АҚШ долларына дейінгі аралығында әл-ауқаттың белгілі бір деңгейіне қол

жеткізілген соң жалақының өсуіне, транзакциялық шығыстардың ұлғаюына және елдің бағалық бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне байланысты экономиканың өсуі бәсеңдеуі мүмкін. Мұндай жағдайда Қазақстан біліктілігі мен инновациялары жоғары дамыған



экономикалармен де, кірісі төмен, жалақы деңгейі төмен әрі өнеркәсіптік тауарлардың өндірісі арзан экономикалармен де бәсекеге түсе алмайтын болады. Өткен ғасырда кедергіден өткен елдер (Тайвань, Финляндия, Оңтүстік Корея және басқалары) өңдеуші өнеркәсіпті қарқынды дамыту базасында экономикалық өсуді қамтамасыз ете алды.

ҰИИДМБ жүзеге асыру уақытынан бастап жүргізілген реформалардың нәтижесінде инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 4%-дан 7,6%-ға дейін өсті, технологиялық инновацияларға кәсіпорындардың шығыны 3 есеге артты (113,5-тен 326 млрд.теңгеге дейін), оған ұқсас инновациялық өнімнің де көлемі 3 есеге артты (111,5-тен 379 млрд.теңгеге дейін). Бүкіләлемдік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің «Инновация» факторы бойынша Қазақстан 18 сатыға көтеріліп, 84-орынға табан тіреді, «Технологиялық дайындық» факторы бойынша 25-позицияда (57-орын).

Соңғы жылдары қабылданған шаралардың маңызды масштабына қарамастан инновациялық белсенді қолдау бойынша негізгі мәселелер бұрынғыдай қалып отыр:

- 1) алдыңғы технологиялардың трансфертін ынталандырудың жеткіліксіздігі;
- 2) кәсіпорындар мен бизнестің технологиялық басым міндеттерінің шешімі мен іздену механизмдерінің тиімсіздігі;
- 3) технологиялық сипаттағы инновацияларға бизнестің төмен деңгейдегі қабылдағыштығы;
- 4) технологиялық және басқарушылық құзыретінің жетіспеушілігі;
- 5) білім жүйесіндегі инновациялық технологиялардың жетілмеуі;
- 6) инновациялық жобалардың жүзеге асуын бақылайтын жүйесінің жетілмегендігі.

Индустрияландыру процесінде өнеркәсіптегі басты назар біртіндеп өңдеуші өнеркәсіпке қарай ауа бастады, дегенмен оның даму деңгейі салыстырмалы түрде төмен күйінде қалып отыр. Өңдеуші өнеркәсіп жұмыспен қамтудың 7%-дан азын және ел экономикасы ЖҚЖ 11%-ын қалыптастырады. Салыстыратын болсақ, Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі өнімділік деңгейі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі - ЭЫДҰ) мүше елдердегі орташа деңгейге

қарағанда екі есе төмен, өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің үлесі жағынан Қазақстан ЭЫДҰ елдерінің бәрінен артта.



«Қазақстан-2030» Стратегиясын іске асыру кезеңінде экономиканың серпінді дамуы Қазақстан Республикасына халықтың орташа жан басына шаққандағы табысын екі есе көтеруге мүмкіндік берді. «Қазақстан-2030» Стратегиясының барлық мақсаттарына мерзімінен бұрын қол жеткізілді. Жаңа «Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаты елдің 2050 жылға қарай әлемнің 30 дамыған

мемлекетінің қатарына кіруі болып табылады. Оған қол жеткізу экономикалық дамудың жоғары қарқынын ұзақ уақыт бойы ұстап тұруды талап етеді.

Қазақстан Республикасы бүгінгі күнгі әлеуметтік-экономикалық дамудағы және шет ел инвестициясын тартудағы жетістіктерімен бәсекелестік, табиғат ресурстарын қалай қамтамасыз ету керек, макроэкономикалық жағымды орта және саяси тұрақтылық сияқты негізгі факторларға міндетті.

Алайда, 2020 жылға дейінгі перспективада ЖІӨ-нің жан басына шаққанда 10 мыңнан 15 мыңға дейінгі АҚШ доллары аралығында әлеуметтік белгілі бір деңгейіне жеткеннен кейін Қазақстан Республикасының экономикасы бәсеңдеуі мүмкін. Қазақстан Республикасының экономикасы бәсекеге қабілеттігін жоғалтуы және «орташа кіріс тұзағында» қалып қоюы мүмкін. Елдердің экономикалық дамуының тәжірибесі көрсеткендей, орташа кіріс шегінен асуға көпшілінің қолы жете бермейді: жарты ғасыр бұрын табыстың орташа деңгейіне жеткен 100 елдің ішінен негізінен өңдеу өнеркәсібін жедел дамыту есебінен тек он шақты ел ғана кіріс деңгейі жоғары ел бола алды.

Сонымен қатар, Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі - ХВҚ) елдер бойынша 2013 жылғы қыркүйектегі есебіне сәйкес экономикада «голланд ауруының» белгілері, атап айтқанда, сауда-саттықта қолайсыз жағдайлардың қалыптасқаны, экономикадағы шығыстар деңгейінің өскені және институционалдық проблемалар байқалады. Ресурстарға әлемдік бағаның өсуінен бұл белгілер ұлғаяды.

2000 жылдан бері Қазақстан Республикасында экономика мен мемлекеттік бюджеттің мұнай экспорты есебінен түсетін табыстарға тәуелділігі артуда. Мұнайдан түсетін табыстар мемлекеттің шоғырландырылған табысының шамамен 51 %-ын құрайды, ал бюджет тапшылығы бұл табыстарды қоспағанда, ЖІӨ-нің 9,3 %-ына жетеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының Трансферті барлық мемлекеттік шығыстың бестен бір бөлігін қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында экономикалық өсімнің жоғары

қарқынын сақтап тұру үшін экономикада дамудың жаңа сатысына өту үшін қажет құрылымдық өзгерістерді іске асыру қажет болады. Бұл өзгерістер өңдеу өнеркәсібінде, оның ішінде жұмыс күшінің аграрлық сектордан ағыны есебінен жаңа өнімді жұмыс орындарын белсенді құруды қамтиды.

Шикізат ресурстарын басқару және шикізат секторынан түсетін табыстарды басқару саласында тиімді мемлекеттік саясаттың болмауы, Қазақстанның ішкі нарығындағы шикізаттың жоғары құны бұл ретте өңдеу өнеркәсібінің тиімді даму мүмкіндігін шектей отырып, сектор операторларына артық пайда табуға мүмкіндік туғызуы мүмкін. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы экономикасының құрылымында өнеркәсіп оның үштен бір бөлігіне жуығын алады, тау-кен өндіру секторының жоғары үлесі еңбекпен қамтудың 2,5 %-дан астамын және экономикадағы ІҚҚ 18 %-ын қамтамасыз етеді. Бүгінгі күні өндіру өнеркәсібіндегі негізгі капиталға салынатын инвестиция жалпы көлемнің 30 %-дан астамын, ал өңдеу өнеркәсібінде бар-жоғы 12 %-ды құрайды.

Өндіруші салалар өнімінің көшбасшы экспорттаушысы (ең алдымен өндірілетін мұнайдың экспорты есебінен) болып табылатын Қазақстан орташа жан басына шаққанда экспорт көрсеткіші бойынша барлық ТМД елдерін басып озады. Алайда, Қазақстан Республикасында өңдеу өнеркәсібі өнімінің экспорты салыстырмалы түрде төмен – Ресейге қарағанда шамамен екі есеге төмен.

Өңдеуші өнеркәсіптің даму деңгейі айтарлықтай төмен болды. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі – ҮИИДМБ) өнеркәсіптік сектордың одан әрі дамуына алғышарттар құруға мүмкіндік берді: даму институттарының жүйесі құрылды, бірқатар қажетті нормативтік құқықтық актілер қабылданды, жекелеген құралдар әзірленді.

ҮИИДМБ іске асыру нәтижесінде трендтің өңдеуші өнеркәсібі деңгейінің арту жағына қарай жылжуы орын алды, бірақ ол әлі де болса салыстырмалы түрде төмен болып қалып отыр.

Өңдеуші өнеркәсіп еңбекпен қамтудың 7 %-ын және еліміздің экономикасында ІҚҚ 12 %-ын құрайды. Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбекпен қамту бойынша Қазақстан Республикасы Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйымның (бұдан әрі – ЭЫДҰ) барлық мүше елдерінен артта қалды, ал өнімділік деңгейі 2 есе төмен.



Қазақстан Республикасы жаңа технологиялардың маңыздылығын ескере отырып, экономиканы индустриялық-инновациялық дамыту қажеттілігі туралы мәлімдеген алғашқы елдердің бірі болды. ҰИИДМБ әзірлеу және іске қосу экономикалық дағдарыс қалыптастырған қауіп-қатерлерге еліміздің жауабы болды. Бұл бағдарлама одан әрі өнеркәсіпті дамытуға негіз салды және өзіндік өнеркәсіптік базаны дамыту бойынша мемлекеттік жүйелі тәсілдер үлгілерінің бірі болып саналады.

Мақсаты: ҰИИДМБ экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттігін арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету болып табылады. Әлемдің қаржы дағдарысы жағдайында өндірісті қолдауда ҰИИДМБ дағдарыса қарсы құралдардың бірі болды. 2008 жылмен салыстырғанда 2012 жылдың нәтижесі Қазақстанда ҰИИДМБ негізгі индикаторы бойынша өсудің жағымды динамикасы байқалады: жалпы ішкі өнім 22,5%; шикізат емес сектордың жалпы қосылған құны - 23,4%; өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі - 20,5%; өңдеуші өндірістегі еңбектің өнімділігі - 70%; шикізат емес экспорттың көлемі - 6,4%; кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі - 3,6%; инновациялық өнімнің көлемі - 240% өсті.



ҰИИДМБ негізгі оң нәтижелері:

Қазақстан Республикасында заманауи өнеркәсіптік саясаттың



негіздері қалыптасты. Негізгі нормативтік құқықтық актілер қабылданды, индустриялық дамуды қолдаудың түрлі құралдары мен саясаттың жаңа бағыттары сыналды. Атап айтқанда, ТШИ тарту және экспорт қолдау тетіктері іске қосылды, арнайы экономикалық аймақтарды трансформациялау процесі басталды;

өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, шикізаттық емес экспортты ұлғайту және шикізаттық емес секторға ТШИ тарту есебінен экономиканы әртараптандыру басталды. 150-ден астам жаңа өнім түрлерінің өндірісі игерілді. Бұл жоғары технологиялық машинажасау, фармацевтика, химия өнеркәсібінің өнімдері;

Индустрияландыру картасы шеңберінде іске асырылып жатқан жаңа ірі өндірістік жобалар қолдау тапты, бұл өндірістің қысқаруына жол бермеуге мүмкіндік берді. Бүгінгі күні 500-ден



астам жаңа өндіріс енгізілді. Көрсетілген объектілер 2,5 трлн. теңге сомаға өнім өндірді, олардың өнеркәсіптегі үлесі 6,3 %-ды, өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі – 9,5 %-ды құрады;

өнеркәсіпте жұмыс істеушілер саны (4 жылда) 9,3 %-ға өсті және 1 млн. адамнан асты (1004,4 мың адам). Индустрияландыру картасы шеңберінде өңдеуші өнеркәсіпте 60 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды, бұл жұмыссыздық деңгейінің өсуін болдырмады;

2012 жылдың қорытындылары бойынша 2008 жылмен салыстырғанда өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 37 мың АҚШ долларынан 61,8 мың АҚШ долларына дейін ұлғайып, 1,7 есеге (жоспар бойынша 2015 жылға қарай 1,5 есе) өсті;

2010 жылдан бастап 90 млрд. АҚШ долларынан астам тікелей шетелдік инвестиция тартылды, бұл 2005 жылдан бері ТШИ ағынының жалпы көлемінің 50 %-дан астамын құрайды;

индустрияны дамыту институттарының жүйесі құрылды, бұл қолдаудың тиімді шараларын іске асыруға мүмкіндік берді;

кең салалық фокус әлеуетті бәсекеге қабілетті секторларды анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, ҮИИДМБ іске асыру барысында Қазақстан Республикасын индустриялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған саясатын (бұдан әрі – Саясат) қалыптастырған кезде ескеру қажет бірқатар жүйелі мәселелер анықталды, олардың ішінде мыналар:

1) мемлекеттік қолдау үшін салалардың кең спектрі даму үшін шамалы әлеуеті бар өнеркәсіп салаларын қолдауға арналған шектелген қолжетімді ресурстарды тиімді жұмылдыруға мүмкіндік берген жоқ;

2) ҮИИДМБ мәлімделген (тікелей) мақсаттарға қол жеткізуге тікелей ықпал ететін іс-шаралар мен индустриялық саясатты тікелей іске асыруға байланысты емес (жанама) іс-шаралар арасында бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіз тоғыстырылып бөлінуі. ҮИИДМБ іске асыруға бөлінген бюджет ресурстарының жартысынан азы ғана тікелей іс-шараларды іске асыруға және 60 %-дан астамы жанама іс-шараларға жұмсалды;

3) ҮИИДМБ іске асыру және мониторингі жүйесіндегі кемшіліктер. ҮИИДМБ шеңберінде экономиканың 14 саласын қолдау үшін 25 әртүрлі бағдарлама қабылданды. Салалық бағдарламалардың бірқатар іс-шаралары ҮИИДМБ мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған жоқ;

4) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың және даму институттарының арасындағы жедел өзара іс-қимылдың жеткіліксіз болуы, бұл шешімдерді қабылдау мерзімдерінің ұлғаюына және мемлекеттік қолдау тиімділігінің азаюына алып келді;

5) ҮИИДМБ қаржыландыру қаржы жүйесінің жеткілікті тиімді жұмыс істемеуіне байланысты бірқатар себептерге орай толық жүзеге асырылған жоқ. Кәсіпорындардың қарыздық қаржыландыруға қол

жеткізуін шектеуді қамтамасыз ететін ЕДБ жүйесінің жағдайы проблемалардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының капитал нарықтары төмен өтімділігімен сипатталады және жеткілікті шамада инвестициялық капиталдағы қажеттілікті жабуға мүмкіндік бермейді.

Саясат ҮИИДМБ-нің қысынды жалғасы болады және оны іске асыру тәжірибесін ескеруі тиіс.

Экономиканың өндіруші сектордан тәуелділігін азайтуға септігін тигізетін экономика салаларына баса назар аударылатын болады.

Саясатты іске асыруға бағытталған тікелей және жанама іс-шараларды бюджеттік қаржыландырудың арақатынасы алдыңғы тәжірибені ескере отырып қайта қаралатын болады.

Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар, даму институттары мен индустриялық саясаттың басқа да субъектілері арасындағы индустриялық саясатты іске асыру мәселелері бойынша үйлестіру мен өзара іс-қимылды жақсарту үшін белгіленген тәртіппен индустрияны дамыту саласындағы Ұлттық институт базасында индустриялық саясат бойынша құзыреттер орталығын қалыптастыру жалғасатын болады.

Қазақстан Республикасын индустриялық дамыту сценарийі

Қазақстанда табысты индустриялық даму белгісіздіктің түрлі дәрежесінде көптеген факторларға байланысты. Алға қойылған міндеттерді өзгеріп отыратын үрдістерге байланысты уақтылы түзетуге мүмкіндік беретін түрлі сценарийлерді қарастырған жөн. Қазақстан Республикасын индустриялық дамыту елеулі дәрежеде екі стратегиялық талапқа: ресурстардың әлемдік нарығының конъюнктурасы мен макроөңірдегі интеграция дәрежесіне байланысты болады.

Жаһандық экономика ахуалына байланысты қалыптасатын ресурстардың әлемдік нарығының конъюнктурасы Қазақстанның шикізаттық секторының жүйе құраушы кәсіпорындарының қызметіне күшті әсер етеді. Бұл мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігіне, ішкі сұранысқа және азаматтардың әл-ауқатына әсер етеді.

Макроөңірдегі интеграциялық процесстер отандық өнеркәсіптік өнімді өткізу арналарын айқындайды, сондай-ақ технологиялар трансферті мен инновациялық даму саласында шетелдік инвесторлармен кооперацияны дамытуға әсер етеді. Макроөңір интеграциясының дәрежесі көптеген жағдайда экономиканы әртараптандыру мүмкіндіктері мен перспективаларын айқындайды.

Елді индустриялық дамыту мынадай 4 сценарийде берілуі мүмкін:

1) «Құнарлы топырақ» – бұл неғұрлым позитивті сценарий, жаһандық ресурстар нарығына қолайлы конъюнктура болған кезде және макроөңір елдері тығыз интеграцияланған жағдайда мүмкін болады. Осы сценарийді іске асыру кезінде мемлекеттік қолдау өндіруші салаға және экономиканың шикізаттық емес секторына бағытталуы тиіс. Бұл

өнеркәсіптік өндірісті елеулі дамыту мен экспорттық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді;

2) «Шикізат өсімі» – бұл ресурстар нарығының ең жақсы конъюнктурасы кезіндегі, бірақ макроөңір елдерінің әлсіз интеграция жағдайындағы сценарийі. Бұл жағдайда өнеркәсіптік өндірісті тұрақты дамыту шикізаттық сектор есебінен қамтамасыз етілетін болады. Бұл ретте өңдеу салаларында салыстырмалы түрде дамудың төменгі қарқынын күтуге болады. Сондықтан мемлекет табиғи ресурстарды өндірумен және өңдеумен байланысты секторлар мен кластерлерді дамытуға баса назар аударуы тиіс;

3) «Технологиялар есебінен даму» макроөңір елдері белсенді интеграцияланған кезде, бірақ ресурстар нарығының қолайсыз конъюнктурасы жағдайында іске асырылады. Дегенмен, өндіріс шикізаттық емес сектор есебінен дамитын болады, бұл адами капиталды сапалы дамытуды көздейді. Бұл ретте өнеркәсіптік даму қарқындары алдыңғы екі сценарийге қарағанда төмен болады;

4) «Экономикадағы құлдырау» – бұл шикізат нарығының конъюнктурасы төмендеген кезде және макроөңір елдерінің интеграциясы болмағанда әлеуетті ықтимал қолайсыз сценарий. Соның салдарынан жаңа технологияларға қол жеткізудің болмауын ескергенде экономикалық оқшаулану елдегі инвестициялық белсенділікті төмендетуге алып келеді. Мұндай жағдайларда өнеркәсіптік өндірісте құлдырауды болдырмау үшін мемлекет дағдарысқа қарсы шараларды қолдану арқылы ресурстарды бөлудің тиімді саясатын жүргізе отырып, түйінді рөл атқарады.

Осылайша, аталған балама сценарийлер бізге болашақта даму жолдарының жалпы сипаттамасын береді, бұл перспективада олардың өзектілігіне байланысты басымдылықтарды ауыстыруды мүмкін етеді. «Құнарлы топырақ» және «Шикізат өсімі» неғұрлым ықтимал даму сценарийлері болып табылады. Осы Индустриялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) «Құнарлы топырақ» сценарийін ескере отырып әзірленді.

Көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасын индустриялық дамытудың 2015 - 2019 жылдар аралығына мынадай кезеңдері жоспарланды:

- 1) дайындық кезеңі (2014 жыл);
- 2) бастапқы кезең (2015 жыл);
- 3) іске асыру кезеңі (2015 – 2019 жылдар).

Қазақстан Республикасын индустриялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленеді және оны табысты іске қосуды қамтамасыз ету үшін жағдай жасалады.

Бизнес пен жұртшылықты Саясат бастамаларын іске асыруға белсенді тарту үшін ҰКП-мен, салалық қауымдастықтармен, даму

институттарымен, ұлттық компаниялармен және холдингтермен және әкімдіктермен оны талқылау ұйымдастырылады.

Саясатты іске асыруға тартылатын даму институттарының жүйесі жаңартылады. Жұмыс істеп тұрған даму институттары қызметінің басымдықтары нақтыланады. Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты базасында индустрияны дамытуға және индустриялық саясатты іске асыруға мамандандырылған құзыреттер орталығын қалыптастыруды белгіленген тәртіппен жалғастыру қажет.

Дайындық кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қажетті актілері әзірленетін болады. Саясатта көзделген өнеркәсіпті қолдаудың құралдарын толық қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін 2015 - 2017 жылдарға арналған тиісті бюджеттік өтінімдер дайындалып, заңнамада белгіленген тәртіппен бюджеттік жоспарлау жөніндегі мемлекеттік органға енгізілетін болады.

Дайындық кезеңінің шеңберінде Саясатты іске асыруға тартылған министрліктер мен даму институттарының азаматтық мемлекеттік қызметшілерінің құзыреттерін дамыту мақсатында мамандандырылған бағдарламалар ұйымдастырылады. Индустрияландыру картасын қалыптастыру бойынша жаңа тәсілдер қабылданады, атап айтқанда, Индустрияландыру картасына енгізу үшін іріктеу жүргізілетін қағидағтар мен механизмдер түзетілетін болады.

Саясатты, сондай-ақ, оны іске асыруға тартылған министрліктер мен даму институттарының іс-шаралар жоспарларын іске асыру барысы туралы жедел (жыл сайынғы) деректерге қол жетімділік пен сапасын арттыру үшін оны іске асыру мониторингі мен бағалау жүйесі жетілдіріледі.

Бастапқы кезеңде Саясатты іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар, оның ішінде экономиканың негізгі ресурстық секторлардан 3-5 кластерді, экономиканың нарыққа бағдарланған секторлардан 3-5 кластерді, «жаңа экономика» секторындағы екі инновациялық кластерді дамыту жөніндегі іс-шараларды іске қосу туралы бірінші кезектегі іс-шаралар жүзеге асырылатын болады. Экономиканың басым салалары мен секторларында индустриялық дамуды қолдау үшін индустриялық дамуды қолдаудың пилоттық құралдары іске асырылады.

Саясатты іске асыру кезеңінде басым салалар мен секторларда индустриялық дамытуды қолдау құралдарының толық жинағы іске тартылады. Негізгі ресурстық секторлардан, нарыққа бағдарланған секторлардан басым кластерлер мен инновациялық кластерлерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады. Даму институттарының жүйесін жаңарту аяқталады. Сондай-ақ, қажет болған кезде, Саясат өзектендірілетін болады, ал осы кезеңнің соңғы сатысында Қазақстан Республикасын индустриялық дамудың үшінші бесжылдық бағдарламасы әзірленеді. Бұдан басқа, өнеркәсіптің базалық және нарыққа бағдарланған

секторларынан кластерлер, сондай-ақ «жаңа экономика» секторларынан инновациялық кластерлер үшін ТМД және Орталық Азия елдерін қамтитын макроөңірде халықаралық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет.

Саясаттың өзгерген сыртқы жағдайларға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оны қайта қарау жүзеге асырылады. Оның ішінде Саясатты іске асыруға тартылған министрліктердің стратегиялық жоспарлары, бес жылдық және үш жылдық іс-шаралар жоспарлары (бюджеттік циклді ескере отырып), сондай-ақ даму институттарының даму стратегиялары, бес жылдық және үш жылдық іс-шаралар жоспарлары (бюджеттік циклді ескере отырып) қайта қаралады.

Іске асыру кезеңінің соңғы сатысында Саясаттың іске асырылу қорытындыларын кешенді бағалау жүргізіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасын индустриялық дамытудың 2020 – 2024 жылдар кезеңіне арналған үшінші бес жылдық бағдарламасын әзірлеу ұйымдастырылады.

Индустриялы дамудағы саясаттың негізгі бағыты таяу арадағы жылдары басым салалық кластерлерге тоғыстыра қолдау болады.

Негізгі секторлар тобында сәйкес ұлттық кластерлер анықталатын болады, олардың дамуы орталық билік органдары мен сәйкес институттардың даму деңгейіне үйлеседі. Саясат аясында қолдау масштабы ең үлкен даму әлеуеті бар, 5-10 ұлттық көшбасшы кластерлерімен шектеледі.

1) тау-кен металлургиясы секторында – Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар металлургиялық кластері;

2) мұнай және газ өңдеу секторларында Павлодар мұнай өңдеу, Атырау мұнай-газ өңдеу, Оңтүстік Қазақстан мұнай өңдеу кластерлері басым болып табылады.

3) Химия секторында Жамбыл, Павлодар, Ақтөбе химия кластерлері қаралады.

Әрбір ұлттық кластерді қолдау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 қазандағы № 1092 қаулысымен бекітілген 2020 жылға дейінгі ҚР перспективалық ұлттық кластерлерді қалыптастыру тұжырымдамасына сәйкес, даму стратегиялары мен жол карталарын әзірлеу және іске асыру мақсаты болып табылатын арнайы басқару құрылымдары құралытаны болады. Аймақтық (өңірлік, өңіраралық) кластерлерді нарықтық-бағытталған секторларда дамыту үшін конкурстық негізде қаржылық қолдау, сонымен қатар қажет әдістемелік және ақпараттық қолдау қамтамасыз етілген. Бұл қолдау кластерлерді дамытудың стратегиялары мен жол карталарын өңдеп шығаруға, кластерлік қауымдастықтар мен мамандандырылған инфрақұрылымды қалыптастыру бойынша кластерлерді дамытудың кешенді жобаларын, жалпы қолдану орталықтары мен жеткізушілер жүйелерін қолдауға, адами ресурстардың қолжетімділігін және білім беру бағдарламаларының

сапасын жоғарылатуға, инновацияларды көтермелеуге, экспорт пен басқа бағыттарды қолдауға бағытталған.

Мемлекеттің, бизнестің және ғылымның ұлттық аймақтық кластерлерде дамуы мен өзара әрекет ету құралдарының бірі мақсатты технологиялық бағдарламалар болып табылады.

Үшінші секторлар тобының шеңберінде Астана қ. (Назарбаев Университет кластері), Алматы қ. (Инновациялық технологиялар паркі кластері) инновациялық кластерлерді қолдауға арналған кешенді іс-шаралар жоспары іске асырылуы мүмкін.

Кластерлерді қолдау үшін мемлекеттік қолдаудың келесі шаралары қолданылатын болады: инфрақұрылым кластерлерін дамытуға қажетті бірлесіп қаржыландыру, мамандандырылған қызмет көрсету, әкімшілік тосқауларды тиімді реттеу мен төмендету.

2015-2019 жылдарға ҮИИДМБ кадрлік камтамасыз ету

Елбасы айтқандай, еліміздің 2050 жылға дейінгі стратегиялық дамуының басты бағдарламаларының және Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену Тұжырымдамасының бірі еңбек өнімділігінің өсуі болып табылады.

Ол үшін, экономиканың жаңа жоғары технологиялы салаларын құрумен қатар, сондай-ақ, жаңа өзгертудің еңбек ресурстарын қалыптастыру қажет.

Егер кадрларды дайындау жүйесі тиімді жұмыс істеу үшін ең үздік әлемдік практиканы қарастырса, оған минимум екі шарт қажет – **білім мен қызмет берушінің тұрақты өзара қарым-қатынасы** мен білім процесі ұсынған практикалық және талап етілетін дағдылары мен құзыретіне бейімделу.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін жүзеге асады:

1. Мамандарды дайындауда бизнес пен инвесторлардың сұранысын қалыптастыратын кәсіптік стандарт жүйесі енгізілу арқылы;

2. Тікелей білім процесіне дуалды оқыту элементтері мен жұмыс берушіні тарту арқылы.

Жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын еңбек ресурстарының сапасын арттырудағы жұмыстарды 2015-2017 жылдарға арналған еңбек ресурстарының болжамын әзірлеуден бастады. Бұл байланыста екі блок бойынша кадрлардың қажеттілігі болжамы жасалды. ҮИИДМБ жобалары мен басқа да салалық және аймақтық бағдарламаларды жүзеге асырудағы болжамдарда кадр қажеттілігі өзінің көрінісін тапты. Сол немесе басқа мамандардан сауалнама түрі арқылы жұмыс берушілердің сұранысы есепке алынды.

Бұл байланыста екі блок бойынша кадрлардың қажеттілігі болжамы жасалды.

Біріншісі, ағымдағы әлеуметтік-экономикалық параметрлерді сақтай отырып және біздің экономикамыздағы макроэкономикалық даму

болжамын пайдалана отырып жұмыспен қамтылу деңгейін анықтау. Осылайша, **салалар бойынша жұмыспен қамтылудың жалпы көрінісін**, оған қоса Республикамыздың аймақтық бөліну көрінісін алдық.

Екінші маңызды көзі, ол бизнестің өзі және оның өзіндік қызметінің дамуына қатысты жоспары болып табылады. Бүгінгі күні сегіз мыңнан астам (8 400) кәсіпорыннан жауап алынды. Бұл деректер макроэкономикалық деректерге негізделген болжамын реттеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда 2018 жылға қарай алдын ала бағалау бойынша **ең тапшы мамандықтардың** қатарында жұмысшы мамандықтар, техникалық және кәсіптік білім беретін мамандықтар болады.

20 ең танымал мамандықтардың кеншілер, құрылысшылар, жүргізушілер, механиктер, яғни өнеркәсіп, құрылыс, көлік, байланыс, геология және жер қойнауын барлаушы жұмысшылардың жартысынан көбі сұранысқа ие мамандықтар болады.

**20 наиболее востребованных групп занятий на 2014-2018 гг.
в Республике Казахстан**

№	Группа занятий	
1	Врачи	25653
2	Механики по оборудованию, слесари-сборщики и слесари-ремонтники	25083
3	Строители-монтажники и родственные профессии	24395
4	Средний персонал в сфере фин-экономической, административной и социальной деятельности	18422
5	Профессии рабочих транспорта	13516
6	Формовщики, сварщики, кузнецы, фальцовщики	13428
7	Горнорабочие и рабочие других профессий по добыче полезных ископаемых подземным и открытым способами, взрывники, камнетесы, обработчики камня и родственные профессии	12454
8	Водители мотортранспортных средств	11374
9	Рабочие-отделочники на строительных и ремонтно-строительных работах и родственные профессии	11036
10	Операторы, аппаратчики и машинисты горнодобывающих и горно-обогатительных установок	10953
11	Машинисты сельскохозяйственного, землеройного, подъемного и другого подвижного погрузочно-разгрузочного оборудования	9988
12	Операторы, аппаратчики, машинисты и слесари-сборщики стационарного оборудования, не вошедшие в другие группы	8608
13	Слесари-инструментальщики, станочники, наладчики и рабочие родственных профессий	8324
14	Руководители специализированных (производственно-эксплуатационных) подразделений (служб)	8240
15	Модели, продавцы, демонстраторы товаров	7481
16	Средний медицинский персонал (исключая медицинский уход), не вошедший в другие группы	7139
17	Слесари-сборщики	6343
18	Руководители функциональных и других подразделений (служб)	5752
19	Работники, оказывающие индивидуальные услуги, не вошедшие в другие группы	5360
20	Инженеры-электрики и инженеры-энергетики	4973

Таяу арадағы жылдарда жұмыс орындарының тапшылығы болмайды. Барлық қажетті мамандықтар бойынша, сонымен қоса индустриализация жобалары аясында да дайындықтар жүргізіледі.

Алайда, жұмыс беруші тарапынан талаптардың артуына байланысты, бар мамандықтардың дайындық деңгейі мен кәсіптік құзыреті сәйкес келе бермейді.

Бұл байланыста қазіргі заманғы мамандарды есепке алумен жүйенің біліктілігі жаңартылады және мамандандырылған стандарттар жасалады.



Біліктіліктің ұлттық жүйесіндегі негізгі мәселелер келесі сұрақтар болып табылады:

- 1) еңбек нарығына қандай мамандықтар қажет?
- 2) олар қандай құзыреттіліктерге ие болуы керек?
- 3) олардан нарыққа қанша керек?

Яғни, кадрларды дайындау жүйесін тұрғызу үшін біз **кім? қандай? және қанша?** Деген сұрақтарға жауап беруіміз керек.

Тұтастай алғанда, тәсілдерді пайдалану аясында мамандандырылған кадрларды дайындау жүйесінің жұмыс істеуінің **5 негізгі элементі** қарастырылады.

Бұл кәсіптік классификация жүйесі.

Біліктіліктің ұлттық аясын қалыптастыру қажет.

Бұл мамандандырылған стандарттар әзірлеу.

Мамандандырылған стандарттар негізінде білім бағдарламалары мен дуалды оқыту тәсілдерін әзірлеу.

Бұл **біліктілікті тәуелсіз бағалаудың жүйесін қалыптастыру**, бұларға талаптар кәсіби стандарттармен тағайындалатын талаптар.

ҚР 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасында негізгі бағыттардың бірі біліктілігі жоғары кадрларды даярлау мен экономиканың басым салаларын ғылыми-техникалық қолдау болып табылады.

Жұмыспен қамту Бағдарламасы мен құрылымының жобалар мен басым салаларының талдауы негізінде біртектес салалық құрылымы бар өңірлік аймақты белгілеу.

14 индустриалды бағдарлама мен жоба бойынша өндірісті біліктілігі жоғары кадрлармен қамтамасыз етудің картасы дайындалды. Бұл салада: сирек металдар, геологиялық барлау, автомобильдер мен автомобиль жасау, тамақ өнеркәсібінің технологиясы, құрылыс материалдарын дайындау, темір жол техникасын жасау, мұнай-газ химиясы, электр аспаптары және т.б.

Берілген ерекшеліктерді есепке ала отырып 11 ЖОО анықталды, солардың ішінен 10 таңдалып алынады. Бұл ЖОО кадрларды даярлауда жаңа технологиялық процестер есепке алынып, шетел серіктестерімен

бірлесе отырып әзірленген жаңа білім бағдарламалары арқылы жүзеге асады.

Сонымен, Астана қаласында ҰИИД үшін кадрларды Назарбаев Университетінде, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде және С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде даярлайды.

Орталық өңірде салалық мамандандыруды ескере отырып, Қарағанды Мемлекеттік техникалық университеті негізгі болады.

Шығыс өңірде Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік техникалық университеті және С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университеті машинажасау, металлургия, энергетика және мұнай-химия мамандарын даярлаумен қамтамасыз етеді.

Алматы қаласында негізгі ЖОО ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университет және Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті болады.

Оңтүстік өңірде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті химия, жеңіл өнеркәсіп және аграрлық-өнеркәсіптік кешен үшін мамандар даярлайды.

Батыс өңірде мұнай-газ мен мұнай-химия саласы үшін Атырау мұнай және газ институты негізгі ЖОО болады.

Солтүстік өңір үшін А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік Университеті АӨК мен инженерияны кадр даярлаумен қамтамасыз етеді.

2015-2019 жылдарға үдемелі индустриалды-инновациялы дамудың екінші бесжылдығына арналған кәсіби-техникалық кадрлар даярлаудағы инновациялық тәсілдер.

2015-2019 жылдарға индустриалды-инновациялы дамудың екінші бесжылдығы аясында жүзеге асатын жобалар өндіріске инновациялық технологиялар енгізуді талап етеді, ол үшін сондай технологияларда жұмыс істей алатын, соған сәйкес біліктілігі жоғары мамандар даярлау қажет.

Бұл мақсатта жоғары сапалы дайындықты қамтамасыз ету үшін таңдалып алынған 10 колледжге олардың модернизациясы бойынша айтарлықтай ресурстар мен дайындық жұмыстарын жүргізу керек.

Ол үшін инвестиция мен даму, білім мен ғылым бойынша, сонымен қоса, «Техникалық және кәсіби білім беру мен біліктілік тағайындау республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» АҚ мен «Холдинг «Кәсіпқор» БАҚ адымдық жоспарын әзірлеу үшін денсаулық сақтау мен әлеуметтік министрліктердің алқалық жұмысын жүргізу ұсынылады.

Бірінші кезекте 2015-2019 жылдары өңірлік аймақтарға сәйкес Мемлекеттік бағдарламаның салалық мамандандырылған жобаларына сай оқу орындарын қайта бейіндеу ұсынылады.

Ол үшін ҚР инвестиция және даму Министрлігі өндірістің технологиялық процесімен бірге жобалардың сипатын, сонымен қоса әрбір жобаны жүзеге асыру үшін мамандар тізімінің сандық қажеттілігін ұсыну керек.

Одан әрі талап етілген мамандардың әрқайсысы бойынша жобалардың кәсіби стандарты мен технологиялық процесі негізінде білім бағдарламасы қайта қаралады.

Сондай-ақ, оқу орындарының материалдық-техникалық базасы айтарлықтай нығайтылуын қажет етеді, сонымен қоса, оқу құралдары, инфрақұрылым және жатақхана. Инженерлік-оқытушылық құрамның сапалы дамуын қамтамасыз ету қажет.

Бағдарлама «Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтары мен Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасына сәйкес әзірленген, 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның қисынды жалғасы болып табылады және оны іске асыру тәжірибесі назарға алынады.

Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясы 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастыруға және экономикалық әр тараптандыру арқылы тұрақты дамуына қол жеткізу мен өндіруден өңдеуге дейін ауысуға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі мақсаты әртараптандыру және өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібінің 6 басым секторы таңдалды: металлургия, химия, мұнай химиясы, машинажасау, құрылыс материалдары, азық-түлік өнеркәсібі. Бұл, өз кезегінде, 14 секторға бөлінген: темір және болат; түсті металдар; мұнай өңдеу; мұнай және газ химиясы; азық-түлік өнімдерін өндіру; агрохимикаттарды; өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісі; автокөлік құралдарын, олардың бөліктері, керек-жарақтары мен қозғалтқыштарды өндіру; электр машиналар мен аппараттардың өндіру; ауыл шаруашылығы техникасы; теміржол жабдықтарын өндіру; тау-кен өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі; мұнай өңдеу және мұнай өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі; құрылыс материалдарын өндіру.

Еліміздің экономикасын қоюға бағытталған бағдарлама жаңа технологиялық платформаны, өнімділігі жоғары деңгейдегі филиалдары қалыптастыру, сондай-ақ анықталған кластерлік саясаты, мәні және тауарлар мен қызметтерді бөлу дәрежесіне қосылады.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде мемлекеттік базалық мұнай-газ өндіру және өңдеуге байланысты ресурстық секторларында, мұнай-газ химия өндірісі, мұнай-газ және химиялық машина жасау және мұнай-газ саласы үшін қызметтерді теңдестірілген ұлттық кластерді дамытуға және қолдауға бағытталатын болады; тендерлік рәсімдердің нәтижелері бойынша айқындалатын нарықтық өндірістік секторларында үш өңірлік кластерлер; «жаңа экономика» секторларында екі инновациялық

кластерлер - Астана қаласында («Назарбаев Университеті» кластері), Алматыда («Инновациялық технологиялар паркі» кластері).

Бағдарламаны жүзеге асыру 2019 жылы 2012 жылғы деңгейге қарағанда мынадай экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізеді: нақты мәнде 43% -ға өндіруші өнімдерінің көлемінің өсуіне; жалпы құны, өңдеу секторындағы өсу нақты мәнде 1,4 еседен кем емес қосылады; нақты мәнде 1,4 есе өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі өсуі; шикізаттық емес құнының өсуі (өңделген) 1,1 еседен кем емес экспорттау; кем дегенде 15% -ға өндіру энергиясы шығынын төмендету; 29,2 мың адам өңдеу секторында жұмыспен қамтылды.

Бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарлар өндіру, өндірістік өңдеу мен қызмет көрсету саласындағы жұмыс пен қызмет көрсету мемлекеттік индустриалды-инновациялы саясатының басты тақырыбы болып табылады. Өңдеуші өнеркәсіпте және, жұмыстар мен қызметтерді өндіру және қызмет көрсету саласы индустриялық-инновациялық саясаттың мемлекеттің басты нысанасы болып табылады.

Әлемдік экономиканың жаһандану аясында қазақстанның экономикасы бірқатар объективті қиындықтармен кездесті, олардың қатарына: шикізат бағыттылығы, әлемдік экономикамен болмашы интеграциясы, елдің ішіндегі әлсіз сала аралық және өңір аралық экономикалық интеграциясы, ішкі нарықтағы тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы (шағын экономика), өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жетілмегендігі, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы, ғылым мен өндіріс арасындағы тиімді қарым-қатынас болмауы, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға төмен шығындар (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ). Жаһандану мен сервистік-технологиялық экономикаға ауысу процестеріне экономикалық бейімделу міндеттеріне сәйкес басқарудың үйлесімсіздігі.

Осыған байланысты, Стратегия аясындағы мәселелерді шешуге және қойылған мақсаттары мен міндеттерге қол жеткізу үшін Стратегияны жүзеге асыру механизміндегі маңызды құрал болып табылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ сияқты институционалдық құрылымдардың қызметін жандандыру ұсынылады. Жалпы алғанда, бұл мекемелер (институттар) жоғары қосылған құны мен ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірлеулерді қолдаудың перспективалық салаларының кешенді талдауы мен олардың ең маңызды элементтерін анықтау негізінде жаңа және қолданыстағы өндірісті дамытуда саяси инвестициялау жүргізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Концепция индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015 – 2019 годы от 31.12.2013 г.
2. Послание народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» от 2007 года
3. Послание Главы государства «Нұрлы жол - путь в будущее» от 11 ноября 2014 года
4. «Социальная модернизация Казахстана: 20 шагов к Обществу Всеобщего Труда» от 2012 года
5. Послание «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 2014 года
6. План нации - 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ Н.Назарбаева, 20 мая 2015 г.
7. Постановление Правительства Республики Казахстан об утверждении Плана мероприятий по реализации Государственной программы индустриального развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы
8. Указ Президента Республики Казахстан об утверждении Государственной программы индустриального развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы

«НҰРЛЫ ЖОЛ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУЫ

2015-2019 жылдардағы инфрақұрылымды дамыту жөніндегі «Нұрлы жол» атты мемлекеттік бағдарламасы 2014 жылдың 11 қарашасында Елбасының Қазақстан халқына «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді (Бағдарлама бұдан әрі).

Бағдарлама Қазақстанның біріккен экономика нарығын Алматы, Астана, Ақтөбе, Шымкент және Өскемен қала хабтарың анықтау елдің макроаймақтарын қалыптастыру арқылы Қазақстанның бірыңғай экономикалық нарықты құруға бағытталған.

Қала-хабтар макроаймақтарда, капиталда, ресурстарда, технология мен қызметтердің шоғырлануы экономикалық қызмет орталықтары болып табылады. Қала-хабтар көші-қон ағынын тартылысы және нақты урбанизациялануына негіз жасайды. Екінші деңгейдегі басқа ірі қалалар макро-аймақтарда немесе қалаларда «Луч» принципімен байланысты.

Қала құрылысы және макроаймақтар интеграциясы көлік, баспана, әлеуметтік және энергетикалық инфрақұрылымдардың негізінде дамуына ықпал етеді, құрылыс материалдарына, өнеркәсіптік өнімдерге және құрал-саймандарға бірталай сұраныстарды тудырады, өнеркәсіптік өнімдердің дамуына ықпалын тигізеді.

Іскерлік белсенділік өсу мақсаттары үшін, әрі шағын және орта бизнес субъектілері үшін өндірістік секторда ірі бизнесті қаржыландыруға қол жеткізуді жақсартуды жалғастырады. Нақты секторларын (машина жасау, ауыл шаруашылық) қолдау шараларын іске асыру, өндіру және басқа да іс-шараларды отандық экспорттаушылар шетелдік нарықтарға шартты қолданыстағы жұмыс орындарын ағымдағы өндіріс көлемінің сақталуына және жаңа жағдай жасауына қамтамасыз етеді. Жалпы, қоғамдық өім инфрақұрылымға инвестиция және бизнесті қолдау бағдарламасын іске асыру арқылы қысқа мерзімді перспективада ғана емес, экономикалық өсу ықпалында, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада тұрақты өсуі үшін жағдай жасау арқылы жүзеге асырылады. 2015 жылға арналған инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру кешенді, синергетикалық әсері 2020 жылға дейінгі қолданыстағы бағдарламалық құжаттарды (мемлекеттік даму бағдарламасы және Қазақстан көлік жүйесі инфрақұрылымының интеграциясын аясында жүзеге асырылатын болады арналған іс-шаралар бағдарламасы, Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы - 2019, аймақтар даму бағдарламасының 2020 жылға дейінгі 2011 жылға арналған 2020, Отын тұжырымдамасы және энергетикалық кешен, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы - 2020, Жұмыспен қамтудың жол картасы - жылдық Бизнестің жол картасы-2020).

Мақсаттар мен тиісті шараларға жетудегі негізгі бағыттары

Хабтардағы макроаймақтардың даму негізіндегі территориялық дамуы бірінғай экономикалық нарықтың құрылуына бағытталады.

Экономикалық әлеуметтегі рационалды территориялық ұйымды құру және жайлы тіршілік ету жағдайлары елдің 2020 жылға дейін территориялы-кеңістік даму Болжамды схемасында қарастырылған. Қала-хабтар экономикалық өсу мен мемелекет халқын тарту орталығы болады. Олар шетелдік инвесторлар үшін тартымды жағдай жасайды, әрі жоғары сапалы білім беру, ақпараттық, көліктік қызмет көрсету арқылы үлкен бәсекелестікті дамытады және адами капиталды өнімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

үйкелісі туралы ілім, су буының құрылысы зерттелінген. Ғылыми зерттемелер алғашқы тау-кен машиналарын ойлап шығарғанда көрініс тапты. Ондай машиналарға көтергіш шахта машина түптұлғасы, жер қойнауын барлауы үшін бура, қара дүрсін желдеткіштер, су төкпе құрылғылары жатады. Бу қозғалтқышы Ұлыбритания шахталарында еңбекті көп қажетсінетін үрдістерді механикаландырды, бұл қызмет үшін «шахтер досы» деген атауға ие болды. Тау-кен орындарын топырақ, өсімдік, қоршаушы жыныстар бойынша анықтау әдістері құрастырылып келеді [5].

Бұл кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері бар, олар – жер асты өңделген өнімнің тұрақты қимасының пайда болуы, жер асты жағдайындағы олардың оңтайлы орналасу сызбалары, өңделген өнімнің мамандануы (су төкпе, желдету, тасымалдау үшін және т.б.). Осының барлығы шахталарға ірі өндірістік бейне бере отырып, кен қазбасының реттелген жүйесін құрастыруға мүмкіндік берді.

1848 жылы Калифорнияда алтын өзекті ұсақтау жыныстары ашылды. 1858 жылы Невада қаласында әртүрлі аса бай кен орындары ашылды, мұнда 1890 жылға дейін 600 миллионнан астам алтын маркалары және 800 миллионнан астам күміс маркалары өндірілген.

1885 жылы Канадалық темір жолды қайта құру кезінде никелдің көп көлемді кен орны ашылды. 1885 жылы Юкон өзенінде «алтын безгек»



2-сурет – М.В. Ломоносовтың
«Первые основания металлургии»
кітабынан

басталған. Сонымен қатар, қазіргі заман адамдары XIX ғасырдағы 20 жылдарда Оралдағы ұсақ жынысты алтын кен орындарының ашылуын айтқан.

1814 жылы Оралдық кенші Л.И. Брусницын Березовка және Пышма өзендерінің жағалауларынан ұсақ жынысты алтын кен орындарын ашқан, онтайлы өңдеу технологиясын құрып өндірістік қондырғыны ойлап тапқан. XIX ғасырдың ортасында Ресей Орал және Сібірдегі алтын кен орындарының ашылуына байланысты әлемнің барлық елдерінен асып түсті және әлемдік көлемнің жартысына жуығын өндіріп отырды (1847 жылы – 47%).

Осылайша, тау-кен өндірісі ұзақ тарих ішінде адамның пайдалы қазбалар арқылы алынатын зат және материал қажеттілігінің артуынан бастап эволюция жолымен бірте-бірте дамыды.

XIX ғасырдың аяғында болат алудың жаңа үш үрдісі бір уақытты енгізілді: **бессемерлік, мартендік және томасовтық**. Болатты балқытудың өнімділігі тез арада өсті (6 т/сағ дейін) [2].

XX ғасырдың ортасында оттегілік үру, үрдісті автоматтандыру және болатты үзіліссіз құю үдерісі пайда болды.

Шикі үру мен кричтік үдерістерде бір деңгейлі әдіс арқылы қақталған (созымды), сапалы балқытылатын темірді (аз көміртекті болат) алған. Тарих бір айналды және қазіргі уақытта кендерді байыту арқылы (құрамында 90-95 % темірі бар) бір деңгейлі үдерістің технологиясы мен электрлік пеште болатты балқыту үдерісі дамып келе жатыр.

Қазақстанда тау-кен өндірісі түсті металдар мен көмірдің кен орындарына бай болып келетін Алтай мен Орталық Қазақстанда дамыды.

1904 жылы Лондонда құрылған Спастік мыс кен орнының ағылшын-француздық акционерлік қоғамы Спасск–Успендік мыс кен орны мен зауытын, Саран–Қарағанды таскөмір кенін, темір кендерін иеленді. 1914 жылы Риддер кен орнының, Екібастұздық қорғасын мырышты зауытының, темір жолдың құрылысы басталды.

XX ғасырдың басында тау–кен өндірісінің басты салаларының бірі болып келетін алтынды игеру үдерісі басталды. Екібастұзда, Қарағандыда, Саранда темір кен орындары игеріліп, темір жол мен су жолы арқылы тасымалданып Пермдік губернияға, Омбыға, Барнауыл мен Павлодарға, сонымен қатар Петропавловскіге және басқа қалаларға жеткізілді.

Шығыс Қазақстаннан басқа жаңғырту кезеңінде түсті металлургия Орталық Қазақстанда да дами бастады. 1928 жылы Балқаш көлінің солтүстік жағалауында ленинградтық геологиялық барлау партиясы инженер-геолог М.П. Русаковтың басшылығымен ірі мыс-порфирлі Қоңырат кен орынын ашты.

1931 жылдың қазан айында «Прибалхашстрой» құрылды. Оның басты мақсаты Бертыс айлағының жағалауында мыс балқыту комбинатын құру болды. Әскери жылдары Қарсақбай мыс зауытының көптеген цехтары қайта ашылып, № 31 және 32 Покро және Петро салынды.

Жезқазған жері теміржол магистралінің ірі маңызды түйіні болды. Жезқазғанға толықтай құрамымен «Солтүстікникель» Мончегор комбинаты көшірілді, жоғары дәрежелі мамандар мен жаңа шахта қондырғылары пайда болды.

Қазақстанның темір мен мыс өнеркәсібі республиканың ірі кәсіпорындарымен келтірілген: Соколов – Сарыбай тау-кен өндірістік бірлестігі, Лисаков кен–байыту комбинаты, Атасу басшылығы.

Темір кен орындарын игеру ең алдымен Қостанай облысында жүргізіледі (Соколов-Сарыбай тау-кен бірлестігімен өндірілетін Соколов, Сарыбай, Күржүнкүл және Қашар кен орындары (Қостанай облысы, Рудный қаласы)). Бұл кен орындары темір қорына аса бай (темірдің орташа құрамы 35-74%).

ҚР тау-кен-металлургиялық кешенінің мәселелері мен қазіргі жағдайы

Тау-кен-металлургиялық кешен – бәсекеге қабілетті және динамикалық дамып келе жатқан Қазақстан өнеркәсібінің бір саласы. Қазақстанда әлемдік қордың хром кенінің 30%-ы, марганец кенінің 25%-ы, темір кендерінің 10%-ы шоғырланған. Әлем бойынша мыс, қорғасын және мырыш кендерінің қорлары сәйкесінше 10 % және 13 %.

Қазақстан Республикасының көмір ресурстары және жалпы геологиялық қоры 150 млрд. тоннаға бағаланады. Менделеев кестесінің 105 элементінен Қазақстанда 99 элемент кездеседі, 70-інің қорлары бар, ал өндіріске 60-тан астам элемент еліктірілген.

Қатты пайдалы қазбалардың жалпы көлемі бойынша республика 70 тау-кен өндіретін державалардың ішінде әлем бойынша 13 орында. Алдағы жылдарда сала өндіруінің басты мақсаты – металлургия өнеркәсібіндегі жаңа өңдеу өндірісінің кезеңдік құрылуы, жоғары бағалы өнімді шығару және ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыздандыру.

Соңғы жылдары **Қазақстанның кен өндіру және металлургиялық саласы** отандық өнеркәсіпте ең жақсы динамикалық дамыған салаларының бірі болып келеді. ТМК өнеркәсіптік өндіру көлемі 3,6 трлн.теңге белгісінен асады, ол Қазақстанның барлық өнеркәсібінің 1/5 бөлігін құрайды. ТМК үлесі ҚР ішкі өнімінің жалпы сыйымдылығының 11,4% құрайды.

Тау-кен-металлургиялық кешен Қазақстан экономикасын индустриялан-дырудың негізі. Берілген өндіріс бойынша өнеркәсіптерде негізгі жұмыстар бойынша 190 мың адам жұмысбасты және экспорттық мүмкіндіктер тиімді қолдануда. Әлемдік инвестициялық бағдарламалардың тұқыртулық беталысына карамастан, салада әрдайым осындай жобалар қарастырылып келеді.

Мемлекеттің минералды–шикізаттық базасының негізін хром, титан, мырыш, марганец, қорғасын, күміс, уран, мыс, темір кені, алтын, алюминий, фосфоттар, көмір, вольфрам, қалайы құрайды.

Қазақстан әлемдегі пайдалы қазбаларды жалпы өндіру көлемі бойынша әлемдік көшбасшыларының бірі болып табылады. Осыған қарамастан, Республиканың минералды-шикізаттық базасының потенциалын толығымен қолдану үшін кейбір шараларды жүргізу қажет, себебі белгілі бір тежеуші факторлар бар. Бұл факторларға қазақстандық кендердің физика-механикалық құрамының күрделілігі және төмен сапалық сипаттамалары, дамымаған көлік инфрақұрылымы, өндірістің төмен механикаландыру дәрежесі мен автоматтандырудың төмен деңгейі жатады. Жақын арада ТМК алдында осы сұрақтарды шешу үшін тапсырыстар қойылады.

Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары

Пайдалы қазба түрі	Баланс қорлары (тонна)	Әлемдегі орны (қор бойынша)	Әлемдегі орны (кен құрамы бойынша)
Темір кені	18 600 000 000	6	7
Марганец кені	635 200 000	4	10
Хром кені	382 700 000	2	1
Бокситтар	365 400 000	12	н/д
Қорғасын	17 200 000	5	41
Мырыш	39 800 000	5	40
Мыс	39 300 000	12	63
Титан	24 100 000	10	15
Вольфрам	2 100 000	1	25
Алтын	2 232,6	15	2
Күміс	53 204	4	31
Қалайы	69 300	10	23
Уран	1 600 000	2	н/д
Тас көмір	150 000 000 000	8	н/д

Тау-кен-металлургия саласының өнеркәсіптік өнімдерінің көлемі бірнеше жылдарда оңтайлы тұрақты нәтижелер көрсетуде.

Қазіргі таңда кен-металлургиялық кешен негізінен өзіндік өнімдерді экспортқа шығаруға бағытталған. Негізгі кен өнеркәсібінің импорттаушы мемлекеттері Ресей, Қытай және Еуроодақ мемлекеттері болып саналады.

Қазақстанның ТМК ірі кәсіпорындарына жатады:

ERG – интегралданған энергетикалық, логистикалық кәсіпорындарымен минералды ресурстарды игеру мен өңдеу саласындағы жетекші топтардың бірі.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС толығымен интегралданған компания жұмысы кен игерудің барлық кезеңдерін кен шығарудан бастап тауарлық метал өндіруге дейін қамтиды. Компанияның негізгі жұмысы мыс шығару мен өндіру болып табылады. Мыс өндіру кезеңі сонымен қатар басқа да мырыш, күміс және алтын сияқты үлкен көлемде металл түрлерін қосымша өнім ретінде өңдеумен жүзеге асырылады.


«Казцинк» ЖШС - мырышты, онымен қосымша мыс, бағалы металдар мен қорғасынды үлкен көлемде өндіретін ірі интегралданған кәсіпорын.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ - жеке меншік көмірі, темір кені мен энергетикалық базасы бар Қазақстан Республикасының кен–металлургиялық секторының ірі өнеркәсібі.


«НАК Казатомпром» АҚ – уран мен оның қосылыстарын, сирек металдарды, атомдық энергостанциялар үшін ядролық жанармай мен арнайы құрал –жабдықтарды, технологиялар мен қосалқы міндеті бар материалдарды экспорттау бойынша Қазақстанның ұлттық операторы.

«Богатырь Комир» ЖШС - көмірді ашық әдіспен өндіретін қарқынды дамып жатқан Қазақстандағы аса ірі компания. Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін көмірдің 70%-ы бұл компанияға тәуелді.

Сонымен қатар Республикалық ірі металлургиялық өнеркәсіптерге «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ, «Теміртау электр-металлургиялық комбинаты» ЖШС, «Тараз металлургиялық комбинаты» ЖШС, «KSPSteel» ЖШС және т.б. жатады [6].



5-сурет – Қазақстанның ЖІӨ құрылымы бойынша ТМК үлесі



6-сурет – Жалпы ҚР өндірісіндегі ТМК үлесі

3 ҚР тау-кен-металлургиялық кешенінің инновациялық дамуының перспективалары

Тау-кен-металлургиялық өндіріс мемлекеттің негізгі секторларының бірі болып табылады. Оның мағынасын мынандай параметрлермен сипаттауға болады: ҚР өнімінде ЖІӨ ішіндегі меншікті салмақ 11.4 пайызды құрайды; экспорттың көлемі 8.5 млрд долларды құрайды; жалпы экспорт көлемінде сала үлесіне 20 пайыз шақ келеді. Осыған орай, кен–металлургиялық кешеннің дамуы мемлекеттік ҚР индустриалды–инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде (ИИДМБ) негізгі басылымдықтардың бірі болып табылады [7].

Қазақстанның тау-кен–металлургиялық саласы дамудың жаңа деңгейінде екендігін ерекше атап өту қажет. Базалық мақсат бойынша көрсеткіштер келесідей: жалпы қосылған баға көлемінің 107 пайызға ұлғаюы; экспорт көлемінің екі есе ұлғаюы. Сонымен қатар, жалпы қосылған бағаның 4 %-ын шикізат құрамдас бөліктерінің өндірісі құрайды. Metallургиялық қайта балқыту 79%-ды, келесі қайта балқыту, яғни металдан профиль, құбыр, созба сым жасау 16%-ды, дайын өнімді өндіру 8%-ды құрайды. Мысал ретінде Ақтауда жаңа басталынған құбыр, рельс, кабель сымдарының өндірісін қарастыруға болады.

Бізде әр түрлі минералды шикізаттардың қорлары жеткілікті. Мемлекетте темір, мырыш, хром кендерінің, түрлі-түсті металл кендері бар, мыс, мырыш, титан, магний, алтын және т.б. өндірілуі мен өңделуі жүргізілуде.

Қазіргі таңда кен–байыту комбинаттарында үйінді ретінде сақталынған баланстық кендерді қайта өңдеу мен өзінің технологиялық параметрлері бойынша металлургиялық қайта өңдеуге сәйкес келмейтін кондициялық кендерді қайта өңдеу аса маңызды кезең болып табылады. Соңғыларына, ұсақ кластарға жататын тарихи қатталып оңашалынған хром кендерін жатқызуға болады. Жаңа технологиялар арқасында бұл

шикізаттардан қайта өңдеуге жарамды брикеттер немесе жентектерды алуға болады.

Жаңа өндірістер дамудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Ақтөбеде жылына қуаты 440 мың тонна феррохромды құрайтын жаңа ферробалқытатын зауыт салынуы жоспарлануда. Жаңа зауытта жаңа технологиялар қолданылатын болады және өнімділігі жоғары пештер орнатылады. Бұл жоба 100 миллион доллардан астам тұрады.

Тау-кен-металлургиялық өндіріс мамандықтары үшін нomenclatura біршама кеңеюде. Мысалы, Павлодар аймағында қазақстандық электролиздеу зауыт ашылды. Мұнда алюминийдің алғашқы 250 тоннасы өндірілетін болады. Одан әр түрлі өнімдер жасалынып, нарыққа шығуға мүмкіндік бар. Сәйкесінше, кадрлар бойынша жаңа мамандарды дайындау қажеттілігі туады [8].

Бұдан басқа, ортаңғы топтар үшін мамандарды және көптеген мамандықтар үшін жұмыскерлер дайындығын жүргізу қажет. Мысалы, алюминий зауыты үшін электролиздік қондырғылар операторлары қажет. Өскеменде металлургиялық бағыт бойынша, Атырауда мұнай газ саласы бойынша мамандар қажет.

Мемлекеттік қолдау бірінші кезекте кен-металлургиялық кешен саласы ішіндегі ерекшеленетін даму бағыттарының артықшылықтарына назар аударады. Мысалы, Павлодар облысында алюминий кластеры жасалынады, индустриалды немесе арнайы экономикалық зона құрылуы жоспарлануда [1].

Соңғы жылдары геологиялық барлау жұмысы толығымен шығындалатын ресурстарды өтемеді. Кен орындарының пайдаланылуына қарай мемлекетпен егжей-тегжейлі және кешенді геологиялық барлау жұмыстары ұйымдастырылатын болады, ол даму барысындағы кен-металлургиялық өндірісін жаңа шикізаттар қорымен байыту үшін жасалынады [1].

Тау-кен саласының тағы да бір бағыты – өндірістің гидрометаллургиялық тәсілін енгізу. Қазіргі уақытта осы әдіспен уран, алтын өндіріледі. Қарағанды облысында осы технология бойынша арнайы ерітінділерді қолдана отырып мыс өндірілетін болады. Бұл металлургиялық қайта өңдеуден, яғни оның қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін, қуатты энергия шығыны бар кешеннен бас тартуға мүмкіндік береді.

ҚР тау-кен-металлургиялық саласының дамуының негізгі талаптары мемлекет ішінде шикізатты қайта өңдеу, базалық металдарға шығу және жоғары дәрежелі өнімдерді өндіру болып табылады. Бұл машина жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтика сияқты басқа да өндірістердің дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның минералды шикізат қоры шын мәнінде біршама ауқымды, бірақ таза металл құрамы жеткіліксіз, кен беріктілігінің төмен болуынан және аумақтық пен көліктік шектеулер салдарынан шикізат қоры бәсекеге жарамсыз болып келеді.

Дәстүрлі технологиялардың орнына жаңа аса тиімді, экологиялық тұрғыдан таза және қалдықсыз, тек өтімділігі төмен металдарды емес, жоғары қосымша құны бар металдар мен материалдарды алуға мүмкіндік беретін технологияларды қолдануға бағытталған зерттеулер саны өсіп келеді.

Берілген іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстанның кен байыту сатысында қайта өңдеу көрсеткіштерін тез арада жоғарылатуға мүмкіндік береді, сонымен қатар, бүкіл Қазақстанның кен-металлургиялық кешені масштабындағы өндіріп шығарудың толассыз көрсеткіштерін арттырады. Олардың табысты жүзеге асырылуы бірнеше кен орындарды ашумен теңбе-тең [9].

Тау-кен-металлургиялық саланың инновациялық дамуы білім көлемінің өсуін, өндіретін өнеркәсіппен шығарылатын ЖІӨ өнімінің жоғарғы технологиясын, металл сапасын жоғарылату үшін металлургиялық кәсіпорынның диверсификациясын, техникалық қайта қаруландыруды, металл үлесін жоғарылатуды, 4-ші және 5-ші технологиялық қайта өндірудің дамуын (жалға беру өнеркәсібі, арнайы балқу өнеркәсібі, құрылымдық материалдар және т.б.); ішкі қолданысты қамтамасыздандыру үшін металл номенклатурасын кеңейтуге; көлік құрылысын, құрылысты, мұнай газ, ауыл шаруашылық салаларын; кіші металлургияның дамуын, кіші және орташа кен орындарды және техногенді құрастыруларды білу негізінде кіші зауыт кешенін; қиын балқитын, сирек және сирек кездесетін металдардың өндірулерін реанимациялауы мен дамытуын (радиотехника, электротехника, көлік құрастыру және т.б.) қамтамасыз етеді және металл өндірудің әлемдік нарығында тиесілі орынды иеленуге мүмкіндік береді [10].

Ғылыми-технологиялық бағыттың дамуының нәтижесінде жүз жыл ішінде Қазақстан экономикасында металлургия өнеркәсібі жетекші орнын сақтайды; отандық минералды-шикізаттық базасының негізінде инновациялық өндіру кешені құрылады, сонымен қатар, өңдеу, электрондық, радиотехникалық, телеқатынастық, медициналық, тұрмыстық құрал жасау және т.б. салалардың жоғары технологиялық дамуы арқасында еліміздің экономикалық өсу үдерісін күшейтетін техногендік құрулар кешені жасалынады; жоғары қосылған құнымен металдар мен өнімдерді шығаруға бағытталған металлургиялық кәсіпорындардың өндірістік қуатын қайта бағдарлау арқылы дәстүрлі шикізатты игеру мен қайта өңдеудің төмендеуі салдарынан депрессивтік аймақтар санының өсуі тоқтатылады; авиағарыштық, ракета-техникалық, электрондық, автокөлік жасаушы және т.б. жоғары технологиялық шетел компанияларымен тұтынылатын бәсекеге қабілетті стратегиялық металдар мен өнімдерді игеру, қайта өңдеу мен әлемдік нарыққа тасымалдаудың артуы кезінде Қазақстан металлургия өнеркәсібінің инвестициялық тартымдылығы артады.

Әдебиеттер тізімі

1. Международное информационное агентство "КАЗИНФОРМ" / АСТАНА. 4 июня. 2015
2. Н.В. Храмцов. Металлы и сварка (лекционный курс)
3. Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана: Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Мысль. – 2010. - №3. – С. 2 – 14.
4. <http://historycoal.narod.ru>
5. Промышленность Казахстана и его регионов. Статистический сборник 1990, 1995-1999. Алматы 2000
6. Республиканская ассоциация ассоциация горнодобывающих и горно – металлургических предприятий. <http://agmp.kz/www.inform.kz/>
8. Журнал Горно – металлургическая промышленность №2, 2014
9. Д. Муканов « Промышленность Казахстана», 1(28)
10. <http://www.konspekt.biz/>

Т.Қ. Исабек,
Қарағанды техникалық университетінің
Пайдалы қазбалар кен орындарын қазу
кафедрасының меңгерушісі,
профессор, т.ғ.д.,
e-mail: tyiak@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ ТАУ-КЕНДІ ҚАЙТА ӨНДІРУ САЛАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Тау-кен металлургиялық кешен (ТМК) көптеген елдердің экономикалық, әлеуметтік және технологиялық даму нысанын өндірістің ең маңызды салаларына жатады. Мысалы, соңғы 30 жыл ішінде пайдалы кен байлықтары өндірісінің дүниежүзілік көлемі 1,5 еседен астам өсті және 2050 жылға дейін 2,5 млрд т асуы мүмкін. КМК саласының ұтымды қызмет атқаруы Қазақстан үшін де аса маңызды, өйткені, ол минералдық өнім қоры бойынша, сол сияқты өндіру көлемі артып алдыңғы қатарлы орынға ие. Осындай жағдайда саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және дүниежүзілік экономикаға интеграциялау ең маңызды орын алады.

Экономикалық дағдарысқа қарамай әлемдік кеңістікте Қазақстан ТМК даму тұрақтылығы тұрақтылығына тән бәсекеге қабілеттілігін анықтаушы шаралар қатарына жататындар: жоғарғы технологиялық негіздерді қамтитын өнім қажеттілігінің тұрақты өсуі, таза металдағы тікелей пайдалану деңгейінің төмендеуі және композициялық материалдар мен қорытпаларды пайдалануға белсенді бет бұру; өндірістік экономикалық талапты күшейту және «жасыл экономикаға» көшу; кен байлықтарды өндіру мен қазып өндіру инновациялық қорларды үнемдеу технологиясын қолдану тенденциясының артуы; минералдық шикізат және т.б. әлемдік сұраныстың төмендеуі [1].

Отандық ТМК тұрақты даму негізінде келесідей бірқатар анықтаушы факторларды жатқызуға болады: 1) Минералдық шикізат қорлардың жеткілікті көлемде болуын; 2) Минералдық шикізат қайта өңдеуде ең озық техникалық-технологиялық кешеннің пайдалануы; 3) Кен өндіру қажеттілігі өнімдерін өткізуді қалыптасуы механизмдері мен нарықтың болуы.

Осы келтірілген базалық факторлар ҚР үкіметінің инвестициялық, инновациялық, ағартушылық заң норманың, қаржылық және әлеуметтік саласындағы саясатына сәйкес анықталады. Бұл жағдайда, сонымен қатар жаһандық табиғи экономикалық, әлеуметтік экономикалық және ғылыми техникалық даму тенденцияларында игерген дұрыс.

Таяу және ұзақ мерзімді (2050 жылға дейінгі) келешегі Қазақстанның негізгі маңызды жоғарғы технологиялары және тұрақты дамитын ТМК және ол біртұтас көп салалы және көп деңгейлі ғылыми білім,

инновациялық, өндірістік, басқару және консалтингтік құрамындағы жүйесі болуға тиісті [8].

Мемлекеттік бағдарламалық құжаттардағы басымдылықтың міндеттері:

- 2015-2019 жылға арналған Қазақстанның индустрия-инновациялық дамуының ИИДМБ-2 мемлекеттік бағдарламасы. ИИДМБ-2 бағдарламасы білім беру саласының, әсіресе, кәсіби-техникалық дамуын жылдамдатуға мүмкіндік береді;

- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2014ж. 11 қарашадағы «Нұрлы жол- болашаққа жол» жолдауы. Жолдауда Қазақстанның жаңа экономикалық саясаты еліміздің 2015-2017 жыл аралығындағы әлеуметтік экономиканың дамуын бағыттап көрсетеді.

- Н.Ә. Назарбаевтің бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы «100 нақты қадам» атты ұлттық жоспары.

Тау-кен өндіру ісі саласының даму тарихы

Жер қойнауынан пайдалы қазбалар көздерін алу бағытындағы міндеттер тұрғысынан қарағанда, тау-кен ісі адами қажеттілікті қанағаттандыру үрдісі бойынша, ұзақ мерзімді эволюциялық даму сатыларынан өтті. Көне ғасырларда өздерін сақтау мақсатында қаталда жабайы табиғатпен, ал кейінгі ғасырларда қажетті заттар мен материалдарды алу үшін күресті.

Қазіргі кезеңдегі кен ісінің негізі б.з. көп бұрын қаланды. Руда денелерін алу ашық карьерлер мен жерасты кен қазбалары жүйесі арқылы іске асты; кен массасын өндіріп, тасымалдау үшін отын әсер тәсілдері, сыналап керту, дөңгелекті технология қолданылды, еңбек құралы ретіндегі тастар темірмен ауыстырылды.

Неолит заманында пайда болған өндірістік экономика негізі пайдалы қорлардың адам өміріндегі пайдасын түсінуге жол салды. Осы кезеңнен бастап кен технологиясы мен құрылыс жұмыстарының технологиясы жетілдірілді, ең бірінші рет сұлбасы бағытта қазбалар сызбасы пайда бола бастады. Өркендеу үрдісінің қанат пен бастауыш сәйкес, жез, қола және темір ғасырларында тау-кен ісі бүкіл дүниежүзі бағытында дами бастады. Көне дәуірлерде тау-кен ісі Рим мен Грецияда пайда әкелетін қызмет қарқынды бастады.

Еуропалық хроника бойынша Францияда тас көмірі үй жылыту жөніндегі факт үшін пайдалынған. 1095 жылы бірінші рет нақтылы тіркелген. Тас көмірді Германияда өндірудің бастауы 1198 жылға жатады. Осы жылы Саксонияда император Фридрих I «Тау-кен дәрежесі» туралы заңды бекітті оның жер қойнауына жоғары билік иесі айғақтайды. Руда



1-сурет – Қазақстанның тау-кен қазу өнеркәсібі

қазушылар заңға сәйкес жер қойнауын падаланған үшін император қазынасына салық төлей бастады. Чехия королі Вацлав II 1300 жылы тау-кен ережелерінің топтамасы «Iusregalemontarum» заң шығарды. Бұл тау-кен саласындағы кәсіпкерліктің құқықтық негізгі тарихи бірінші заңы болып есептеледі. Ағылшын зерттеушілері Проктор мен Петерсон 1589 жылы тас көмірдің бірінші рет кокс алды, ал Абрагам Дерби (Англия) 1709 жылы тау көмірден алынған кокс арқылы бірінші рет темір қорытып шығарылды, ол көптеген замандардан бері қолданыс тапқан ағш көмірді ауыстырған болатын.

Тас көмірдің өндірістік негізде өндірілуі АҚШ-та 1740 жылы басталды. Ал 1761 жылы көмір тақтасын кертіп алуда пайдаланатын механикалық құралға патент (М. Мензис, Ұлыбритания) берілді. Ағылшын механигі У.Мердак 1792 жылы бірінші рет тас көмірден табиғи газ алу идеясын жүзеге асырды және газ арқылы өзінің тұрғын үйі мен Бирмингендегі мекемесіне жарық бере бастады.

1865 жылы – Германияда пневматикалық балға ойлап шығарылып, 1906 жылдан бастап кең қолданысқа ие болды, 1867 жылы дәрі динамитпен ауыстырылды.

Егерде КСРО мен Шығыс Еуропа елдерінде көмір өндіру орта есеппен күніне бір кенжарға 1,5 мың т. құраса, ал алдыңғы қатарлы көмір өндіруші елдерде күніне 5-10 мың т. құраған. Үлкен аумақты алып жатқан елдерде (АҚШ, Канада, КСРО), осы салада көмірді ашық әдіспен алуға мүмкіндік дами бастады.

Орта мерзімді перспективада, назарға әлемдегі экономикалық жағдайды және мұнай газ саласында сыни жағдайды ескере отырып, одан әрі әлемде көмір өндіру және сауда көлемін арттыру болжануда.

2014 жылы басып шығарылған әлемдік энергетикалық статистикалық мәліметтерге және АҚШ-тың энергетикалық мәліметті қадағалау мәліметтеріне сүйенсек, көмір өндірудің алғашқы ондығын мынадай мемлекеттер құрайды (1 кесте):

1-кесте – Көмір өндірісінің әлемдік көшбасшылары

№	Мемлекеттер	Көмір өндіру, млн т.	%
1	 ҚХР	3680,0	46,60
2	 АҚШ	892,6	11,30
3	 Үндістан	605,1	7,66
4	 Австралия	478,0	6,05
5	 Индонезия	421,0	5,33
6	 Ресей	347,1	4,40
7	 ОАР	256,7	3,25

№	Мемлекеттер	Көмір өндіру, млн т.	%
8	 Германия	190,3	2,41
9	 Польша	142,9	1,81
10	 Қазақстан	114,7	1,45
	Дүниежүзі елдері	7896,4	100
	Бұрынғы КСРО	575,8	7,29
	Еуропалық одақ	542,7	6,87

Саланың қазіргі жағдайы және мәселелері

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық саясаты мемлекет тарапынан анықталған экономикалық дамудың басым бағыттары бойынша ресурстарын шоғырландыруға бағытталған ғылыми-техникалық бағдарлама. Оларды орындау өндірісінің техникалық деңгейін, дайын өнімнің босату, толық технологиялық циклды қалыптастыру, арттыру, халықаралық нарықта өз ұстанымын, ел экспорттық кеңейту және нығайту, белсенді инновацияларға негізделген импорт алмастырушы өндірістерді дамыту, нығайту, шикізат өнеркәсібін еңсеру, экономикалық әлеуметік, тиімділігін арттыруға бағытталған. Таяу онжылдықтағы стратегиялық міндеттер минералды-шикізат ресурстарының дамуын, Қазақстанның дәстүрлі артықшылықтарын барынша пайдалануды қамтиды.

Қазақстан – берилий (1-4 орындар), ниобидің, галлидің, техникалық таллидің, титан сіңіру (3 орын), ренидің (1-5 орындар), уранның (7 орын), көмір мен күміс (9 орын), мырыш пен глиноземның (10 орын) әлемдегі ірі өндірушісі. Бізде ТМД елдерінің аумағында барланған уранның 45% шоғырланған.



2-сурет – Тау-кен өндірісінің дүниежүзілік динамикасы [10]

Ішкі нарықта және халықаралық сауда қажеттіліктері үшін арналған – металл, көмір және мұнай өндіру бүкіл әлемдегі көптеген елдердің тұрақты экономикалық дамуы үшін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Металлургия кешені – тау-кен, металлургия және көмір өнеркәсібін талдау: жалпы әлемде көмір мен мұнай тұтыну, сондай-ақ, тау-кен өнімдері ретінде ұлғайту үрдісі бар екенің көрсетеді. ЕЭК елдерінің көмір өнеркәсібі, сонымен қатар Еуропаның отын-энергетикалық табиғи газ кешенін, мұнай және атом энергиясын қайта бағдарлауға байланысты көмір өндірудің төмендеуі бар. ЕЭК мүшесі болып табылатын әрбір ел, жылдық талаптарды қамтамасыз ете отырып, көмір өндіру, импорт және экспорт көлемі бойынша лимиттер орнату.

Дағдарыс және прогрессивтік құрылымы жоқ саясат уақытында дәстүрлі тау-кен қазу өнеркәсібінде экспорттық-шикізат саласы дамуда.

2015 жылдың алғашқы 5 айында тау-кен өнеркәсібіне бөлінген қаражат 19%-ға өсті және 120 млрд тенгені құрды. Ол инвестицияның өсуін 8%-ға қамтамасыз етті.

Тау-кен өнеркәсібі секторына бөлінген инвестициялық үлес мұнай газ өндірісіне бағытталды – 64% (485 млрд.тг.). Көптеген компаниялар үшін шикізаттың ағымдағы деңгейін сақтау үшін күрделі шығыстарды айтарлықтай арттыру қажет [1-6].

Тау-кен өнеркәсібіндегі техникалық қызмет көрсетуге бөлінген қаражат 12%-ға өсті (бұрғылау, геологиялық барлау және т.б.). Есептеу кезеңінде көмір өндіру саласындағы инвестицияның көлемі 11 млрд. тг.-ге жетті, және жалпы секторға бөлінген қордың 1,4% құрады.

Экономикалық қиындықтарға қарамастан, өнеркәсіптің өндіріс көлемінің өсу қарқыны кокс өндірісінің және мұнай өнімдері өндірісінің өсуінің арқасында 2 есе өсті, ал пайдалы қазба өндірісі 1,7 есеге. Өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің көрсеткіші 100,4% құрады. Мұнай, табиғи газ, түрлі-түсті металл өндірісі 2014 жылғы есеппен салыстырғанда 2015 жылдың қаңтар – ақпан айларында біршама өсті. Сонымен қатар көптеген бейметалдың минералды өнімдер, оның ішінде резеңкелі және пластмассалы өнімдерінің өндірісі өсті. Өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі Республиканың 10 аймағында бақыланды. Осымен қатар көмір өндірісі және агломерацияланған темір кенінің өндірісі біршама кеміді. Шикізат өндірісіне бағытталған экономика елімізді әдемдік нарықтың минералды шикізат, металл және мұнай сұранысына бағынышты болуға әкеледі. Бұдан шығу жолы тек экономиканың өнімдердің экспорты мен импортына қайта бағдарлаудан көрінеді, олай болмаған жағдайда Қазақстан көптеген дамыған елдердің шикізаттық қорына айналады.

Қазіргі уақытта Қазақстан кен өндіруші саламен байланысты көптеген мәселелермен ұшырасуда.

Халықты жұмыспен қамтамасыз ететін өндірістік жобалар жергілікті халықтық өмір сүру деңгейін ұлғайтады. Қазіргі уақытта билік қазақстандық қорға көп көңіл бөлуде.

Жер қойнауының қолданушылар компаниясынан қарағанда қазақстандық қорға жергілікті жұмысшылардың пайыздық көрсеткіші,

азық түлік, қызметтер және т.б. жатады. Қазір бұл қор 10% асады, ал болашақта 50% өседі деп жоспарлануда.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі минералды – шикізат базасын (МШБ) дамыту үшін күрделі және кең ауқымды шаралар қабылдау қажет. Бұл үшін мемлекет деңгейінде барлау жұмыстарын ұйымдастыру керек. Геологиялық барлау және қорды бағалау жұмыстарының заманауи әдістерін әзірлеу қажет.


Қазақстан тау-кен өндірісі мен қайта өңдеу салаларының инновациялық даму келешегі

2017 жылы Қарағанды облысында 8 көмір кенішінің тиесілі Қарағанды компания «АрселорМиттал Темиртау» (АМТ) және Қарағанды, Қостанай облыстары мен Ақмола 4 кенжер темір кені, 340 млн.т. қоры бар операцияға жаңа шахтаны «Тентек №10» қосуды жоспарлап отыр. АМТ компаниясы Қазақстан Республикасындағы көмір шахтыларына жұмыс жағдайын жақсарту үшін соңғы жылдарда көмір саласына 500 млн. долл. аса қаржы салды.

2015 жылы Қазақстандағы жалпы көмір өндіру 100-ден астам млн. тоннаға жетті. Жоспар бойынша Республикада 2020 жылға қарай көмір өндіру көлемі 145-150 млн.тонна құрайды. Бұл үшін 4 млрд. долл. көп инвестиция қажет сонымен қатар 1,8 млн. долл. энергиялық көмірлерге, 1,5 млн. долл. коксталатын көмірлерге. АМТ компаниясы қазақстандық шахтыларындағы метан газсыздандыру арқылы электр энергиясын өндіру үшін құны 2 млн. долл. құрайтын «пилоттық» инновациялық жобасын жүзеге асыра бастады.

2014 жылы ақпан айында көмір қабаттарынан метанды өндіру жобасының іске қосылуы туралы меморандумға қол қойылды. Жобаның соңғы мақсаты – метанды қолдану негізінде жаңа отын-энергетикалық саласын өндірістік мақсатта құру және Астана, Қарағанды қалаларын және жақын маңайдағы қоныстанған пункттерді газбен қамтамасыз ету. Жақын уақытта метан туралы заң жобасы қабылданады, одан басқа Қазақстан Республикасының заңнамасына көмір қабаттарынан метан өндіруге мемлекеттік қолдау сұрақтары бойынша өзгерістер енгізіледі. Киот келісімшартына сәйкес өнеркәсіптік елдер ауаға көмірқышқыл және 5 түрлі газдың шығарылуы атмосфералық парниктік эффекті күшейту себебінен 15%-ға азайтуы қажет. Сондықтан қалдықтарды атмосфераға шығарылуын азайту мәселесін шешу үшін Қазақстанда «Жасыл энергетикаға» өту концепциясы әзірленді. Соған байланысты көмір энергиясынан газ энергиясына біртіндеп өту ұсынылады.

2020 ж-ға дейін осы және басқа жұмыс бағыттарының нәтижесі әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштердің дамуынан көрінеді.



3-сурет – ТМК 2030 жылы дейінгі даму келешегі [10]

Дағдарыстан кейінгі экономиканы жаңғырту «елдің басты байлығы» сияқты адами әлеуетін «халықаралық қатынастар және әлемдік сауда-қаржы жүйесінің сұлбасын жана архитектурасы» қалыптасуына үлес қосу арқылы және өңірлік экономикадағы «Қазақстан басшылығының» саясатын қамтамасыз ету.

Индустрияландыру дамыту және өңірлік саясаты Қазақстан дағдарыстан кейінгі экономикалық жаңғыртудың басым бағыттары. Келесі 10 жылдықтың экономикадағы ел «жетістіктің кілті» теңгерімді постиндустриялық даму және Қазақстан Республикасы Н.Ә. Назарбаев басымдылық ретінде, әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Осы жоспарларды іске асыру үшін қосымша шетелдік 20 млрд. инвестиция тартылатын болды. Акцияларды, шетелдік программаларды шикізат емес секторында пайдаланатын болады, ол инфрақұрылым мен бірлескен кәсіпорындар [9].

Осы индустриялық саясаттың нәтижесі ерекше болып табылады және 2020 жылы жалпы шикізат емес экспорттың үлесін арттыру 13% кем болмауы тиіс деген болжам бар. ТЖӨ-дей тау-кен өндіру үлесін арттыру арқылы экономиканың құрылымдағы өзгеріс болуы тиіс шикізаттық емес кірістер 45% және әлеуетін арттыру дейін экспорт (шикізаттың экспорттаушылар үшін қадау) халықаралық нарықтарда Қазақстан саласының экспорттың мүмкіндіктері кеңейтуге арналған индустрияландырудың шешуші бағыты Қазақстан Президенттің халыққа жолдауында шикізаттың емес экспорттаушыларды қолдау қаралады.

Әрине, Республиканың қалдықтарының шикізатқа бейімделуі қажет. Сонымен қатар, жоғары технологиялық өндіріс жолы – ол шикізат пен өнімдерді сатудан түскен кірістерді пайдалану және жоғары өнімді жұмыс орындары бар жеткілікті резервпен қатар ғылымды қажет ететін өндіріс.

Болашақта экономиканың қайта құрылымдаудың негізгі тірегі минералды – шикізат ресурстары болып табылады. Дегенмен тау-кен өндірісінің жетекші салаларының өз шикізаттары базасымен қамтамасыздығы белгілі бір деңгейде қауіп шақырады. Әрі қарай тек қана

қорлардың көлемі туралы ғана сөз қозғап қана қоймай, олардың сапасы туралы, яғни әлемдік нарықта бәсекеге қабәлетті жаңа кен орындарын ашу.

Қазақстанның жер қойнау бай, қолданыстағы кәсіпорынның, шикізаттың базасының байыпты аумақтауының шынайы мүмкіндігі бар, және Қазақстан мен орта Азия үшін өндіріс ұжымының материалдары жатады.

Минералды-шикізат базасын толықтану үдерісінің пәрменді мониторингін жүргізу қажет және минералды шикізаттың барлық түрінен өнеркәсіптің қамтамасыз етілуіндегі қадағалауды бақылау. Тұжырымдама бойынша 2007-2024 жж. Қазақстанның дамуына сәйкес тау-кен табу өнеркәсібінің факторы мен принципін анықтау қажет, олқылықты технологияның ғылыммен инновация негізіндегі дамуын қарастыру.

Мамандар мен жүргізілген үлкейтілген талдау елдің тау-кен табу комплексінің тұрақты дамуының негізгі факторларын келесілермен бөліп қарастырды: минералды индустрияның тұрақтылығы минералды шикізаттың қорларымен анықталады және ондағы қажеттілік, пайдалы қазбаны қазу көлемімен, табылатын және өндірілетін шикізаттың санымен, минералды бөлу технологиясының тиімділігімен, процестердің экологиялылығымен және қауіпсіздігімен.

Қазақстанның тау-кен өндіру өндірісін (ТӨӨ) тұрақты дамуының негізгі факторы, әлбетте минералды шикізатты технологиялық режиммен қамтамасыздануы етілетін іштегі пайдалану саласы болып саналады. Берілген саланың дамуын мемлекеттік деңгейде міндетті түрде үш негізгі бағытта қарастыру керек: 1-ші – елдегі пайдалы қазба түрлерінің көп бөлігін ішкі қолданыс аясына енгізу; 2-ші – міндетті түрде технологиялық деңгейдегі дайын өнімнің өндірілуіне жағдай жасау; 3-ші – инновациялық процестердің жандандыру өндіру технологиясының жетілген түрін құрастыру және руданы қайта өндіру олардың пайдалы компоненттерін алу маңызды.

«Пайдалы кен орындарын қазып өндіру» кафедрасының даму келешегі және ИИДМБ-2 бағдарламасы негізінде кадрлар даярлау мәселесі

1953 ж. кафедра негізі қаланды. 2004 жылдын бастап «Тау кен ісі» мамандығы бойынша бакалавр, магистрант және PhD-докторанттарын дайындайды.

Әр жылдары кафедраға профессорлар, т.ғ.д жетекшілік етті. Олар: А.С. Сағынов (1957-1988 жж), Ю.А. Векслер (1988-1992 жж), Э.Г. Роот (1992-2004 жж), В.Ф. Демин (2004-2008 жж). 2008 ж-дан қазіргі уақытқа дейін кафедраны т.ғ.д, профессор Т.К. Исабек басқарады.

ПҚҚҚӨ кафедрасының профессор-оқытушылық құрамын құрудағы негізгі жұмысты ғылым және техника саласындағы Қаз ССР мемлкеттік сыйлығының екі мәрте лауреаты, Социалистік Еңбек Ері, кафедраға 33 жыл жетекшілік еткен А.С. Сағынов атқарды.

Атақты ғалымдар, профессорлар т.ғ.д. С.С. Квон, Б.Т. Беркалив, Н.А. Дрижд Қазақстан тау-кен казу өнеркәсібіне жас мамандарды тәрбиелеу және дайындау жұмысында айқын үлес қосты. 1958 ж мен 2015 ж аралығында 5200-ден астам тау-кен инженерлері дайындалды. Кафедраның көптеген түлектері ірі басшылар атанды: П.П. Нефедов – Қарағанды обл. ЭКС – Әкімі ҚР ӘЖМР экс-вице-министрі; Г.М. Презедент – «Испат-Кармет» ҚДААҚ экс-атқарушы директоры Р.Б. Юн - Қазақмыс корпорациясының директорлар кеңесінің экс-басқарушысы. И.Я. Мирный – Қарағанды гипрошахт ЖК институтының Президенті, А.Г. Саламатин – ҚР өндіріс экс-министрі. А.З. Нығматулин – Қарағанды обл. Мәслихат депутаты (2003-2006). Ю.А. Кубайчук. ҚР Парламент сенаторы; М.Б. Тиникеев – ҚР Парламент мәжілісінің депутаты. С.Сапиев – бокстан олимпиада ойындарының алтын медаль иегері.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жобаларының заманауи кадрлармен қамтамасыздандыру саласы инновациялық сипаты бар білім беру бағдарламалары және жаңа лабораториялық жабдықтар оқыту негізінде енгізіледі.





ҚарМТУ базасында ИИДМБ-2 аясындағы “Тау-кен” ісі бойынша “Келешектегі тау-кен ісі технологиялары” лабораториясы жұмыс істеуде, ол инженерлік іздену жұмыстары ғылыми эксперимент пен сынықтар шахталық жабдықтар мен машиналарды қарастыру және сызу техникалық пен инвестициялық проекттерді жүзеге асыру және өңдеу шахталарды құрастыру, қайта құру сияқты инженерлік қызметтер көрсетеді. Бұлардың барлығы алдыңғы қатарлы ғылыми және техникалық жетістіктер негізінде орындалады.

Кафедра индустриализация картасына енгізілген «Метан» бағдарламасы (жетекшісі Дрижд Н.А.) бойынша акральды Ғылыми-зерттеу жұмыстарын; АҚ «Шубаркөлкөмір» (жетекшісі Дрижд Н.А.) (19.1 млн.тг) және АҚ ҚД «АМТ» (жетекшісі Демин В.Ф.) Шаруашылық келісімшарттарымен; «Тау-кен роботтық тазарту комплексімен бірге ОРКАПУ адаптивті басқару бағдарламасы» Гумилев атындағы ЕҰУ (жауапты атқарушы Исабек Т.К.) серіктестігімен қатар инновациялық жоба жұмыстары жүргізілді.

2015 жылы ИИДМБ-2 аясында кафедрада бейінді магистратура бойынша жаңа білім беру бағдарламасы жасалды: «Тау-кен ісіндегі инженер және «Метан газын көмір тақтамаларын өндіру және барлау». 2016 жылы бастап «Тау-кен ісіндегі инновациялық технологиялар. Геотехника» жаңа білім беру бағдарламасы бойынша құжаттар жасалуда.

Қазақстанда жоғарғы оқу орны арасындағы рейтинг бойынша «Тау-кен ісі» мамандығы 2014-2015 жж бакалавриат бойынша және 2015 ж магистратура бойынша 1 орынды иеленді: «Тау-кен ісі» 2010 ж. өткен халықаралық аккредиттеуде АИОР (Ресей) және EUR-ACE сертификаттары ұсынылды. 2014 ж «Тау-кен ісі» мамандығы бакалавриат,

магистратура және докторантура бойынша НААР мамандырылған аккредитациясын және халықаралық 5 ж ASIIN мерзімдік аккредитациясын өтті.

	Жабдықтардың жиынтығы Аспап кернеудің олшемінін ара «GEOKON» Алабында, 3000 қалып, табиғат үшін олшет жасамен игерушімін берін және майысқан жартасты тұқым жармала әдіс. Өндіруші: GEOKON, New Hampshire, АҚШ	
	Жабдықтардың жиынтығы Тығыздауыш тұнымның санағы үшін Баянның шегіне қию кезінде түйу Өндіруші: Ресей	
	Бағдарламалың қашсыздандыру MICROMINE Компьютерлін бағдарлама шешім үшін Инновациялық тапсыры жоба, жұмыспен Өтеудің, тау өндірістің тексерісі. Өндіруші: Австралия	
	Бағдарламалың қамсыздандыру FLAC3D5.0 Standand licence+Lubmix Компьютерлін бағдарлама тау алабының Геомеханикалық удерісінің 3D-моделированиясы үшін. Өндіруші: АҚШ, Itasca Consulting Group.	

4-сурет – Жаңа ғылыми жабдықтар мен бағдарламаны қамтамасыз ету

Қазақстан эканомикасы ИИДМБ-2 мамандығы бойынша 3500 жоғарғы білікті мамандарға мұқтаж, осы уақытта жоғарғы оқу орны консорциумы 5200 маман шығарды, соған қоса тау-кен және металлургия кешені (1-сурет):

Жұмыс беруші компаниялар: ЖШС «Қазақмыс Корпорациясы», АҚ «Арселор Миттал Темиртау», АҚ «Шубаркөл көмір», АҚ «Жайрем ТБК», АҚ «Минова Қазақстан», АҚ «Қарағандынеруд»; DMT; EMAG; Marco system analyse and Entwicklung GmbH (Германия).



Томск политехникалық
Университеті FЗУ, РФ



Мәскеу тау-кен институты,
МБ және ҚИ FЗТУ, РФ




«Тау-кен» ұлттық-шикізат
Орталығы, РФ



Орал мемлекеттік тау-кен
Университеті, РФ



Фрайберг тау-кен
Академиясы, Германия



Индустриалдық модерн
академиясы, өнертаным есептерін
шешу теориясы, Германия

5-сурет – ЖОО – ИИДМБ-2 бағдарламасы бойынша кафедрасының серіктестіктері

ИИДБМ бойынша қазіргі таңда қажет етілетін кадрлар саны 35мың адамды құрайды, оның ішінде 17мың маман жоғарғы білімі және 18 мың орташа-техникалық білімі бар. Дайындалған кадрларды қамтамасыздандыру үшін екінші бесжылдықта 10 ЖОО (ҚарМТУ соның қатарында) және 10 базалық колледж анықталған.

Қазіргі таңда ИИДБМ-2 үшін іріктелген ВУЗ-дарға жаңа оқу бағдарламасы дайындалуда, зертханалар мен оқу базаларына жаңарту жұмыстары жүргізілуде, бюджеттен осы жылға 10 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлінді.

2014 жылдың 11 қарашасында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Нұрлы жол – келешекке жол» атты Қазақстан халқына жолдауында жаңа бағыттың негізгі бөлімдерімен Қазақстанның жаңа экономикалық саясатына тоқталды. «Нұрлы жол» бағдарламалық құжат болып табылады, онда 2015-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық нұсқаулары тағайындалған.

Алдағы жылдарға тағы бір маңызды мемлекеттік құжат Н.Ә. Назарбаевтың «Бес индустриалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша

100 нақты қадам» атты жоспары 30 дамыған мемлекеттердің қатарына кірудің жолы болып табылады.

2016 жылы кафедраның жоспарында «Метан» бағдарламасын жоғарғы-технологиялық компанияларды (Каз ТрансГаз, АО «АрселорМиталл Темиртау» және т.б) тарта отырып жүзеге асыру; ЕҰУ мен бірігіп ОРКАПУ робото-технологиялық кешеннің құжатын жобалау. Тау-кен ісіндегі инновациялық-технологиялық зертханасын тиімді жұмыспен және жабдықтармен бағдарламамен қамтамасыздандыру; докторанттар, магистранттар және студенттерді қатыстыра отырып, «Тау-кен ісіндегі инновациялар» және «Метан» атты Инновациялық орталықтарының жұмыс істеуін ұйымдастыру; келісім шарт бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын кооперативтік университет кәсіпорындарымен бірлесіп орындау.

Әдебиеттер тізімі

1. Р.С. Каренов Журнал «Вестник КарГУ», Караганда, 2010 – С. 33-43
2. С.Ж. Галиев, Е.К. Едыгенов Приоритетные направления решения проблем горной науки и горнодобывающей отрасли промышленности на современном этапе // Казахстанский горнопромышленный портал. – <http://www.mining.kz/news/file/70479572594.rar>
3. Т.А. Абылайханова, А.А. Кайгородцев Современное состояние и тенденции развития цветной металлургии Казахстана. // GGlobal 14.02.2013 [http:// group-global.org/kk/node/3256](http://group-global.org/kk/node/3256)
4. Горно-металлургический комплекс Казахстана: состояние, перспективы и проблемы // Энергия Казахстана. – 2007. – № 3. – С. 4-15.
5. А.С. Сагинов Проблемы ресурсосбережения и техноэкологии разработки полезных ископаемых //Наука и техника Казахстана. – 2005.–№ 1.– С.6-11.
6. Б.Р. Ракишев Повышение комплексности использования минерального сырья // Горный журнал, 2006. – № 7. – С. 70-72.
7. П.П. Нефедов, Н. Какенов, Е.Я. Рясков. Состояние и перспективы добычи и переработки полезных ископаемых в Республике Казахстан // Горный журнал. – 2008. – № 11. – С. 5-8.
8. О государственной программе по форсированному индустриально-инновационному развитию РК на 2010-2014 годы// Казахстанская правда. – 2010. – № 38. – 19 марта.
9. Л.А. Крупник, П.А. Цеховой, А.Ф. Цеховой Казахстанский горно-промышленный портал mining.kz, как инструмент информационного взаимодействия предприятий горно-металлургического комплекса // Казахстанский горнопромышленный портал. – <http://mining.kz/component/k2/item/488-kazakhstanskij-gornopromyshlennyj-portal>
10. С.Ж. Галиев. Перспективы развития горно-металлургического комплекса Казахстана в контексте стратегии – 2050 // Горный журнал Казахстана. – 2013. - № 1-2. – С. 5-12.

В.С. Портнов,
Қарағанды техникалық университетінің
«Геология және пайда қазбалар орынын барлау»
кафедрасының профессоры, т.ғ.д.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Қазақстан Республикасы сонау заманнан ең көп перспективалы мұнайгазды өңірлері бар мемлекеттер қатарында.

Мұнай-газ кешені Қазақстан Республикасының экономика құрылымында ең маңызды орын алады. Мұнай-газ компанияларынан түсетін қаржы мемлекеттік бюджеттің негізгі бөлігін құрайды. Мұнай-газ кешені мемлекеттің және оның бөлек өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері өте маңызды, негізінде мемлекеттің барлық экономикасының доноры, экономиканың барлық салаларының дамуына әсер етеді. Мұнай-газ кешенінің жұмыстарымен барлық мемлекеттің және өңірлердің масштабында маңызды әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуы байланысты.

Көмірсутекті шикізаттың едәуір қорлары, мемлекеттің геофикалық орналасуының қолайлығы, мұнай және газды өндіру көлемдерінің ұлғаюы болашақта Қазақстан Республикасының экономикасында болашақта мұнай-газ кешені үздік орын алады және оның дамуымен мемлекеттің болашақ әлеуметтік-экономикалық дамуы байланыста.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясында ұзақ мерзімді приоритеттер негізінде энергетикалық ресурстары белгіленген, қазақстандықтардың өмірін жақсарту және тұрақты экономикалық өсуіне әсер ететін табыс алу мақсатында мұнай және газды өндіру және экспорттауды тез өсіру жолын тиімді пайдалану.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өткендей – **«Мұнай отандық өнеркәсіптің маңызды саласы ғана емес, ол мемлекеттік тәуелсіздік статус белгісі, жарқын болашақтың үміті».**

Республиканың дамуында көмірсутекті ресурстардың маңызы өте зор екені айқын, өйткені негізгі экспорттық потенциал болып табылады сондықтан мемлекеттің экспорттық табыстың негізгі бөлігі. Экономиканың глобализация жағдайында меншікті бизнес көлемдерін ұлғайту үшін, транснационалды мұнай компаниялар, ұлттық экономиканың приоритетті салаларына жиі кіріседі. Ол, қазіргі заманғы шикізат нарығының (бірінші қатарда ол мұнай және мұнайзат нарығы) осыдан шығатын барлық салдарымен глобалдық халықаралық аумаққа айналады.

ТМД мемлекеттерінің арасында өнделетін мұнай көлемі бойынша Қазақстан Ресейден кейін екінші орында. Қазақстан басшылығы мұнай-газ саласының дамуын, ұлттық экономиканың тұрғылануының маңызды факторы деп санайды.

ҚР мұнай-газ кешенінің даму тарихы

Қазақстанның мұнай-газ өндірісінің дамуы 100 жылдан астам бұрын басталды. Қазіргі күнде Қазақстан Республикасы әлемдегі ірі мұнай өндіретін мемлекеттердің бірі.

1899 жылы Қарашұңғұл кен орнында бірінші мұнай фонтаны соқты, сол күннен бастап Қазақстанның мұнай тарихы басталды.

1911 жыл – Доссорда жоғарғы сапалы мұнай кен орны ашылды, ол жағдай әлем масштабын дүркіретті (1 сурет).

1913 жыл – Гурьев облысында Мақат кен орны ашылды.

1914 жыл – Доссор және Мақатта 200 мың тоннадан астам мұнай өндіріле бастады.



1-сурет – Қазақстанның бірінші мұнай кәсіпшілік жанындағы өмір, 1910 ж.

1926 жыл – Ембі кен орнында айналу бұрғылауды және барлаудың геофизикалық әдістері қолданыла басталды. Сонымен қоса Доссор мұнайын тасымалдау үшін Гурьев-Доссор теміржолы пайдалануға қосылды (2-сурет).

30-шы жылдары Гурьев облысының едәуір дамуы басталды. Зертханалар, мұнай техникумы ашыла басталды, "Эмбанефтепроект" кәсіпорны ашылды. 1932 жылдың маусымында Гурьев-Эмба-Орск мұнай өткізгіш құрылысы басталды. Байшонас, Қосшағыл, Шұбарқұдық, Құлсары жаңа кен орындары ашыла басталды. 1935 жылы қазақстан мұнайшылары арасында стахан қозғалысы басталды. Абдрахман Каримов – «Эмбанефть» тресінің Доссор мұнай кәсіпшіліктің стахановшысы.



2-сурет – Доссор мұнайкәсіпшілігінің жалпы түрі

1940-45 жылдары Қазақстанда белсенді геологиялық барлау жұмыстары өткізілді, оның нәтижесінде жаңа кен орындар ашылды: Тереңөзек, Тажығалы, Тюлес, Қара арна және т.б. Қазақстандағы мұнай өндіру көлемі жылына 1 млн тоннаға жетеді. Сонымен қатар, мұнайшылар Маңғышлақ түбегін және оның бай жатыстарын игере бастады.

60-шы жылдары роторлық бұрғылаудың орнына жылдамдық турбиналық бұрғылау енгізе бастады, бұрғылау станоктар паркін көбейтті, олардың техникалық мүмкіндіктері 3,0-4,0 мың метр тереңдікке дейін игеруде едәуір ұлғайды. Әлем нарығына мұнай экспорты көлемі белсенді ұлғайтылуда. Қарсақ, Прорва, Мартыши, Таңатар, Қамысты оңтүстік-батысты, Кеңкияқ кен орындары ашылып, өңделе бастады. Узень кен орны терең бұрғыланып, мұнайдың бірінші фонтаны алынды.

1965 жыл – Гурьев мұнай өндейтін заводына манғышлақ мұнайының бірінші эшелоны жіберілді. Қазақстанда өндірілетін мұнай көлемі жылына 2 млн тоннаға жетті.

1969 жыл – Маңғышлақтың оңтүстігіндегі ең ірі Узень және Жетібай кен орындары ашылғаннан кейін барланған мұнай қорлары 20 есеге көбейді, ал жылда өндірілуі 14 есе көбейді. Қазақстандағы мұнай өндірісі жылына 10 млн астам тоннаға жетті.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарын мұнай ашудың ең ірі науқаны деп атап өтуге болады. Қысқа мерзімде **Қаражанбас, Солтүстік Бұзашы, Қаламқас** кен орындары ашылды. 1974 жылы Маңғышлақта мұнай өндірісі жылына 21 млн тоннаға жетті (3-сурет).



3 сурет – Маңғышлақ облысындағы Қаражанбас кен орнындағы мұнай барлау бұрғысы, 1976 ж

1991 жылдың аяғында республиканың мемлекеттік басқару құрылымындағы жалпы өзгерістермен қатар Қазақстанның энергетикалық секторын басқаруында өзгерістер орын алды. Сала, Қазақстан Республикасының электрификациялау және энергетика министрлігі және ҚР геология және қойнауды қорғау мемлекеттік комитетінің басқаруына ауысты.

90-шы жылдары тәуелсіз Қазақстан шетел инвестицияларды шақырту жолдарымен, СССР ыдырауынан кейін нашарлаған мұнай өндіріс саласын қалпына келтіріп дамыта бастады.

1998 жылы Қазақстан және Ресей Президенттері, Каспий теңізінің акваториясының солтүстік бөлігі бойынша шекара туралы тарихи келісім шартқа қол қойды. Каспий порты, Ақтаудың реконструкциясы аяқталды. 1999 жылы, Қарашұңғылдағы 1989 жылы бірінші мұнай фонтанынан басталған Қазақстанның мұнай саласының 100 жылдық мерейтойы аталды.

2000-ші жылдары, «ҚазТрансГаз» АҚ тұрғызылады. Шикізат саласындағы ең ірі компаниялардан келіп түсетін қаржының арқасында, болашақ ұрпақтар үшін қаржы активтарын жинау мақсатында Ұлттық қор ашылады.

Каспий қайраңында, соңғы 30 жылда әлем бойынша болмаған ең ірі Қашаған кен орны ашылды. Ұлттық «ҚазМұнайГаз» компаниясы ашылады.

2006 жылы Теңіз кен орнында мұнайдың миллиардыншы баррелі өнделді. 2010 жылы жыл сайын өнделетін мұнай көлемі 76 млн тоннаға жетті.

Қазақстанның мұнай тарихы, «Қазақстанның алдында қара алтын» беретін жаңа перспективалар ашылатынын көрсетеді.

Саланың қазіргі заманғы жағдайы және проблемалары

Мұнай-газ кен орындарын игерудегі Қазақстанның жетістіктері экономиканың динамикалық дамуының негізі болды. Бірақ мемлекет басшысы 2050 жылға дейінгі көмірсутек ресурстарын тұрақты өндеуін сақтау және экспорттау үшін тиімді басқару жүйесін даярлауды жаңа

мақсат етті. Дәстүрлі жыл сайынғы шолуда біз соңғы 13 жылдағы отандық мұнайдың даму трендін және негізгі көрсеткіштерін ұсындық.


Қазақстанның ресурстық потенциалы және қолайлы инвестициялық климаты біздің мұнай-газ кешеніне глобалды энергетикалық нарықтың ең ірі ойыншылардың назарын аударды: қазіргі кезде салада АҚШ, Ресей, Қытай, ЕО және де басқа мемлекеттер компаниялары бар. Көп жағдайларда шетел серіктестестер арқылы республикаға Теңіз және Қарашығанақ сияқты ірі кен орындарды өндірістік пайдалануға тез қосуға мүмкіндік берді. Соңғы он жылдағы салаға салынған инвестициялардың 60% шетел компаниялармен бірлескен жобаларға салынды.

Сонымен қатар Қазақстан үкімет басшылығы өзінің саясатында мұнайгаз жобаларда мемлекет үлесін көбейтуді, шетел инвесторлардың іс-әрекетінің ашықтығын, олардың әлеуметтік салада жауапкершіліктігін ұлғайтуды мақсат етеді. Жаңа талаптар біздің серіктестерден мұнай өндіруші мемлекет ретінде Қазақстанның және оның дамудың ұзақ мерзімді мақсаттарын ескере отырып инвестициялық стратегияны нақты тұжырымдау керек.

Негізгі мұнай өндіруші компаниялармен мұнай өндірулері (ТШО, КПО, СНПС-Ақтөбемұнай-газ, РД КМГ и Мангистаумұнайгаз) қараша айында 5073,2 млн. тоннаға жетті. Ол мемлекеттегі өндірілетін барлық мұнайдың 75,1% құрайды (4-сурет).

Қазіргі күнде әлемдік көмірсутек қорлары бойынша Қазақстан үлесі 3% құрайды. Осы көрсеткіш бойынша біздің ел әлем бойынша 9 орында.

Объем добычи нефти и газового конденсата за ноябрь 2015г., тыс.тонн.
Топ-10 нефтяных компаний Республики Казахстан



4-сурет - 2015ж. қараша айында мұнай және газ конденсатының өндірілген көлемі, мың тонна. Қазақстан Республикасының мұнай компаниялары 10-топ

ҚР мұнайгаз саласының инновациялық дамуы бойынша жалпы ұсыныстар:

✓ Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешенінің дамуын

инновациялық жолға бағдарлануы, берілген секторда функциялайтын барлық компаниялардың, ұлттық энергетикалық нарықтың ұзақ мерзімді даму приоритеттеріне жауапты ашық және түсінікті мемлекеттік саясатты, өте ірі инвестицияларды, барлық инновациялық-инвестициялық процестің білікті реттелуді талап етеді.

✓ Елеулі технологиялық төмендетуге бағытталған, үкімет тарапынан негізгі қадамдар - дамудың инновациялық жолына Қазақстанның мұнай-газ саласының көшу мәселесі алдыңғы қатарлы ғылыми-технологиялық жетістіктерді дамыту және коммерцияландыру мүмкіндіктері, сондай-ақ, қазақстандық компаниялардың инновациялық белсенділігін дамыту Республиканың бәсекелестік артықшылықтарын пайдалануды және қаржылық тәуекелдерді талап етеді.

✓ Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторындағы проблемаларды, инновациялық процестерді енгізу қажеттілігі: мұнай және газ өнеркәсібі бойынша жоғары тәуелділігін және әлемдік энергетикалық нарықтың жай-күйін; ресурстық базаның өсуі және жетілдіру; өндірістік процестің барлық деңгейлерінде шығындарды бақылау және азайту; экологиялық қауіпсіздік; жаңа өндірістерді құру; негізгі құралдардың тозу дәрежесі жоғары өнім нарығын ұлғайту; инвестициялық ресурстардың және оларды тиімсіз пайдалану газ секторы тапшылығын сақталады; Халықаралық ғылыми-техникалық деңгейін өндірістік қуаты келмеуі; қоршаған ортаға жалғасып жоғары жүктеме; назарға мұнай-газ кешенінің кәсіпорындары жұмыс істеуінің толық ерекшеліктерін қабылдау дамыған және тұрақты заңнама болмауына байланысты қамтиды.

✓ Мұнай-газ секторындағы инновациялық қызметінің стратегиялық мақсаттары болып табылады: мұнай және оның өңделген өнімдерін ішкі және сыртқы сұраныстың тұрақты, экономикалық тиімді қанағаттандыру; шоғырландырылған бюджет кірісіне дәйекті жоғары түсімдерін қамтамасыз ету; Қазақстанның әлемдегі саяси мүдделерін қамтамасыз ету; Қазақ экономикасының секторларына байланысты өнімдері үшін тұрақты тиімді сұраныс қалыптастыру (өндірістік, қызмет көрсету, тасымалдау, және басқалар).

Мұнай-газ саласын дамытудың басты мәселелерінің бірі Қазақстан, мұнай теңіз ластанудың алдын алуына қатысты сұрақтар реттеуге, назарға мемлекеттік және жер қойнауын пайдаланушылардың мүдделерін ескере отырып, жеке заң актісімен, жылы жоқтығы болып табылады.

Теңіз өткізу және ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын қоса алғанда, жүзеге асыратын жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды, реттейтін қолданыстағы заң, «мұнай төгілген» деген ұғым жоқ.

Бүгін, назарға тұжырымдама берілетін болады онда «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңның жаңа мақалалар, толықтыратын заң жобасы әзірленген осы мәселенің маңыздылығын ескере отырып, «теңіздегі мұнай төгілуі» актісі жер қойнауын пайдаланушы

мұнай төгілуін алдын алу және жою жоспарларын бекітеді, сондай-ақ, осы саладағы қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған ұйыммен келісім-шарт жасасуға деп көзделген.

Мұнайдың апаттық төгілуін жою мәселенің тағы бір қыры жер қойнауын пайдаланушының жеткілікті қаржы ресурстарын қамтамасыз ету болып табылады. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, қашан қоршаған ортаға ірі мұнай төгінділерін зиян мен сенбіліктер шығындары бірнеше миллиард долларға дейін болуы мүмкін. Осыған байланысты, мемлекеттік апаттарды және келтірілген залалдың өтелуін жоюға жер қойнауын пайдаланушы жеткілікті қаражаттың қолжетімділігі тікелей мүдделі.

Қазіргі уақытта сақтандыру шегін таңдау кезінде жер қойнауын пайдаланушы жиі сақтандыру шығындарды үнемдеу ойларын басшылыққа алады, және осы міндеттеменің жеткіліксіз шаралар, сондай-ақ толық қамту әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, заң жобасында мұнай төгілген жағдайда қаражат жинақтауға арнайы қор құру үшін жер қойнауын пайдаланушының міндеті көзделген.

Қазақстандағы саланың инновациялық даму перспективалары

Өндіріс факторы инновациялық жоғары бәсекелестік энергетикалық нарығында, соның ішінде белгілі бір салалар мен өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін дамуына әкеледі. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ кешені ұлттық экономиканың негізі бүгінгі, елдің дамуына, қосындылары ресурстардың әр түрлі тиімді пайдалану үшін жағдай жасау, сондай-ақ кешен аясында, сондай-ақ сабақтас салаларда технологиялық инновацияларға серпін генерациялау қарқыны болып табылады.

Қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында, инновацияларды құны айтарлықтай өсті. Осының арқасында жаңа технологиялар мен басқару ұйымдастыру мен өндірістің жаңа әдістерін қолдану бағасын төмендетуге, төменгі өндірістік шығындар әкелуі ретінде нарықтық экономика жағдайында, инновациялық, қуатты дағдарысқа қарсы фактор болып табылады, бұл шын мәнінде, ынталандыру, пайда ұлғайту компанияның және жаңа нарықтарды жаулап беделін (сурет) арттыру үшін жаңа қажеттіліктерін көрсетеді.

Қазақстанда инновациялық қызметті, жаңа идеялар енгізу негізінде, өндірістік және әлеуметтік басқару аудандарда әртүрлі салаларында ғылыми білім, технология және өнімдер республика экономикасының дамуында аса маңызды факторларының бірі болып табылады.

Қазақстандағы инновациялық қызметті кеңейту **«Инновациялық қызмет туралы»** және **«Қазақстан Республикасында инновациялар дамыту бағдарламалары және технологиялық жаңғырту»** заңының негізгі ережелеріне бағытталған.

«Инновациялық қызмет туралы» ҚР Заңы инновациялық қызмет саласындағы қатынастарды реттейді және мемлекеттік инновациялық

саясатты іске асыру негізгі принциптері, бағыттары мен формаларын анықтайды. Ерекше назар жоғары өсім осындай ақпараттық және коммуникациялық технология сияқты салаларда және электроникада жасалады.

«Инновациялар дамыту бағдарламасы және Қазақстан Республикасында технологиялық жаңғырту» мақсаты ұлттық инновациялық жүйені құру болып табылады, инновациялық және технологиялық даму басқару жүйесін құру арқылы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, салалар мен аймақтардың инновациялық дамуын қамтамасыз ететін, жоғары технологиялық шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай жасау және елдің ғылыми және инженерлік әлеуетін арттыру.

Жаңа білім, инновациялық әлі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі фактор айналған жоқ. Қазақстандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі төмен деңгейде әлі - 5,7%, өнеркәсібі дамыған елдерде компаниялардың шамамен 70% жаңа нарықтық сегменттерін дамыту мақсатында өнімдердің ассортиментін кеңейту байланысты инновацияларды жүзеге асыруға, ал неғұрлым жетілдірілген және прогрессивті нысанда, оның орнына оны құру идеясының, инновацияларды коммерцияландыру және практикалық пайдаланудан - мұнай өндіру ерекшелігін ескере отырып, инновациялық процесс әр түрлі кезеңдерінде, соның ішінде мұнай өндіру процесі тізбектің барлық деңгейде жүзеге асырылып, инновация өмірлік циклі кезеңдерінің өзара болып табылады.

Инновациялар мен ҚМГ ҰК технологиялық даму бағдарламасына сәйкес, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды шығындар 2016 жылы 46 млрд теңгеге дейін артады. Негізгі шығындар резервтерін таусылып қалпына келтіру және мұнай арттыру мақсатында қиын бар кен тиімділігін арттыру, мұнай-газ, көлік технологиясы, қоршаған ортаны қорғау, энергетика және ресурстарды пайдалану тиімділігін жүйесін барлау және жетілдіру тиімділігін арттыру сияқты салаларға байланысты инновацияға шығыстарды ұлғайту Ұлттық әл-ауқат қоры «Самұрық-Қазына» Ұлттық компаниялардың өтініші алдағы жылдары БӨ инновациялық белсенділікті күшейту.

Сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» рейтингіне сәйкес инновациялар деңгейінде БӨ бүгін сегіз ұлттық компаниялардың төртіншісі болып табылады. компанияның инновациялық дамуы әлсіз балл БӨ арасында бірыңғай технологиялық жобалар мен активтерді басқару стандарттарын жоқтығын атап өтеміз. Компанияның жүргізіліп жатқан инновациялық бірыңғай басқару орталығы жоқ.

Жалпы алғанда, компания біртұтас инновациялық басқару жүйесін, технология және инновация саласындағы инвестициялық шешімдер қабылдаудың бірыңғай процесі жетіспейді. Жоба талдау комитетінің рөлін күшейту барынша қажет болады. Инновация рейтингінде жоғары

лауазымға жету мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ҚМГ қысқа мерзімде негізгі міндеттерінің бірқатарын анықтады. БӨ-инновациялық даму және негізгі көрсеткіштерін саласындағы мақсаттары мен технологиялар қажеттіліктерін көрсететін стратегиялық құжаттарды бекітеді, инновациялық саясаттың жеке бөлімі құруды жоспарлап отыр. Ол инновациялар бағдарламасын іске қосу үшін қажет. Сонымен қатар, бұл бағдарлама әзірленді және еншілес ұйымдарға әр қойылуы тиіс.

Барлау және өндіру саясатындағы инновациялар

Геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін (мультифокусинг, геологиялық сандық модельдеу) жетілдіру 2022 жылы ұлғаюы екі еседен астам инновациялық арқасында технологияларды пайдалана отырып, барлау жұмыстарына қалдық мұнай қоры шоғырландырылған.

Резервтерді қалпына келтіру қиын және мұнай өндіру коэффициентін арттыру үшін бар кен тиімділігін арттыру

Озық технологиялар:

- Өтпелі (Циклдік) су тасқыны бағытының өзгеруіне
- полимер-гель жүйесін жүктей
- мұнай және су айдау
- қапталды бағаналарды
- Көлденең ұңғыма және тармақталған көлденең ұңғымалар

Инновациялық әсері

•Ғылым мен техниканың және қазақстандық ғалымдар мен дамыту командалары дамыту және технология кен орындарында өндірістік сынақтарды жаңа отандық жабдықтарды сынау

•Әлемдік көрменің және тәжірибеде жаңа технологияларды қолдана отырып жүзеге асыру

- жаңа технологияларды қолданыстағы кен орындарына енгізу

Қазақстан экономикасының негізі мұнай-газ саласы болып табылады. Ол барлау, мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау және сервистік компаниялардың, соның ішінде тығыз байланысты салалар жиынтығын білдіреді. Мұнай алдын ала анықтайды және ұлттық экономиканы одан әрі дамуын анықтайтын болады. Мұнай-газ секторының стратегиясына сәйкес, елдің экономикалық өсуінің негізі болуы тиіс. Қазіргі уақытта, көмірсутектер өндірісі мен экспортының өсуінің тұрақты тенденциясы байқалады. Қазақстан көмірсутек экспортына қатты тәуелді.

Қазіргі уақытта, аймақтағы мұнай өндіру жыл сайын 1,5 млн. тонна.

Қазақстанның мұнай-газ кешені - экономиканы тұрақтандыру үшін қомақты үлесі басым, экономиканың жетекші саласы, егемен мемлекет экономикасының ең маңызды бөлігі, елдің негізгі салаларының бірі. Мұнай-газ саласын дамытудың негізгі басымдықтары ел экономикасының орнықты өсуіне ықпал етуі тиіс ұлттық энергетикалық қауіпсіздігін, энергетикалық ресурстарды ұлғайту және олардың тиімді пайдаланылуын,

экспорттық және ішкі құбырлары құрылысын қамтамасыз ету болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Глебов Е.В., Глебов Л.С. Экология курсы: Учеб. Пособие. – М.: РГУ нефти и газа, 2000. – 183 с.
2. [http: // www. kazenergy. Com /kz /-2-3-2007/1203-neftegazovyi-kompleks.html](http://www.kazenergy.com/kz/-2-3-2007/1203-neftegazovyi-kompleks.html)
4. <http://www.kazportal.kz>.
4. <http://nb.kz/3189/>
5. [http://www.voxpopuli.kz. /history/450-neft-kazakhstana-istoriya-v-fotografiyakh.html](http://www.voxpopuli.kz/history/450-neft-kazakhstana-istoriya-v-fotografiyakh.html)
6. Журнал KAZENERGY

Г.С. Жетесова,
Қарағанды техникалық университетінің
бірінші проректоры, т.ғ.к., профессор
E-mail: g.zhetesova@kstu.kz

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАШИНАЖАСАУ КЕШЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасының құрылымында өнеркәсіп үшінші орынға ие. Кен өндіру секторы жұмыспен қамтылудың 2,9%-дан астамын қамтамасыз етеді және экономикада жалпы қосылған құнның 18%-ын құрайды. Кен игеру өнеркәсібінде жалпы капиталға инвестиция жалпы көлемнің 30%-ын құрайды, ал өңдеу өнеркәсібінде тек 12%-ға тең. Индустриализация процесінде екпін аз-аздап өңдеу өнеркәсібіне өтіп келеді, алайда оның даму деңгейі әлі де болса төмен болып табылады. Өңдеу өнеркәсібі жұмыспен қамтылудың 7%-ын қамтиды. ТИИДМБ жүзеге асырудан бастап өткізілген реформалар нәтижесінде инновациялық кәсіпорын үлесі 4%-дан 7%-ға дейін артты, кәсіпорынның технологиялық инновацияларға шығыны 3 есе (113-тен 326 млрд.теңгеге дейін), инновациялық өнім көлемі де 3 есе артты (111,5-тен 379 млрд.теңгеге дейін). Өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны (бес жыл ішінде) 9,3%-ке өсті және 1 млн. адамды (1029,4 мың адам) құрайды. Индустриализация картасы шеңберінде 2010-2013 жыл аралығында Қазақстан Республикасы бойынша 67 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны пайда болды.

Экономикасы дамыған елдерде машинажасау өндірісі үлесіне 30-50% және өнеркәсіптік өнім шығарудың жалпы көлемінің көптеген бөлігі тиесілі (Германияда - 53,6%, Японияда - 51,5%, Англияда - 39,6%, Италияда - 36,4%, Қытайда - 35,2%). Машинажасау саласынан келетін кіріс дамыған елдер өнеркәсібінің толық техникамен қайта қаруландырылуын әр 8-10 жыл ішінде қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, машинажасау өнімінің үлесі Еуроодақ елдерінің ЖІӨ-де 36-45%-ды, АҚШ-та 10%-ды құрайды.

Қазақстандық импорттың 40%-дан астамын машинажасау өнімі құрайды, бұл факті машина мен жабдықты импорттық жеткізіп тұрудан аса қатты тәуелділіктің болуын көрсетеді және бұны өзіндік өндірістің дамуы арқылы төмендету қажет.

Статистика бойынша ҚР Агенттігі мәліметтері бойынша 2015 жылдың қараша айында Қазақстанда машинажасау саласында жұмыс істейтін кәсіпорын саны 1,7 мыңға тең, оның ішінде 1,6 мың – кіші, 156 – орта, 77 – ірі кәсіпорындар болып келеді.

Қазіргі таңда машинажасау өнімін шығару республиканың өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлемінің 5%-ын құрайды. 2008 жылдан

бастап динамикада машина жасау үлесі 3,0%-дан (2008 жыл) 4,7%-ға (2013 жыл) дейін артты.

Бірақ өткен жылдары қабылданған іс-шаралардың едәуір ауқымына қарамастан негізгі мәселелердің бірі:

- кәсіби-техникалық білім беру негізінде техникалық және инженерлік мамандыққа ие кадрлардың жетіспеушілігі мен төмен біліктілігі;
- техникалық, инновациялық мамандықтар мен инновациялық менеджмент бойынша ғылыми кадрлардың тапшылығы;
- техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйесі саласында кадрлардың тапшылығы;
- түлектердің критикалық және стратегиялық ойлау қабілетінің төмен деңгейі;
- инженерлік-техникалық кадрлардың ағылшын тілін меңгерудің төмен деңгейі;
- бизнес пен өнеркәсіптік кәсіпорындарда технологияны коммерциялау мен трансфертте қызығушылықтың болмауы.

Қазақстан Республикасы мен Қарағанды облысында машинажасау өнеркәсібінің негізгі мәселесі негізгі фонды мен белсенді бөлігінің, яғни жабдықтың табиғи тозуы болып табылады, оның 70%-ы пайдалануда 15-20 жыл болады. Соңғы оңжылдықта машинажасауда технологиялық базаны жаңғырту екпіні бәсеңдетілді және 4,6-4,9%-ды құрайды, бұл өнеркәсіп бойынша орташа шамадан (8,7%) төмен болып келеді. Машинажасау өнімінің республика ішкі нарығында қазақстандық өндіріс бұйымдарының үлесі 15%-ға тең, қалған 85%-ы импорт арқасында жабылады.

Саланың даму тарихы

Машинажасау кешені – түрлі машина шығаратын өнеркәсіп салаларының жиынтығы. Машинажасау шаруашылықта үлкен мәнге ие. Ол экономиканың барлық салаларын түрлі жабдықтар мен машиналармен қамтамасыз етеді және көптеген тұтыну заттарын (сағаттар, тоңазытқыштар және т.б.) шығарады. Кез келген елдің даму деңгейін оның машина жасау саласының даму деңгейінен жорамалдауға болады.

Машинажасаудың салалық құрамы күрделі. Оның құрамына ондаған сала кіреді. Бұл салалар 3 топқа біріктіріледі:

- 1) Машинажасау (машина мен жабдықтарды шығару)
- 2) Металл өңдеу (металл жабдықтарды өңдеу, машина мен жабдықтарды жөндеу)
- 3) «Кіші металлургия» (машинажасау зауыттарында металл балқыту)

Қазақстанның машинажасау өнеркәсібі Ресей мен Украинаның Еуропалық бөлігінің орталық және батыс аудандарынан жабдықтарды көшіру негізінде төңкерілістен кейінгі кезеңде, әсіресе Екінші Дүниежүзілік соғыста қалыптаса бастады. Соғыстан кейін өндірістің көптеген түрлері пайда бола бастады. Алайда Қазақстанның машинажасау

өнеркәсібі әлі де алғашқы қалыптасқан өнеркәсіп салаларына қосымша сала ретінде негізінен республиканың ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында дамып келеді және өз құрамында мемлекеттің дамуына қажетті көптеген салалары әлі жоқ.

Машинажасау - кешенді сала. Ол көптеген өндірісті қамтиды. Бұрынғы Кеңестің бірде-бір республикасы машинажасаудың барлық салаларына әсіресе дүниежүзілік стандарт деңгейінде ие болуы мүмкін емес болды. Сондықтан оның әрқайсысы, оның ішінде Қазақстан машина жасау өнімінің нақты түрлерін шығаруға күш салды және онымен мемлекет аралық территориялық бөлісу еңбегінде шықты.

Осыдан машинажасауда өнеркәсіптің кез келген саласындағындай мамандандыру мен кооперативтендіру сияқты өндірістің ұйымдастыру түрлері кеңінен дамыған. Қатарлас салалармен байланыстың үзілуі кәсіпорынның тоқталуына алып келді.

Машинажасау салаларының көбісінен Қазақстанда көбінесе ауыр машинажасау, ауылшаруашылығы, станок жасау өнеркәсібі және бірен-саран аспап жасау мен электр техникалық машинажасау өнеркәсібі дамыған. Республиканың ұлттық шаруашылығының қажеттілігіне негізделе отырып, бұл салалар тау-кен өндірісі, көмір, мұнай, металлургия және тағам өнеркәсібі үшін жабдықтар, көлік пен құрылыс үшін машиналар шығарады.

Қазақстанда машинажасау саласының жағдайы

Қазақстанда 1991 жылға дейін 1800 ірі және орташа машина жасау кәсіпорындары тіркелген, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 322-ке дейін төмендеді, қалғандары өз жұмысын толықтай тоқтатты немесе аудандық шеберханаларға түрленді.

Қазақстанда импорттық және комплектеуші, ғылымды қажетсінетін өнімнің кіші үлесімен түйіндер, агрегаттарды қолданумен құрастыру өндірісіне негізделген жаппай тұтыну өнімін өндіру дамыған. Машина жасаудың бекітілген саласының 37 ішкі салаларынан Қазақстанда 14 ішкі салалар мен металл өңдеу дамыған. Сонымен бірге, саланың 16 ірі кәсіпорындарынан мұнай-газ секторы үшін өнім шығарылады, 12-ге жуық ірі кәсіпорындар кен-металлургиялық сектор үшін өнім шығарады, 15 ірі кәсіпорындар көлік пен қатынас үшін, 13-і қорғау кешені үшін өнім шығарады.

Машина жасау өнімінің өндіріс көлемі 1990 жылдан 1999 жылға дейін 5 еседен астам төмендеді. 2000 жылдан 2003 жыл аралығында №1347 5 қыркүйек 2000 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген Қазақстан Республикасының машина жасау кешенін дамытудың 2000-2003 жылдарға арналған Бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде құлдырау кезеңінен шығып, машина жасауда өнеркәсіптік өндірістің бірқалыпты өркендеуі басталды. Сол мезетте мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіз іс-шаралары салдарынан айтылған бағдарламада көрсетілген машина жасау

кешенінің негізгі мәселелері өз шешімін тапқан жоқ. Сонымен қатар, сала дамуының негізгі тетігі импортты алмастыру саясатын жүзеге асыру болып табылады.

Машина жасау саласы біршама өзгерістерге ұшырады: 1993 жылдан 1999 жылға дейін өндірістің құлдырауы (1985 жылмен салыстырғанда 1999 жылы өндірістің дайын өнімінің индексі 19,8%-ды құрады) және 2000 жылдан бастап өсуі. 1985 жылмен салыстырғанда 2004 жылы өндірістің дайын өнімінің индексі мұнай-газ жабдықтарын, электр жабдықтарын, электрондық және оптикалық жабдықтарды, көлік құралдарын өндіру арқасында 85,9%-ға тең болды.

Қазақстанда машинажасау кәсіпорындары

Ауыл шаруашылығында машина жасаудың жетекші кәсіпорындары: «Қазахсельмаш», Павлодар трактор зауыты, Алматы қаласындағы «Поршень», «Актобинсксельмаш», «Манкентживмаш» және т.б. Ауыр машина жасау өнеркәсібі АЗТМ, №1 Қарағанды машина жасау зауыты сияқты ірі кәсіпорындармен көрсетілген және тағы басқа Өскемен конденсаторлық зауыты, Кентау трансформаторлық, Шымкент «Электраппарат» зауыттары, «Семипалатинсккабель», Алматы төмен вольтты аппаратура зауыты сияқты электр техникалық машина жасау кәсіпорындарымен көрсетілген.

Машина жасау өнеркәсібінің басқа салаларынан аспап жасауды, құрылыс, жол және коммуналдық машина жасауды белгілеуге болады. Біріншісі «Актюбрентген», Өскемен аспаптар зауытымен, Көкшетау аспап жасау зауытымен көрсетілген; екіншісі – Кентау экскаваторлық, Тараз құю-механикалық зауытпен көрсетілген.

Оңтүстік Қазақстан облысында «Электроаппарат» ЖШС-да тұрмыстық және технологиялық қажеттіліктер үшін қолданылатын күн су жылытқыштары игеріліп шығарылады; жоғары вольтты аппаратураны ары қарай жетілдіру және тағы басқа жүргізіледі.

Павлодар облысындағы «Казэнергокабель» зауыты еуропалық мамандану бойынша шектелген күштік сымды шығаратын ТМД-дағы жалғыз кәсіпорын болып табылады. Павлодар кабелі шетелден тасымалданатын өнімнің 25%-ын әлдеқашан ауыстырды.

Саланың қазіргі жағдайы мен мәселелері. Саланың қазіргі жағдайын бағалау

Қазіргі таңда Қазақстанның машина жасау кешені 13 ішкі саланы қамтиды: теміржол, мұнай-газ, кен шахталық және металлургиялық, көлік жасау, ауылшаруашылығы, электр жабдығы, энергетикалық, станок жасау, тұрмыстық техника, компоненттік база, құрылыс, кеме жасау, аспап жасау.


Машинажасау секторы 2012 жылға дейін қарқынды дамып, 2013 жылы дағдарыс салдарынан біршама күйзелді. Бұл, біріншіден, машина жасау өніміне сұраныстың инвестициялық сипатымен байланысты. Машина жасау кешенінің өнім үлесі Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісінің

жалпы көлемінде 1990 жылы 15,9%-дан 2013 жылы 2,9%-ға дейін кеміді, ал 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда артып 3,2%-ға тең болды.

Өңдеу өнеркәсібінде машина жасау саласының үлесі 9,3%-ды құрайды. Өнеркәсіптік кәсіпорынның жалпы санында машина жасау өнімін өндірушілер тек 6%-ды қамтиды.

1-кесте. Машина жасау кәсіпорыны жұмысының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	2009	2010	2011	2012	2013
Өнеркәсіптік кәсіпорын мен өндірістің жалпы саны	1611	1583	1566	1589	1504
оның ішінде:					
Негізгі қызмет түрі «Өнеркәсіп»	866	861	854	860	883
Өнеркәсіптік өндіріс көлемі, млн.теңге	127953	179491	228732	281243	302771
Еңбек өнімділігі, мың теңге	н/д	2244	2824	3336	3537



1-сурет – 2013 жылы машина жасау өнімінің экспорт және импорт құрылымы

Қазақстандағы машина жасау өніміне сұраныс ішкі өндіріс пен экспорттан 6 есе көп болып келетін импорт арқасында дерлік толықтай қанағаттандырылады: 2013 жылы импорт көлемі 15,3 млрд. АҚШ долларын құрайды, ал ішкі өндіріс – 2,4 млрд. АҚШ доллары. Импорт құрылымында 50%-дан астам үлесті автомобиль, станок, мұнай-газ өнімі, кен шахталық және металлургиялық машина жасау, тұрмыстық техника мен ауылшаруашылығы техникасы қамтиды. Экспорт құрылымында электр техникасы, электр жабдықтар мен автомобильдер сияқты компоненттер біршама пайызға ие.

Қазақстанның негізгі сауда серіктестігі Ресей болып табылады, оның үлесі машина жасау өнімін импорттауда 19%-ды құрайды және экспортта – 31%. Ресейден басқа машина жасау өнімінің негізгі импортерлері: Германия (11%), Қытай (11%), АҚШ (10%) және Япония (6%). Ресейден кейін Қазақстаннан машина жасау өнімін экспорттаудың негізгі

бағыттары: Ұлыбритания (экспорттың 15%-ы), Түркия (13%), Германия (7%) және Швейцария (6%).

Машинажасау өнімінің сыртқы сауда айналымы өндірістің дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде саланың төмен экспорттық бағдарлануын куәландырады. Машина жасау өнімі импортынан едәуір тәуелділік саланың нашар дамуын көрсетеді.

Машинажасаудың басым сегменттерін анықтау және талдау

2-суретте бірінші және екінші басымдылыққа кіретін машина жасаудың сегменті көрсетіледі. Бірінші басымдылық сегменттері жоғары жағымдылық пен жүзеге асырушылықпен ерекшеленеді. Екінші басымдылық сегменті не жоғары жағымдылыққа ие, бірақ төмен жүзеге асырушылығы бар, не жоғары асырушылық пен орташа жағымдылыққа ие.


Бірінші басымдылыққа Республиканың келесі машина жасау сегменттері кіреді:

- Мұнай-газ өнеркәсібі үшін машина жасау;
- Тау-кен және металлургия өнеркәсіптері үшін машина жасау;
- Теміржол машина жасау;
- Ауылшаруашылық машина жасау;
- Электр жабдықтарды өндіру.

Бұл сегменттер ішкі сұраныстың біршама потенциалымен, экспорт мүмкіншіліктерімен (әсіресе ТМД елдерінде), өндірістік базаның болуымен, орташа тәуекел мен бәсекеге қабілеттілікпен ерекшеленеді.

Екінші басымдылыққа келесі сегменттер кіреді:

- Автомобиль өнеркәсібі;
- Құрылыс техникасы;
- Станок жасау;
- Тұрмыстық техника өндіру;
- Компоненттік база.



2-сурет – Қазақстан Республикасы машина жасаудың басымдылық сегменттерін таңдау матрицасы

Бұл сегменттер белсенді мемлекеттік қолдау кезінде саланың айтарлықтай өсімін қамтамасыз етуі мүмкін. Жағымдылық, бірақ күрделі жүзеге асырушылық сегменті (алдымен, автомобиль өнеркәсібі, станок жасау, тұрмыстық техника өндірісі) кезінде кіру мақсатында кедергіден өтуде, өндірісті ұйымдастыру (бірлескен) мен олардың бәсекелестігін ары қарай жетілдіруде жәрдемдесуді талап етеді.

Мұнай-газ машина жасау

Отандық мұнай-газ машина жасауды дамытудың басымдылығы мұнай-газ секторы машина жасау өнімінің ірі тұтынушысы болып табылатынмен негізделеді.

2013 жылы ҚР нарық көлемі 168 млрд. долларды құрады, оның 12%-ына отандық өнімді сату ие. Мұнай-газ жабдықтарында басқа да қажеттілік импортпен қанағаттандырылды, оның көлемі 2013 жылы 150 млрд. теңгені құрайды.

Қазақстан кәсіпорындары бұрғылау, ұңғымаларды жөндеу, мұнай мен газды игеру, дайындау, тасымалдау, қайта өндіру үшін түрлі күрделі жабдықтарды шығарады, бұл теңіз платформасы өндірісін игеруге мүмкіндік береді.

2013 жылға дейін ҚР-да мұнай-газ машина жасау саласында 250-ден астам атауы бар өнімдер мен дүниежүзілік стандарт бойынша жасалынатын бөліктерін өндіру табысты игерілді.

Берілген сегменттің басымдылығы бірінші кезекте Қазақстанда Теңгіз, Қарашығанақ және Қашаған атты негізгі кен орындарында мұнай игеру көлемінің артуымен мұнай-газ жабдықтарына сұраныстың пайда болуымен негізделеді. Ірі өндіру компаниялардың жоспарына сәйкес 2020 жылға дейін мұнай игеру көлемі 2,4 есе артады.

Тау-кен және металлургиялық машинажасау

Дүние жүзінде әсіресе шикізаттық сұраныс кезінде 2013 жылға дейін көмір, кен игеру мен металлургияның белсенді дамуының негізінде тау-кен және металлургиялық машина жасау саланың белсенді дамып келе жатқан сегменттерінің бірі болып табылады.

Машина жасау өніміне ішкі сұраныс көлемі ҚР тау-кен және металлургия өнеркәсіптері үшін 2013 жылы 145 млрд.теңгені құрады. Сұраныстың айтарлықтай бөлігі машина жасау өнімінің импорты арқасында қанағаттандырылады – 27 млрд.теңгеге тең ішкі өндіріс көлемі (сұраныстың 18%-ы).

Металл кені көлемінің артуы тау-кен машина жасау өніміне сұраныстың өсуіне алып келеді және металл, шойын және басқа қорытпаларды өндірудің өсім потенциалын қалыптастырады.

Теміржол машинажасау

Теміржол машина жасау дүниежүзілік машина жасау өндірісінің жалпы көлемінің аз ғана үлесін алады – шамалап 1% немесе \$24 млрд. Оған қарамастан ТЖ машиналары мен жабдықтардың сауда өсімінің екпіні орташа шамамен 23%-ды құрайды, бұл саладағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Қазақстанда жалпы локомотив паркі саны – 1748, оның ішінде 578 электровоз, 1 141 тепловоз және 29 паровоз. Пайдаланылатын парк 1220 бірлікті құрайды (инвентарлық парктің 78%-ы). Локомотивтік парктің жағдайы жоғары тозумен сипатталады – 72%. Локомотив паркінің 37%-ы нормативтік жүрістің артықшылығымен қолданылады, ал 50%-ы қызмет ету мерзімінің шегіне жетті.

ТЖ машина жасау өніміне ҚР ішкі сұранысы «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ атты жүк вагондары мен локомотивтерінің негізгі тұтынушысымен қалыптасады. Компания жоспарына сәйкес 2013 жылға дейін жыл сайын 1,4 – 5,2 мың вагондар мен 100 локомотивтер сатып алынатын болады және қызмет етіп жатқан вагон мен локомотив парктерінің толық жөндеуі ұйымдастырылады.

Ауылшаруашылық машинажасау

Дүниежүзілік саудада ауылшаруашылық машина жасау барлық машина жасау айналымының 2%-ын қамтиды. 2013 жылы сауда көлемі 93,6 млрд. АҚШ долларына тең болды, сонымен бірге соңғы үш жыл

ішінде өсу екпіні басқа машина жасау сегменттері арасында ең жоғары болды. Ауыл шаруашылығы техникасына сұраныстың өсуі дүниежүзілік халықтың табиға өсімімен, азық-түлікте күннен-күнге артып келе жатқан қажеттілікпен және ауылшаруашылық дақылдарынан отынның альтернативті түрлерін өндірудің артуымен байланысты.

2013 жылы ҚР-да ауылшаруашылық машина мен жабдықтардың нарық көлемі 127 млрд. теңгені құрайды, тұрақты бағада өсу екпіні – 6,6%. Сонымен бірге, сұраныстың 90%-ға жуығы импорттық техника жеткізілімі арқасында қанағаттандырылды. Ауыл шаруашылық машина жасау өнімінің экспорт көлемі 2013 жылы 2 млрд. теңгені құрады. Қазіргі таңда ҚР-да астықтың 1000 га-на 4 комбайн тиесілі, ал Канадада – 9, Италияда – 17, Германияда - 20. Машинамен жеткіліксіз қамтамасыз етілу агротехникалық операциялардың (жырту, егін жинау және т.б.) орындалу уақытының созылуына алып келеді, нәтижесінде егін сапасы төмендейді.

Қазіргі таңда Қазақстанда комбайндар өндірісі тек Қостанай дизельдік зауыты негізінде «АгромашХолдинг» АҚ-да жүргізіледі. 2013 жылы 467 комбайндар жасалып шығарылды.

Электр жабдығы

Электр энергетикасы электр жабдығы өнімінің негізгі тұтынушысы болып табылады. Ең көп сұранысқа орналастырушы электр желісі үшін техника мен жабдықтар және оқшауланған сымдар мен кабельдер ие.

2013 жылы ҚР-да нарық көлемі 159 млрд. теңгені құрады, оның 26%-ы отандық өнім сатылымын көрсетеді. Сегмент өнімінде тұтынудың айтарлықтай бөлігі 2013 жылы көлемі 118 млрд. теңгеге тең болған импорт арқасында қанағаттандырылды.

2013 жылы Қазақстан электр жабдығының экспорттық өнімінің 79%-ы РФ-на импортталды және отандық өнімнің Ресеймен импорттау көлемі орташа есеппен жылына 62%-ға өсті.

Автомобиль жасау

Дүниежүзілік саудада автомобиль жасау өнімі барлық сегменттер арасында көлем бойынша бірінші орынға ие. 2013 жылы сауда айналымы \$1,3 трлн. артты және жалпы машина жасаудың 23%-дан астамын қамтыды. Сол мезетте пайыздық сипатта сегменттің өсу екпіні соңғы 3 жылда тек 9%-ға тең болды, бұл машина жасау сегменттері арасында ең төмен көрсеткіш болып табылады.

ҚР автомобиль жасау сегменті салада ең үлкен ішкі сұранысқа ие және 2013 жылы машина жасау өнімінің жалпы көлемінің 16%-ын құрады, сонымен қатар, 2010-2012 жылдары халық кірістерінің артуы мен жеңіл автомобильді сатып алу салдарынан нарық 28%-ға артты.

Автокөлік құралдарының республикалық паркісінде 2 621,1 мың жеңіл, 370,5 мың жүк АТС және 92,4 мың автобустар (1 қаңтар 2010 жылға сәйкес ҚР ІІМ мәліметтері) тіркелді.

Ең тартымды сегмент сұраныс құрылымында 48%-ға ие жеңіл автомобильдер өндірісі мен парктің жоғары тозуы мен экономика өсімінің потенциалымен байланысты жүк автомобильдерінің өндірісі болып табылады. Ең тартымды жоба «Азия-Авто» АҚ («LADA», «Chevrolet», «Skoda», «Cadillac» жеңіл автомобиль), «Искер» АҚ және «Камаз инжиниринг» ЖШС (жүк автомобильдері) негізінде авто құрастырма өндірісін қалыптастыру болып саналады.

Қазіргі таңда Қазақстан паркінің жалпы құрылымында 59% жеңіл автомобильдер, 84% жүк автомобилдері және 57% автобустар 12 жылдан жоғары қызмет етіп келеді. Мұндай жағдай бірінші кезекте шетел өндірістік б/қ автомобильдерін елге жеткізу салдарынан қалыптасты, осылайша елге әкелінетін жеңіл автомобилдердің 84%-ға жуығы қолданылған болып саналады.

Корея даму институты сарапшыларынан талдауына сәйкес Қазақстанда жеңіл автомобильдерді өндіруден басқа жеңіл коммерциялық автомобильдер мен автобустарды өндіру жағымды болып келеді, себебі ТМД территориясында бұл сегментке байланысты ірі компаниялар мен кәсіпорындар жоқ.

Қарағанды облысының аудандық мамандануы

Қарағанды облысы территория мен өнеркәсіптік потенциал бойынша ең ірі және шикізатқа бай аудан болып табылады. Жаңа шектерде аудан территориясы 428 мың км² құрайды (Қазақстан жалпы территориясының 15,7 %-ы). Облыста 11 қала бар: Абай, Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Қарқаралы, Приозерск, Сарань, Сәтпаев, Теміртау, Шахтинск. Облыс халық саны 1372,2 мың адам, халық тығыздығы - 3,1 адам/км², өнеркәсіптік өнім көлемі – 684,0 млрд. теңге, оның ішінде кен игеру өнеркәсібі мен карьерлерді ашу бойынша – 131,6 млрд. теңге, өңдеу өнеркәсібінде – 451,6 млрд.теңге. Негізгі жұмыс берушілер – «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС, «Казцинк» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Темиртау электр металлургия комбинаты» ЖШС, «Қазақстан темір жолы» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ және тағы басқа.

Қарағанды облысының аудандық мамандануы тарихи қалыптасқан құрылымы мен ИИДМБ жүзеге асырылуы негізінде анықталды, оған кара, түсті металлургия, өнеркәсіпке химикаттарды дайындау, кен игеру өнеркәсібі үшін машина мен жабдықтар өндірісі, электр жабдығы, құрылыс материалдары кіреді.

Қарағанды облысында салалар бойынша білікті кадрларды қажетсіну келесіні жорамалдайды:

- кара және түсті металлургия – 7352 адам;
- машина жасау – 1806 адам;
- электр жабдықты өңдеу – 256 адам;
- құрылыс материалдарын өндіру – 878 адам.

Сала дамуының негізгі мәселелері

Қазақстан Республикасы машина жасау саласының дамуына келесі мәселелер кедергі жасайды:

- өндіріс тиімділігін арттыруды шектейтін жабдықтардың тозуының жоғары деңгейі (43-80%);

- машина жасау өнімінің төмен бәсекеге қабілеттілігі, шағын тізілімдеме және қазақстандық машина жасау өнімін тұтынудың төмен үлесі;

- саланың инвестициялық жағымсыздығы және кәсіпорында айналым қаражатының аз мөлшерде болуы;

- машина жасау кәсіпорындарына қатысты ірі металлургиялық өндірушілердің жосықсыз баға саясаты;

- кәсіпорынды басқару мен өндіріс саласында білікті мамандардың тапшылығы;

- шектес шетел елдері мен дүниежүзілік жетекші ұқсас өнім өндірушілерімен республиканың машина жасау кәсіпорындарының нашар кооперациялық байланыс деңгейі;

- көптеген кәсіпорындар өнімді бір ретті және кішігірім партиялармен шығаруды жалғастыруда, бұл кәсіпорынның экономика көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етеді және сұрыптама мен сапасы бойынша ұқсас өнімді импорттаудың себебі болады;

- мұнай жер қойнауын пайдаланушылары мен басқа компаниялар мен ұйымдардың техникамен қайта қарулануы, машина жасау өнімінде ұзақ мерзімді, орташа мерзімді және жылдық сатылым қажеттілігі туралы ақпараттың болмауы.

Саланың инновациялық дамуының перспективалары

Бар мәселелерді шешу бойынша ҚР жағдайларына бейімделе алатын позитивтік шетел тәжірибесіне шолу

Әлем көшбасшылары негізінен түрлі сегменттерде (Busher, Caterpillar) өнім шығаратын артараптандырылған ірі компаниялар болып табылады, алайда кей-кейде мамандандырылған компаниялар да (Joy Global Inc.) жетекші болуы мүмкін. Еңбектің жоғары өнімділігі (адам басына 250-450 мың долл. шамасында), басқарудың тиімді жүйесі мен масштаб эффектісін пайдалану есебінен компаниялар жоғары маржиналдылықты сақтай алады (10-15%, т/ж машинажасау сегменті бойынша – 4%). Барлық әлемдік көшбасшы компаниялар тік біріктірілген болып табылады: олар құндылық жасаудың барлық тізбектерін өңдеуден бастап дилер жүйесі арқылы сатылымға дейін бақылайды. Өндіріс бөлігі (кілттік емес немесе ерекше элементтер) әдетте аутсорсингке беріледі. Барлық ірі әлемдік компаниялар өз қызметтерінде сатылымнан кейінгі қызметке және қызметтік желіге, кей уақытта өз клиенттері үшін қаржылай өнімдеріне қызмет көрсетуге көп көңіл бөледі.

Еліміздегі машинажасаудың даму перспективалары

КСРО бірыңғай машинажасау кешенінің жеке республикалық блоктарға бөлінуі Қазақстанның машинажасау мәселелерін кенеттен шиеленістірді, себебі он жыл ішінде қалыптасқан машиналар мен жабдықтар сатылымы саласында сыртқы экономикалық байланыстар бір уақытта жойылды және осының арқасында Қазақстан халық шаруашылығы салаларының замандас техникамен жабдықталуында белгілі теңгерім қалыптасты.

Соңғы он жылдарда шетелде отандық машинажасау соңғы өнім құрылымының «ауырлығымен» ерекшеленді. 80-жылдардың бірінші жартысында инвестициялық машина жасау өндірісі толығымен тоқтатылды, ал екінші жартысында 90-жылдардың басында құлауға алып келген құлдырау басталды.

90-жылдардың басында өндірістің кенеттен қысқартылуы ең алдымен бағаның тез өсуі мен өндірістің жоғары пайдалылығы кезінде жеңіл автомобиль жасау мен шаруашылық техникасы өндірісінің меншікті салмағы орташадан жоғары болатын ұзақ пайдаланылатын тауарлар өндірісіне аз әсерін тигізді.

1991-1995 жылдары құлдырау ерекшелігі технологиялық жабдықты өндіретін салаларда өнімнің шығу көлемі төмендеген кезде мобильді техниканы шығаратын салалар мен ішкі салалар дамуының тұрақтылығы болды. Бұның себебі өндірушіде бұл техниканың паркте артық қорлануы нәтижесінде шығарымы төлем қабілетінен артатын және монтажды қажетсінетін жабдыққа қатысты мобильдік техниканың жоғары өтемпаздығы болып табылады. Бұл бірқатар ірі кәсіпорындар жұмысының тоқтатылуына алып келген күрделі қаржылай және өндірістік мәселелерді тудырды.

Бұл жағдайдың туындауының негізгі себебі инвестициялық белсенділіктің шұғыл құлауы және машиналар мен жабдықтарға сұраныстың төмендеуі болып табылады. Әсіресе құрылыс пен ауылшаруашылық машинажасау үшін жабдыққа жұмсалатын күрделі қаржы көлемі төмендеді, ал 1993 жылы инвестициялық машинажасау өніміне сұраныс 1990 жылмен салыстырғанда 3-4 есе төмендеді.

Таңдалған нарық бағытын түзету үшін қажетті іс-шараларды тез арада қабылдау қажет:

- *Ішкі нарық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану;*
- *Технологиялық жаңғыртуды ынталандыру және жаңа өндіріс қалыптастыру;*
- *Машина жасау өнімдерін қолдау және экспортын дамыту;*
- *Қажетті ресурстармен сала дамуын қамтамасыз ету.*

Индустриализацияның негізгі екпіні өндірістің интенсивті өсуіне, әсіресе еңбек өнімділігі өсуіне (1,4 есе) бағытталған. Қазіргі уақытта бұл

көрсеткіш басым болып табылады, осыған орай жалпы жүйелік шаралар жоғары білікті мамандар дайындау деңгейін жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Озық индустриалдық даму қолжетімділікті арттыру мен жоғары білікті, ғылыми және инновациялық кадрларды дайындау сапасын қамтамасыз етуді қажетсінеді және сәйкесінше білім беру сапасына талаптар қояды.

Білім барлық өркениетті елдерде дамудың негізгі көрсеткіші мен басым бағыты болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанда 527 мың бакалавр, 28 мың магистрант және 1469 докторант оқитын және 42 мың оқытушылар жұмыс істейтін 130 жоғары оқу орындары қызмет атқарады. Мемлекеттік тапсырыс жыл сайын артып техникалық мамандықтарға (33%), білім (22%) мен денсаулық қорғауға (21%) бағытталған. Техникалық мамандықтар бойынша білім беру 58 техникалық және көп профильдік жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Басым мамандықтар: Ақпараттық жүйелер, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Тау-кен ісі, Металлургия, Машина жасау, Көлік, көліктік техника және технологиялар, Электр энергетикасы, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша), Құрылыс, Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрылымдарын өндіру, Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау, Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды дайындау ең алдымен аудан қажеттіліктеріне, оның индустриалдық-инновациялық дамуына бағытталуы және дүниежүзілік деңгейге сәйкес келуі қажет. Экономика секторын қамтамасыз ету үшін білім беру қызметі мазмұнын түзету арқылы, яғни білім беру қызметін кастомизациялау арқылы талаптарды өзгертуге барабар жауап қайтару мен маркетингтік талдау, мониторинг негізінде тұтынушылар талаптары мен артықшылықтарын максималды есепке алумен мамандарды дайындау жүйесін реформалау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Указ Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2001 года № 735 «О дальнейших мерах по реализации Стратегии развития Казахстана до 2030 года»
2. Указ Президента Республики Казахстан от 01 февраля 2010 года № 922 «Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года»
3. Указ Президента Республики Казахстан от 07 декабря 2010 года №118 «Об утверждении Государственной Программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы»

4. Указ Президента Республики Казахстан от 05 августа 2014 года «Программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы»
5. Газалиев А.М., Сулейменов Т.С., Головачева В.Н., Огольцова Е.Г. Воспитание нового казахстанского патриотизма у студентов технического вуза. – Изд-во КарГТУ: Караганда, 2015. – 203с.
6. АО «Национальное агентство по экспорту и инвестициям «KAZNEX INVEST» - Анализ состояния внешней торговли РК за 2013 год»
7. Программа по развитию машиностроения в РК на 2010-2014 годы
8. Статистический сборник «Промышленность Казахстана и его регионов 2010-2013 годы»

Ф.Н. Булатбаев,
Қарағанды техникалық университеттің
энергетика, автоматика және
телекоммуникациялар факультетінің
деканы, т.ғ.к., доцент

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНІН ДАМУ

Қазақстанның даму стратегиясында маңызды рөлі отын-энергетикалық кешенге (әрі қарай ОЭК) жіберіледі. Ұзақ мерзімді басымдықтар ретінде анықтай отырып, энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануы экономиканың тұрақты өсуіне және халықтың жағдайының жақсаруына ықпал ететін бағдарлама негізгі мәселелерін шешуге бағытталған.

ОЭК салаларының өнімдерін сатудағы түскен табыс Қазақстанның инфрақұрылымын белсенді дамытуға, озық технологиялар трансфертін жүзеге асыруға, экономиканың инновациялық дамуына ықпал етуге, еңбекке жарамды халықтың елеулі бөлігін жұмыспен қамтуға кепілдік етуге, әлеуметтік саланы дамытуға мүмкіндік береді.

Энергетикалық ресурстарды пайдалану стратегиясы капитал және қазіргі заманауи технологияларды тарту мақсатында ірі мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді серіктестікте, жүзеге асатын көмірсутектік шикізат өтетін экспорттық құбырлар жүйесін құруда, өзінің энергетикалық инфрақұрылымын жедел құруда, ресурс экспортынан түскен түсімдердің болашақта ақылға қонымды пайдалануда негізделген.

Алайда, ОЭК дамуы өткен ғасырдың парадигмасында Қазақстан Республикасының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіреді, елдің энергетикалық қауіпсіздігін төмендеуіне әкелуі мүмкін, қоршаған ортаның жай-күйін нашарлататын және экономикалық өсу үшін қосымша тәуекелдерді жасайды. Болашақ ұрпақ гүлденген елде өмір сүріп және ресурстық байлығының ұтымды және тиімді пайдаланылғаны үшін риза болуы керек.

Бұл әрекетті орындау үшін, еліміз өзінің филиалдары алдында тұрған сынақтар мен шектеулерге жауап беріп, ОЭК дамуда технологиялық серпіліс жасау керек, өнеркәсіптің күшті жақтарына сүйеніп және алдағы мүмкіншіліктерге жауап беру керек.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберілген Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы аймағында өндірістің энергия қажетсінуін жыл сайын төмендету жолымен электр энергиясын тұтынуда үнемдеуді қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасының ОЭК даму концепциясы әлемдік үздік практиканы, сондай-ақ, жаһандық энергетика соңғы үрдістерін ескере

отырып, мұнай, газ, атом және электрэнергетикалық салалардың дамуын бірыңғай байланыстырады.

«Бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлттық жоспардың жүзеге асуында ҚР энергетика Министрлігімен қазіргі бар желілік компанияларды біріктіру үшін техникалық сипаттамалары әзірленген. Электрмен жабдықтау ұйымдарын шоғырландыру бойынша мәселелер қойылған. Ұйымдар бірігуін ынталандыру алгоритмі және әдістері әзірленген. Электр желілік компаниялардың тиімділігін арттыру үшін техникалық шарттары әзірленген.

Қазақстан Республикасының ОЭК даму тарихы

Көмір өнеркәсібі

Қазақстандағы көмір өнеркәсібінің шығуы ХІХ ғасырдың ортасында басталған, 1855 жылы Қарағанды бассейнінің, ал 1869 ж., – Ленгир, 1895 ж. - Екібастұз кен орындарының дамуы басталған. Жергілікті қауымдастықтардың, шағын кен орындардың және зауыттардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін осы жақта шағын кен орындары пайдаланылатын.

Қарағанды бассейнінің және ұлттық экономиканы индустрияландырудың қарқынды дамуына байланысты Қазақстандағы көмір өнеркәсібін кең дамуы 30-шы жылдары басталды. Бассейнінің қолайлы географиялық орналасуы, көмір қорлары мол болуы және кокстенуі осы базада КСРО қуатты көмір базасын жасауды негіздеген.

Көмірдің перспективалық кеніші Павлодар облысындағы Екібастұз бассейні болып табылады. 1925ж. қарай осы отын-энергетикалық аймағы сақталып қалған, өйткені КСРО алдыңғы басқа мәселелер тұрған, сондықтан тек 1954ж. бірегей көмір қабатының қуаты 160-180 м. жететін, ал қолайлы геологиялық жағдайлары ашық әдіспен көмір кенішіне мүмкіндік беретін Екібастұз бассейні іске қосылды.

«Богатырь», «Восточный», «Северный» және «Майкубинский» кеніштері енетін «Екібастұзкөмір» МАҚ жекешеленуі 1997 жылы басталды. Бұл процесс өзінің техника-технологиялық параметрлері әлемдегі ең үздік тау-кен компанияларының бірі болып саналатын «Восточный» кенішінен басталған. «Восточный» кенішінің әлемдегі инвесторы болып ең күшті жапон фирмасы «Джапан Хром Корпорейшн» болды, кейіннен «Евразиятық энергетикалық корпорация» болып аталған. Екінші ірі кеніштерінің бірі «Богатырь» кеніші болды, американдық «Аксесс Индастриз, Инк» компаниясының меншігіне берілген.

Ең ескі «Северный» кеніші Ресейдің «ЕЭС» РАҚ басқармасымен болды, ал «Майкубинский» германияның фирмасының меншігіне берілген. 2000 жылы «Северный» кеніші банкрот болмасы үшін «Аксесс Индастриз, Инк» американдық фирманың меншігіне беріліп, «Богатырь Аксесс Комир» ЖШС болып аталды.

Акционерлердің келісімі бойынша 2009 жылы «Богатырь Аксесс Комир» ЖШС қазақстандық «Самрук-Энерго» мен ресейлік РУСАЛ АҚ бірлескен кәсіпорын басқармасына берілді. 2009 жылы наурыз айында «Богатырь Аксесс Комир» ЖШС «Богатырь Комир» ЖШС өзгертілді.

Ірі көмір қоры Қостанай облысының шығыс бөлігінде Обаған бассейнінде ашылған, геологиялық қоры 50 млрд т-дан асады. Алайда, бассейнде бірнеше су тұтқыш жиектері болғандықтан күрделі гидрогеологиялық жағдайларымен сипатталады.

Перспективалық кен қатарына ШҚО Алакөл және Кендырық, Шығыстағы Мамыт, Оңтүстік-Шығыста Ойқарағай, оңтүстегі Қукетпескөл және Ленгер, Қостанай облысындағы Приозерск сияқты орындарда жылына 300-500 мың т көмір шығара алады.

Мұнай және газ өнеркәсібі

Отын-энергетикалық кешеннің бұл салалары, екі кіші салаларға бөлінеді: мұнай және газ өндіру, мұнай және газ өңдеу. Қазақстанда тау-кен саласындағы қосалқы салалары кеңінен дамыған.

Қазақстандағы ең алғашқы мұнай фонтаны Қарашүңгіл барлау блогында 1899 жылы шыққан, содан кейін екі мұнай кеніші пайдалануға берілді - Доссор (1911ж.) және Мақат (1915ж.). Барлық үш өріс еліміздің оңтүстік-батысында Атырау облысында орналасқан.

1965 ж. дейін Ембі мұнай ауданының қолайлы географиялық жағдайы мен жоғарғы сапалы мұнайы ықпал еткен аз қуатты кен Ембі бассейнде мұнайды өндіру жүргізілген.

Логистикалық компаниялардың басты проблемалары ішкі байланыстардың жеткіліксіздігі мен білікті кадрлардың жетіспеушілігінен болады. Нәтижелілікті жоғарылату үшін логистикалық компаниялардың серіктесуі және интегралдануы қажет. Жедел шешімдерді қабылдауға дайын болуы қажет. Стандарттарды құрастыру керек, технологиялық дамытуды пайдалану керек, қаражаттарды жаңа технологияларға жұмсау керек. Қазақстандық нарық белсенді түрде мемлекетпен бірге жұмыс істеу керек, нақты бір талаптарды азайтуға және қазірде бар кедергілерді жоюға көндіру керек. Содан басқа, логистика саласы бойынша білікті мамандардың сапалы түрде дайындалуына ерекше көңіл бөлу керек. Ең жаңа технологиялармен жұмыс істей алатын мамандарды дайындай отырып, логистикалық қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Логистика бұл адамдардың бизнесі, бұл өнерлі қызметкерлер. Жоғарғы деңгейдегі логисттар өте қажет.

Қазақстан жаңа және қазір жұмыс істеп жатқан көлік кәсіпорындарының логистикалық қызмет көрсетілуін ынталандыруға тырысып жатыр. Бұл шараларға әр түрлі кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету немесе дайын өнімді тұтынушыға жеткізу туралы мәселе туындап жатса, ең алдымен ішкі тасымалдардың бағасын жылдамдату, жеңілдету және төмендету жатады. Тасымалдауы қиын кезде, алыс ара қашықтықтарға тасымалдау кезінде немесе еліміздің қол жетімсіз ауандарға өнімді немесе жүктерді тасымалдауда логистика да маңызды рөл атқарады. Келесі маңызды фактор – Қазақстанның көліктік компанияларының экспорттық қызмет көрсетулері, яғни мемлекет территориясы арқылы транзитті тасымалдауларды қатыстыруын ынталандыратын логистика болып табылады. Елдің экономикасына инвестициялық процестерін белсенді іске асыратын логистика маңызды рөл атқарады. Бұл сыртқы логистикалық әсер деп аталады, яғни шетелдік инвесторлар Қазақстан территориясында қаражатты жобалары туралы шешім қабылдаған кезде, олар дамыған логистикалық жүйеге қарайды.

Қазақстандық транзитке көзделген Жаңа Жібек жолы жобасының жүзеге асырылуы, бұл логистиканың маңызды сыртқы құралы ретінде болуы керек. Қазақстанның осында бірден бірнеше артықшылықтары байқатады, соның ішінде ең бастылары – бұл жеткізу мерзімі; қаражаттар мен уақыттың тоқтатылуы; негізінен Қытай территориясы арқылы өтетін маршрут, сондай-ақ жасыл дәліздің салынуы – Сауда-көліктік орталығы және де атылп өтілетін маңызды фактор ол- Жібек жолының тарихи маршруты.

Халықаралық нарықта логистикалық компаниялардың бәсекелік күресте маркетингтік стратегиялардың рөлі артып жатыр. Ірі логистикалық компаниялардың маркетингтік стратегияларында компанияның жақсы беделін жасау және клиенттің жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар басым болады, яғни клиентке бағытталған маркетингті (клиенттік базаны құру үшін және клиенттің жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін бағытталған байланыс құралдар кешенін) пайдаланады.

Қазіргі кездегі мәселелерді шеше алатын ірі мультимодалды көліктік-логистикалық компаниялардың пайда болуының арқасында жақын арадағы келешекте елеулі серпілісті көруге болады:

- әрбір модальдылықтың (негізінен, теміржолдары – алыс арақашықтықтар, автокөлік- жақын ара қашықтықтар және терминалдарға дейін тасымал) өзіндік ерекше артықшылықтарын ескере отырып тиімді маршрутты жетілдіру;

- көлік түрлерінің өзара әрекеттесу салдарынан тиімділігін арттыру және оларды бірыңғай логистикалық оператормен басқару арқылы түйістіру;

- көліктік-логистикалық жүйенің кешенді дамуына бағытталған анықтамалар және реттеуші бастамаларды енгізу;

- білімді және логистикалық құзірет орталықтарын ҚР-мен қатар кейін ЕурАзЭҚ-ның көптеген мемлекеттері үшін дамыту;

Көліктік-логистикалық жүйелерді (КЛЖ) дамытуға бағытталған жобаларда инвесторларды қолдаудың ең басым формасы мемлекеттік-дербес серіктестік (МДС) болып табылады, ол мемлекеттің дербес бизнеспен ынтымақтастығының барлық потенциалын ең тиімді етіп іске асыруына мүмкіндік береді.

Жобалардың және бастамалардың қаржыландыру көздерін анықтаған кезде, ең алдымен, олардың жүзеге асырылуында мүдделі жақтарын анықтау қажет: мемлекет, бизнес немесе дербес инвесторлар. Бюджеттік қаражат есебінен дәстүрлі түрде мемлекет үшін маңызды ірі жобаларды қаржыландыру, мысалы:

- жолдарды салу/ қайта ретке келтіру;
- транзиттік дәліздердің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету және оларды алға жылжыту;
- өткізу кеден пунктер жұмысының жаһандануы;

МДС құралдарының көмегімен осындай жобаларды қаржыландыруға болады:

- тіректі КЛЮ тораптарын, авиахабтарды және порттарды құру/дамыту;
- жылжымалы құрамды модернизациялау және ұлғаюы;
- көлік кәсіпорындарында жаңа заманауи әдістер мен IT-жүйелерді енгізу.

Жалпы ҚР-да инфрақұрылымдық жобаларды дамудың Еуразиялық банкі (ДЕБ), Қайта құрастыру және дамыту бойынша Еуропалық банк (КҚДЕБ), дамудың Азиялық банкі (ДАБ), дамудың Ислам банкі (ДИБ) сияқты халықаралық қаражаттандыру ұйымдары потенциалды түрде қаржыландыруға мүдделлі бола алады.

«Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатында Қазақстанның логистикалық нарығын әлемдік деңгейге шығару алдын ала қарастырылған.

Батыс мамандардың бағалауынша, 2016-2017 жж. әлемдік ірі көлік түйіндерінде шамамен 60-70 мультимодальдық халық аралық деңгейдегі КЛО жұмыс істей бастайды, олар бір-бірімен интермодальды көліктік дәліздермен байланысты болады, ал дәліздерге әрбір жүк жіберуші және жүкті қабылдаушыға шығуын қамтамасыз ететін экспедиторлар мен басқа логистикалық операторлар көмегімен жүзеге асырылатын аудандық логистикалық жүйелер қосылған. Жүктерді жеткізуді ұйымдастырудың осындай схемасы көліктік-таратқыш процестің тиімділігін 30-40 %-дан аса арттырылуын қамтамасыз етеді.

Қарағанды облысы Қазақстанның орталығында орналасқан және Қазақстан Республикасының 9 облысымен шекаралас. Сондықтан да біздің аймақта көліктік-логистикалық орталықтың құрылу қажеттілігі көкейкесті мәселе.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ректоры ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиев бастамасымен 2014 жылғы 27 шілдедегі №536 бұйрық бойынша автомобиль көлігі кафедрасына, тасымалдау процесін жетілдіру және көліктік-логистикалық орталықтардың дамуы мақсатында, жаңа ғылыми-практикалық бағыт бойынша мамандар дайындайтын 5B090900 - «Логистика» (Көлік) мамандығын ашу тапсырмасы берілді. ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2015 ж. 13 тамыздағы № 1094 бұйрығы бойынша «Логистика» (Көлік) мамандығы бойынша білім берумен айналысу жөніндегі № 12014940 лицензиясына Қосымша алынды.

Қызметкерлердің кәсібилілігі мен біліктілігін жетілдіру логистика саласындағы мамандардың жетіспеушілігін аңғартатын Қазақстан Республикасында көліктік-логистикалық жүйесін дамытудың басты салаларының бірі болмақ. Кадрлар жетіспеушілігі мәселесін шешпей, соның ішінде, жаңа формациядағы мамандарды даярламай жаңа технологияларды тиімді игеру, еңбек өнімділігін арттыру, әлемдік экономика нарығында бәсекеге қабілетті болу мүмкін емес.

ҚарМТУ КТ және ЛЖ кафедрасындағы «Логистикалық-инновациялық орталықтың» (ЛИО) құрылу мақсаты – көлік логистикасының оңтайлы міндеттерінің имитациондық модельдерін әзірлеу арқылы ҚР көліктік-логистикалық орталықтарының тиімділігін арттыру.

ҚарМТУ логистикалық-инновациялық орталығының басты мақсаттары:

- 5B090900 и 6M090900 «Логистика» мамандығы бойынша бакалавриат және профильді магистратура бағдарламаларымен білікті логист-мамандарды, көліктік-логистикалық орталықтардың жұмыскерлерін дайындау (қайта дайындау);

- әртүрлі коммуникация құралдарын және жаңа ақпараттық технологияларды қолдау арқылы, жүк қозғалысының маршрутында туындайтын, тауарлық операцияларды бақылау;

- тауар иесіне қажетті және толық ақпаратты ұсыну және т.б.;

- келесі бағыттар бойынша оптимизациялық міндеттердің имитациондық модельдерін құрастыру: /көлік түрін, типін, көлік құралдарының қажетті санын таңдау бойынша; жүкті тасымалдаудың тиімді түрін таңдау бойынша; тасымалдаудағы логистикалық делдалдарды таңдау бойынша (тасымалдаушылар, экспедиторлар, агенттер, терминалды объекттер және т.б.); маршруттағы көлік құралдарының санына байланысты жүк тасымалының тиімді маршруты бойынша; жолаушы тасымалы бойынша тиімді маршрут; жүкті қайта өңдеу; кедендік процедуралар; сақтандыру қаупі; көліктік сервисті бағалау; автомагистральдардағы көлік ағынының кептелісін минимализациялау; қалаларда, елдімекен топтарында және автомагистральдарда жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету; рационалды қаржылық шығындармен жүкті ұйымдастыру, жоспарлау, қоймалау және жеткізу/.

Ұлттық логистикалық жүйенің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін бірнеше басты мәселелерді шешу қажет:

1. Құрамына мемлекеттік және де жеке меншік құрылымдарды қосатын біріңғай көліктік-логистикалық жүйе құру.

2. Қызмет көрсетудің осы саласына шет елдік инвестициялардың тартылуын мемлекеттік қолаумен қамтамасыз ету, соның ішінде, логистикалық орталықтар салу арқылы. Заманауи стратегиялары мен технологиялары бар ұлтаралық корпорациялардың пайда болуы логистикалық қызметтердің тұрақты және табысты нарығын құруға көмектеседі.

3. Халықаралық нарықта логистикалық жүйелердің аутсорсингін активті пайдалану арқылы көліктік-логистикалық қызметтердің жиынтығын айтарлықтай кеңейту (жоспарлау, бақылау, менеджмент және жеткізуді қоса алғанда).

4. Шет елдерде тауарлардың жылжуын басқаруға, соның ішінде белорусстік өндірістің, және олардың тағайындалған мемлекетінде өткізуге арналған тауарлық, сервистік және ақпараттық ағымдарды басқаруды қамтамасыз ететін объектілер кешенін ұсынатын көп мақсатқа арналған логистикалық орталықтар ашу.

5. Клиентке бейімделген маркетинг саласындағы халықаралық

логистикалық компаниялардың тәжірибесін пайдаланып, ұлттық логистикалық қызмет көрсетушілердің әлемдік рыноктағы жақсы имиджін қалыптастыру.

6. Халықаралық интермодальдік тасымалдаулар және құжат айналымын унификациялау бойынша, сәйкесінше, нормативтік-құқықтық база қабылдау.

6. ҚарМТУ-да үнемі әрекет ететін қысқа мерзімді семинар, логистика кадрларын дайындау және қайта дайындау курстары, «Логистика» (Көлік) мамандығы бойынша менеджерлер дайындау шектерінде, иновациялық технологиялар және көліктік қызметтер саласы бойынша жоғары білікті мамандарды дайындау жүйесін қалыптастыру.

Осылайша, отандық логистиканың дамуы бойынша мемлекеттік саятсаттың координациясы және логистика жүйесін басқаратын ораттықтандырылған институттың қалыптасуы қажет. Әлемдік логистикалық қызметтердің даму тенденцияларын ескере отырып, аталған мәселелерді кешенді шешу Қазақстан Республикасының компанияларына халықаралық логистикада орнықты позицияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекеттің дамыған логистикалық инфрақұрылымы шет елдік инвестициялардың ағымын, транзиттік тасымалдаулар көлемінің артуын қамтамасыз етеді, көліктік-логистикалық қызмет рыногындағы қазақстандық қатысушылардың қосымша бәсекелестік басымдылығын және де елдің экспорттық потенциалының артуын қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Государственную программу инфраструктурного развития «Нұрлы Жол». Указ Президента Республики Казахстан от 6 апреля 2015 г. № 1030.

2. «План Нации. 100 конкретных шагов по реализации 5-ти институциональных реформ». «Казахстанская правда», 20 мая 2015. № 92 (27968).

3. О проекте Указа Президента Республики Казахстан «О транспортной стратегии Республики Казахстан до 2020 года». Постановление Правительства РК от 31 января 2005 г. № 75.

4. Джонсон Дж., Вуд Д., Варлоу Д. Современная логистика. Перевод с англ. 7-е изд. М., Изд. дом «Вильямс», 2004.

5. Транспортировка в логистике: Учебное пособие/ В.С. Лукинский, В.В. Лукинский, И.А. Пласуняк, Н.Г. Плетнева. СПб.: СПбГИЭУ, 2005. 139 с.

6. Корабаева Е. Конкуренцию не стран и не маршрутов, а логистических продуктов. Бизнес & Власть. №7 (514). Деловой еженедельник от 31.10.2014.

Г.М. Рахимова,
Қарағанды техникалық университетінің
«Құрылыс материалдары және технологиясы»
кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к.
E-mail: galinrah@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Құрылыс индустриясы материалдық өндірістің аса маңызды салаларының бірі болып табылады. Ол өнеркәсіп, көлік, байланыс кәсіпорындарының инновациялық-техникалық дамуын қамтамасыз етеді, маңызды экологиялық және әлеуметтік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптік (техногенді) қалдықтарды пайдалана алатын материалдық өндіріс салаларының ішінде құрылыс материалдары өнеркәсібі аса ауқымды болып табылады. Өндіріс қалдықтары немесе өнеркәсіптің қосалқы өнімдері екіншілік материалдық ресурстар болып табылады. Көптеген қалдықтар өзінің құрамы және қасиеттері бойынша табиғи шикізатқа жақын болып келеді. Өнеркәсіптік қалдықтарды пайдалану құрылыстың шикізат ресурстарына деген қажеттілігінің 40% мөлшерін жабуға мүмкіндік беретіні анықталған. Өнеркәсіптік қалдықтарды қолдану құрылыс материалдарын табиғи шикізаттан алынған өндірісімен салыстырғанда оларды дайындау шығындарын 10-30% төмендетуге, жоғары техника-экономикалық көрсеткіштерге ие жаңа құрылыс материалдарын жасауға және сонымен қатар қоршаған ортаның ластануын азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Халқына Жолдауында Президент «Қазақстандағы экономикалық өсімнің қозғалтқыш күші инновациялық индустриаландыру аясында құрылып жатқан экономиканың жаңа секторлары болып табылатыны туралы айтады. 800-ден аса индустриалды жобалар іске асырылған. Осы жылы металлургия өнеркәсібі бірден 15 пайызға өсті, химия - 3,2 пайызға» [1].

Экономиканың құрылыс саласының әрі қарай тұрақты дамуы үшін Қазақстан Үкіметі келесі маңызды құжаттарды әзірледі: Қазақстанның 2030 жылға дейін Стратегиялық даму Бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдардағы индустриялық-инновациялық даму тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдардағы мемлекеттік индустриялық-инновациялық дамуының бағдарламасы.

Құрылыс саласының даму тарихы

Көпсалалы өнеркәсіпке ие бола отырып, Қазақстан соғыстан кейін халық шаруашылығын бейбітшілік бағытына ауыстыруға және азаматтық өнімдерді өндіруді айтарлықтай ұлғайтуға көшті. Қазақстан Республикасы

соғыстан зардап шеккен аудандарды қалпына келтіруде негізгі аймаққа айналды, сол аудандарға республикадан металл, шикізат ресурстары, отын, құрылыс материалдары, өнеркәсіптік тауарлар және азық-түлік, ірі қара мал және дәндер жіберілді.

60-шы жылдары Қазақстанда бұрын сонды болмаған өнеркәсіптік құрылыс жүзеге асты (1-сурет).



1-сурет - Ақтөбелік хром қоспалары зауытының екінші кезектегі құрылысы, 1963 ж.

Егер 1955 ж. республикада жылына цемент өнімділігі 365 мың т. болатын екі аз қуатты өндіріс орындары болса, ал 1965 ж. бес зауыт жұмыс істеді — Қарағанды, Ақтөбе, Семей, Өскемен және Шымкент. Осыған орай, цемент өндірісі он жыл бұрынғы уақытқа қарағанда 11 есе ұлғайды. Әсіресе, заманауи техникамен жабдықталған Шымкент және Өскемен зауыттары аса қуатты болды.

Темірбетон конструкцияларын, панельдерін және бөлшектерін өндіру бойынша көптеген кәсіпорындар тұрғызыла басталды. Ірі облыс орталықтарында 60-шы жж. Ірі панельді үй құрылысы комбинаттары тұрғызылды, Қарағанды және Семей асбестцементтік бұйымдар зауыттары және Шымкент асбестцементтік конструкциялар комбинаты іске қосылды. Алайда беттік шыныны, жұмсақ жабынды, керамикалық бұйымдарды, полимерлік және басқа прогрессивті құрылыс материалдарын өндіруге жеткілікті көңіл бөлінбеді.

Құрылыс индустриясына арналған жоғары білікті мамандарды даярлау қажеттілігі туындады (2-сурет) [2].



2-сурет – Қарағанды тау-кен институты 1959 ж.

1959 жылы Қарағанды тау-кен институтында екі мамандық бойынша: «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» (бірінші түлектер 1962) және «Құрылыс және жол машиналары» инженер-құрылысшыларды даярлайтын инженерлік-құрылыс факультеті ашылды.

Факультет жарты ғасыр бойы Қазақстан Республикасында көп мамандық түрлері бойынша инженер-құрылысшыларды үздіксіз даярлайтын жалғыз оқу орны болып келді. Инженер-құрылысшыларды даярлауға мемлекеттік тапсырыстың ұлғаюына байланысты қосымша келесі мамандықтар ашылды: «Темірбетон конструкциялары», «Құрылыс бұйымдарын және конструкцияларын өндіру», «Экономика және құрылысты ұйымдастыру».

Инженерлік-құрылыс факультетінде «Ғимараттар және үймереттер» кафедрасы «Қала құрылысы және шаруашылық», «Сәулет», «Құрылыс кешеніндегі техникалық-құқықтық сараптама», «Автокөлік жолдары және аэродромдар құрылысы», «Көпірлер және көліктік тоннельдер», «Атомдық электростанцияларының құрылысы» мамандықтары бойынша инженер-құрылысшыларды оқытып шығарған [3].

Қазіргі таңда «Құрылыс материалдары және технологиялары» кафедрасы бакалавриат, магистратура және докторантура PhD бағыттарымен келесі мамандықтағы мамандар даярлайды: «Құрылыс

материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру»; «Құрылыс»; «Көліктік құрылыс».

МИИДБ-2 жүзеге асыру аясында кафедра «Құрылыс» мамандығының профильді магистратурасы бойынша «Металлургиядағы құрылыс инжинирингі» білім беру бағдарламасын дайындады. Әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен: «Инчхон мемлекеттік университетімен» (Оңтүстік Корея), «Гедиминас атындағы Вильнюс техникалық университетімен» (Литва), «Ұлы Петр Санкт-Петербург политехникалық университетімен» (Ресей) жұмыстық оқу бағдарламасы келісілген. Түлектерді әрі қарай жұмысқа орналастыру үшін Қарағанды облысын индустрияландыру картасына кіретін ірі өндіріс орындарымен еңбек келісімдері жасалады: ЖШС «ККК Бетон», ЖШС «Экостройсервис», ЖШС «NORD Пром НС» және т.б. (3-сурет).




3-сурет – Құрылыс индустриясының өндіріс орындары

Құрылыс саласының қазіргі заманғы жағдайы және мәселелері

Қазақстандағы өнеркәсіптік-құрылыс саласының дамуы, құрылыс материалдары өнімділігінің артуы қазіргі заманғы жағдайда өзекті экономикалық және саяси мәселелер болып табылады.

Тұрғын үй құрылысы көлемінің ұлғаюын және оның құрылымын өзгертуді, жаңа сәулеттік-құрылыстық жүйелерге, ғимараттар түрлері және оларды тұрғызудың қазіргі заманғы технологияларына ауысуды, тұрғын үйді тұрғызу және пайдалану кезінде ресурс сыйымдылығын, энергетикалық және еңбек шығындарын төмендетуді қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы тиімді қабырға материалдарын жасау қажет (4-сурет).



4-сурет – Энерготиимді құрылыс материалдары

Қазіргі кезде отандық цементтің, шынының, керамикалық өнімдердің жеке түрлерінің және кейбір басқа материалдар мен бұйымдардың сапасы әлемдік стандарттар талаптарының деңгейіне сай. Пенопласттар негізіндегі жылуоқшаулағыш материалдарды қолдану ұлғаюда, сан алуан жарық мөлдір конструкцияларды, автоклавты және автоклавсыз ұяшықты бетондардан жасалған бұйымдарды, құрғақ қоспаларды, жабын және гидрооқшаулағыш материалдарды өндіру белсенді даму үстінде.

Монолитті және құрамалы-монолитті үй құрылысы дамуда, аз қабатты және жеке тұрғын үй құрылысына арналған құрамалы темір-бетон конструкциялары мен бөлшектерін өндіру көлемі ұлғаюда. Цемент өндірісінде соңғы уақытта қаптау бөлімдерін қалпына келтіруге және дамытуға басты назар аударылды, бұл қапқа салынған цементті өндіру қуатын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Керамика өндірісінде черепицаны, ірі өлшемді керамикалық тақтайшаны, керамогранитті өндіру қуаты артуда.

Нарықтық трансформациялық процестер құрылыс нысандарын тұрғызу және пайдалану мерзімдерінің өзгеруіне әкелді. Сонымен, жоспарлы экономика жағдайында қолданылған нысан құрылысының ұзақтығы сапалық тұрғыдан ескерілген. Мысалға, Құрылыс Нормасы (СН-604-82) бойынша 5 қабатты 60 пәтерлік ірі панельді үйді тұрғызу ұзақтығы екі жылдан асатын мерзімге сай болған, ал қазіргі уақытта ол бір жылға да жетпейді.


Құрылыс қызметінің ерекшелігі құрылыс өнімі кейінге қалдырылған тұтыну өнімі немесе инвестициялау нысаны болуында, бұл ерекшелік дағдарысқа дейінгі уақытта экономикалық жағынан жайлы аумақтарда және жеке инвесторлармен жайсыз аумақтарда да қолданылды. Қазіргі уақытта тұрғын үй нарығында экономикалық және құқықтық арақатынастардың жаңа өзгерісі болуы мүмкін. Осылайша мегаполистер мен облыс орталықтарында тұрғын үйді коммерциялық негізде жалға беруге қайта оралу жүзеге асырылуда (5-сурет).



5-сурет – Жалға берілетін үй құрылысының көлемі бойынша Астана көш бастауда

Аймақтық құрылыс ерекшеліктерінің бірі құрылыс кешені өндірістерінің орналасуының және олардың өндіретін өнімдерінің аумақтық факторларымен байланысты. Аумақтық даму мәселелері көбінесе көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымағанына байланысты, ал көптеген аймақтардың күрделі табиғи-климаттық жағдайлары (шөлейттену, сусыздық, таулы аймақтар және т.б.) ресурстарды толық пайдалану мүмкіндігін шектейді және жаңа аймақтарды игеруге мүмкіндік бермейді, сонымен қатар өмір сүруге және шаруашылық қызметін жүзеге асыруға жарамды аумақтардың шектеулі болуына байланысты жер учаскелерінің құны өсуде. Сондықтан, алып жатқан аумағы бойынша әлемдегі бірінші он елдің ішіне кіретін Қазақстан Республикасы үшін аймақтық жүйелердің құрылыс кешенінің дамуымен

және аумақтық құрылыс нарығының қызмет етуімен байланысты мәселелер өте өзекті (6-сурет).



6-сурет – Астана қ. «Абу-Даби Плаза» құрылысы

Тәуелсіздік жылдарында құрылыс саласының елдің ІЖӨ-дегі үлесі 4,2%-дан 9,8%-ға дейін өсті. 2010 жылдан бастап құрылыс саласының елдің ІЖӨ-дегі үлесі орташа есеппен шамамен 6,5% құрайды. Құрылыс материалдарын өндіруді дамытуға бағытталған инвестициялар көлемі 2015 жылдың бірінші жарты жылдығында 18,7 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан нарығы отандық бетонмен және бетон бұйымдарымен, темірбетон конструкцияларымен, гипстан жасалған бұйымдармен, гипсті картонмен және құрғақ құрылыс араласпаларымен толық көлемде, 99%-ға қабырғалық материалдармен, 92%-ға портландцементпен, 89%-ға гипспен қамтылған. Полимер құбырларға деген қажеттілік - 78%-ға, ағаштан жасалған құрама құрылыс конструкциялы жылуоқшаулағыш материалдарға – 41%-ға қанағаттандырылған. Саланың 2600 өндіріс орындарында 36,6 мың адам жұмыс істейді.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру үшін «Қолжетімді баспана – 2020» бірыңғай бағдарламасы дайындалған және бекітілген. Сонымен қатар «Аумақтарды дамыту», моноқалаларды дамыту бағдарламалары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жетілдіру, «Ақ бұлақ» бағдарламалары дайындалған.

Сонымен, экономикадағы дағдарысқа қарамастан құрылыс саласы дами түсуде. Қазіргі уақытта баспананы пайдалануға берудің жақсы қарқыны, тұрғын үй құрылысына салынатын инвестициялардың артуы,

тұрғын үй қорының өсуі және ең бастысы халықтың баспанамен қамтылуының өсуі байқалады. Баспананың қол жетімділік мәселесін аймақтарды дамытудың жаңа бағдарламасы шешуі тиіс, оның ішінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық шындықта: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан Халқына Жолдауында атап өтілген тұрғын үйді алудың және несиелеудің жаңа механизмдері: «Қазақстанның аймақтық саясаты ұлттық экономиканың экономикалық өсімінің маңызды нүктелері болып табылатын урбандалу және агломерация үрдістерін жеделдетуден және реттеп дамытудан тұратын тиімді аумақтық ұйымдастыруды қалыптастыруы тиіс» [4].

Құрылыс саласының инновациялық даму болашағы

Инновациялық қызметтің жағдайы кез келген мемлекетте қоғам мен экономиканың дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Дамыған мемлекеттерде инновациялық саясат мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі заманғы сатыда кез келген мемлекеттің экономикасында шикізаттық, технологиялық және инновациялық даму үлгілерін бөліп көрсетуге болады.

Шикізаттық даму үлгісінде мемлекет табиғи шикізатты экспорттауға басты назар аударады. Қазіргі заманғы пікір бойынша мемлекеттің дамуының мұндай жолы тиімсіз болып саналады және уақыт өте келе мемлекеттің экономикасын тоқырау мен тұралауға әкелуі мүмкін.

Технологиялық даму үлгісінде мемлекет көбінесе басқа мемлекеттің ғылыми зерттеулері және технологиялары нәтижелері негізінде жасалатын жаңа процестер мен өнімдерге қаржы салады. Мұндай үлгі жаңа технологиялардағы жаңалықтарға ие шет ел мемлекеттеріне деген экономикалық тәуелділікке ие етеді және мемлекетті әрқашан әлемдік экономикалық дамуы бойынша аса төмен деңгейде болуына мәжбүрлейді.

Мемлекеттің инновациялық даму үлгісі терең ғылыми зерттеулер нәтижесіне негізделген жаңа білімді - ноу-хауды қолдануға негізделеді. Осы даму үлгісі жағдайында алынған инновациялық өнім әдетте бірегей ерекшелікке ие болады және әлемдік нарықта қымбат бағаланады (7-сурет).

Құрылыс индустриясындағы саясат құрылыс индустриясының индустриялық-инновациялық дамуын және Қазақстан Республикасында құрылыс материалдарының баланстандырылған өндірісін қамтамасыз етуге бағытталады.

Құрылыс материалдары ішкі нарығының сыйымдылығы шамамен 800 млрд. теңгені құрайды. Құрылыс материалдарының (ағаштан, пластмассадан жасалған, сонымен қатар басқа бейметалдық минералды өнімдерге жататын) импорты 2 млрд. АҚШ долларын құрайды.

«Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт Жоспары стратегиялық құжатында төрт қадам (46-49) тікелей құрылыс саласына қатысты. Құрылыс рұқсатын алудың үш сатылы

принципін, жобалық және жобалық-сметалық құжаттарды тексеру бойынша мемлекеттік монополиядан бас тартуды енгізу, құрылыстың сметалық құнын анықтаудың ресурсты әдісін енгізу, сонымен қатар ескерген құрылыс нормалары мен ережелерінің (ҚН және Е) орнына Еурокодтар жүйесін енгізу жоспарлануда [5].



7-сурет – Пассивті үй – энергия үнемдеуші экоүй

Кафедра ғалымдары Еурокодтар негізінде 27 республикалық нормативтік құжаттар дайындаған.

Олар 2015 жылдың маусымында іске қосылған және инновациялық технологиялармен материалдарды қолдануға, құрылыс қызметі нарығында қазақстандық мамандардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді, сонымен қатар құрылыс саласында Қазақстан компанияларының шет ел нарығына шығуына мүмкіндік жасайды.

10.02.2016 ж. үкіметтің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 360 миллиард теңгені тұрғын үй құрылысын дамытуға бағыттауды тапсырды. Президент, курстың тұрақсыздығына байланысты үнемдеуді қоса алғанда барлық мүмкіндіктерді бағалаудан кейін, мемлекет дағдарысқа қарсы шараларға қосымша қаржы бөле алатынын айтты.

Осылайша, тұрғын үй құрылысына бөлінген 360 миллиардтан басқа, 53 миллиард теңге жалдамалы баспана құрылысына бағытталады, 149 миллиард теңге — несиелік баспанаға, сонымен қатар 22 миллиард теңге салымшыларды несиелендіруге, ал 97 миллиард теңге қайтару негізінде жеке құрылысшыларды қолдау үшін бағытталады (8-сурет) [6].



8-сурет - Ел Президенті қабылдаған дағдарысқа қарсы шараларының арқасында Қазақстанда 1,5 миллион шаршы м. тұрғын үй тұрғызылады

«Бес институционалдық реформаларды іске асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлт Жоспарын іске асыру аясында «Құрылыс материалдары және технологиялары» кафедрасы 2016 жылға инновациялық дамудың кешенді жоспарын дайындады», онда берілген бағдарламаның орындалуының негізгі сатылары кеңінен көрсетілген.

Кафедра ғалымдары «Техногенді қалдықтар негізінде өнеркәсіптік құрылысқа арналған қоршау конструкцияларын алу технологиясын жасау және енгізу» атты маңызды ғылыми бағыт бойынша зерттеулер жүргізуде. Осылайша, «Тау-Кен Темір» ЖШС-мен 5 млн. теңге сомасына техногенді қалдықтар негізінде «Пассивті үйге арналған қоршау конструкцияларын жасау» шаруашылық келісімді тақырыпты орындау жоспарлануда, «Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарының қабырғаларын жылумен қорғауды жасауға арналған жүйе» тақырыбындағы өнертабысқа өтініш жіберілген. Жоғары рейтингті журналдарда, сонымен қатар «Scopus» базасындағы журналдарда мақала шығару жоспарлануда.

Соңғы жылдары Қазақстанның құрылыс саласы дамудың оң қарқынын көрсетуде және бүгінде елдің аса маңызды және қарқынды дамушы салаларының бірі болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан Халқына Жолдауында бәсекеге қабілеттілікті арттыру және жоғары мақсаттық көрсеткіштерге жету бойынша, оның ішінде сарапшылардың пайымдауы бойынша күрделі өзгерістер мен талқылаулар шегінде тұрған құрылыс саласында бірқатар міндеттерді қойды.

Елбасының 2050 жылға дейін әлемнің отыз дамыған елінің қатарына ену туралы қойған міндеті құрылыс саласының барлық қатысушыларынан Қазақстанның құрылыс нарығы нормасына әлемдік стандарттар енгізу

бойынша қарқынды жұмысын талап етеді. Құрылыс саласы алдында әрі қарай экономикалық өрлеу міндеті ғана емес, сонымен қатар, ЕАЭО- қа және әлемдік экономикаға шоғырлану бойынша міндеттер тұр.

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізгі 23 кластер анықталған, оның ішіне құрылыс материалдары да кіреді. ҚарМТУ-да МҮИИДБ, МИИДБ-2, «Қолжетімді баспана – 2020» «ТКШ қайта жаңғырту», «Ақ бұлақ» бағдарламаларының жобасын дуальды оқыту негізінде кадрларды даярлау, сонымен қатар, инжинирингтік қызметтерді көрсету және инновациялық жобаларды енгізу жағын іске асыруға арналған аймақтық құрылыс кластері жасалаған. Кафедра Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы ғылыми инжинирингтік компаниясы – Қазақстандық қайта құру және даму аймақаралық институтымен (ҚазҚДАИ) тығыз байланыс орнатқан.

«Қарағанды өнеркәсіптік құрылыс жобасы» ЖШС кафедра филиалында оқу сабақтары және дипломдық жобаларды қорғау жүргізіледі. Әлемдегі ең ірі американдық инжинирингтік компания «Fluor» жыл сайын құрылыс мамандықтарының ең озат студенттеріне атаулы шәкіртақы ұсынады. Компания кафедра филиалын жобалауға арналған қазіргі заманғы бағдарламалық қамтылған компьютерлермен жабдықтады.

Корпоративті Университет негізінде ҚарМТУ-да құрылған оқу-ғылыми және өндірістік бірлестіктер білім берудің үздіксіз сатысын қамтамасыз етеді. 2012 жылы Корпоративті университет құрамына «Экостройсервис»АҚ, «Нурхан» ЖШС және «Оплот LTD» ЖШС кірді.

Берілген өндіріс орындарымен байланыс аясында келесі жұмыс түрлерін орындау қарастырылған: практика өткізу; арнайы пәндер бойынша зертханалық және тәжірибелік сабақтарды өткізу, МАК жұмысына қатысу және т.б.

Корпоративті университет кәсіпорындары мамандарды даярлауға тапсырысты анықтайды және түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша келісім шарт жасайды. Кәсіпорындардың басшылары және университет ғалымдары жыл сайын өндірістік жиналыстарға қатысады, онда жұмыс қорытындыларын жасайды және қызметті әрі қарай жетілдіру жолдарын белгілейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылдың 30 қарашасындағы Қазақстан Халқына Жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық шындықта: өсу, реформалар, даму»
2. Казахстан в послевоенные годы (1946-1970 гг.). Развитие промышленности. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК, 2013.

3. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті = Карагандинский государственный технический университет: К 60-летию университета. - Караганда: ТОО «Арко», 2013. - 499 с.

4. Құрылыс PRO. Первый профессиональный портал о строительной отрасли. 24 года независимости. История развития строительной отрасли

5. «Бес институционалды реформаларды іске асыру бойынша 100 нақты қадам» Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлт Жоспары

6. Прогноз социально-экономического развития Республики Казхстан на 2013-2018 годы// Деловая неделя, № 34 (1059) от 13.09.13.

В.В. Югай,
Қарағанды техникалық университетінің
«Байланыс технологиясы және жүйесі»
кафедрасының меңгерушісі
PhD докторы
E-mail: v.yugay@kstu.kz

ҚАЗАҚСТАНДА ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Телекоммуникациялық технологиялар қазіргі заман қоғамының барлық салаларында маңызды рөл атқарады. Себебі еліміздің көптеген стратегиялық маңызы бар міндеттерді аумақтық, сондай-ақ, экономикалық қатынастардың жекелеген субъектілері деңгейінде шешу кезінде ақпараттың дұрыс және тез жеткізілуіне осы сала жауап береді. Оған қоса телекоммуникациялық жүйелер қоғамның әрбір мүшесіне саяси, қоғамдық, мәдени, білім және басқа ақпаратты жеткізуде маңызды. Байланыс саласы ақпаратпен саяси және экономикалық қауіпсіздікті және қоғамдық өндіріспен аумақтық басқару деңгейіндегі адамдардың тіршілік қарекетін қамтамасыз ету үшін маңызды мемлекеттік жұмысты атқарады.

Телекоммуникациялық жүйелердің қазіргі кезеңдегі жағдайын «кемелдікке ұмтылу» ұғымымен анықтауға болады. Әрине болашақта ол қандай түрде болатынын және желілер мен технологиялардың қаншалықты кезеңдері болатынын болжау қиын. Бірақ та қазіргі кезде алғашқы атқарылған жұмыс көлемін көруге болады: пакеттердің коммутациясы мен жіберудің қуатты желілері, рұқсатты жоғары жылдамдықты желілер, оптикалық телекоммуникациялық технологиялар және басқа кезеңдерді анықтайтын өзге де телекоммуникациялық желілер. Бүгінгі күнде төртінші буындағы желілер дамып келе жатқанына қарамастан, көптеген халықаралық ұйымдар, жабдықтың өндірушілері, операторлар мен зерттеу орталықтары ұялы байланыстың келесі бесінші буынының құрастыруына жұмыстар жүргізіп жатыр. J'son & Partners Consulting «4G LTE желілері мен ұялы байланыстың бесінші буындағы (5G) желілердің пайда болу мен құрастыру келешегі» зерттеуінің қысқаша нәтижелерін ұсынды.

Телекоммуникацияның даму тарихы

Александр Бейл телефонды ойлап тапқаннан кейін, барлық телекоммуникациялық желілер өткен ғасырдың ортасына дейін аналогты телефонияны жіберумен шектелді және ол уақыт өткен сайын жақсарып, белгілі бір қажетті сапасына дейін жетті. Бірақ көбісі бұл деңгейдің ең жоғары шегі еместігін түсініп, қосымша қызмет көрсетуге тоқталды.

Қоғамның дамуы ақпаратты жіберу мен сақталуын жаңа деңгейге көтерді. Себебі ақпарат саласы тұтастай мемлекеттің және адам қоғамының интеллектуалдық, экономикалық және қорғаныс

мүмкіндіктеріне әсер ететіні анық. Ал электр пайда болғаннан кейін хабарларды қысқа уақытта әр түрлі қашықтыққа жеткізу құралдары табылды. XIX ғасырда электр және магнетизм теорияларының дамуы телефонды және телеграфты сымды байланысқа, ал кейін сымсыз байланысқа әкелді. Нәтижесінде ақпарат таратудың барлық түрінің (интернет, ұялы байланыс, радиотарату, теледидар) құралдық және технологиялық базасы пайда болды. Көп көлемді ақпаратты алыс қашықтыққа жіберу қажеттілігінен көптеген зерттеулердің пайда болуына әкелді, бұл зерттеулер электромагниттік толқындарды тарату шарттарын, дабылдарды өңдеу теориясын, байланыс арналарының жоғары өткізу қабілеттілігін қарастырады. Зерттеу нәтижесінде байланыстың келесі жеке салалары пайда болды: сымды байланыс, радио, радиорелейлі, тропосфералық, спутникті және тағы басқалар. Бұл салалар бір-бірін толықтырып, ақпаратты алмасудың сапасын көтереді. 60 жылдардың соңында Батыстың көптеген ірі телефонды кәсіпорындары аналогты телефонияның дамуы келешексіз екенін түсінді. Олардың орнына «шоғырланған қызметтері бар сандық байланыс» - ISDN келді. ISDN көмегімен кез келген ақпаратты жіберуге болады: бейнесуреттер, дыбыс және басқалар. Өзінің даму уақытында ISDN тұжырымдамасында шарықтау мен құлдырау кезеңдері болды, себебі нарықтың сұранысы өзгерді және абоненттерде компьютерлер болды. Бірақ оның қолданылуы көптеген ыңғайсыздықтарға әкелді – мысалы, қосымша қызметтерді енгізгенде бағдарламалық жасақтаманың алмастырылуы қажет етілді [1].

Телекоммуникация жүйелерінің жіктелуі

Телекоммуникациялық жүйелер (ТЖ) деп арнайы байланыс желілері немесе радиоэфир арқылы көлемді ақпаратты (әдетте сандық түрде) тарататын құралдар мен құрылымдарды айтады. Ол кезде жүйенің көптеген қолданушыларына (бірнеше мыңнан бастап) қызмет көрсету жүргізіледі. Телекоммуникациялық жүйелері өзіне ақпаратты таратудың келесідей салаларын қосады: телехабартарату (ұйымдық, кабельді, спутникті, ұялы) жалпы қолданыстағы телефонды желілер (ЖҚТф), ұялы байланыс жүйелері (макро мен микро), дербес шақыру жүйелері, спутниктік байланыс жүйелері мен навигациялық құрылғылар, ақпаратты таратудың талшықтық желілері. Байланыс жүйелеріне қойылатын негізгі талаптарға байланыстың үзілмеуі жатады, бірақ та жіберілетін мәлімет сапасының кішкене түсуі мен байланыстың орнатылуын тосуға жол беріледі.

Телекоммуникациялық жүйелер **тағайындалуы** бойынша келесідей топталады: телехабар тарату жүйелері; байланыс жүйелері (дербес шақыру да жатады);

Ортаның қолдану түріне байланысты: кабельді; оптикалық талшықтық; эфирлі; спутникті;


Ақпаратты жіберу түріне байланысты: аналогты; сандық;

Байланыс жүйелері мобильділік бойынша келесідей бөлінеді: стационарлық (дәстүрлі абоненттік желілер); жылжымалы.

Жылжымалы байланыс жүйелері қызмет көрсету аймағына байланысты келесідей бөлінеді: микроұялы - DECT; ұялы - NMT-450, D-AMPS, GSM, CDMA; транкингі (макроұялы, аймақтық) – TETRA, SmartTrunk; спутниктік.

Ұялы телефония. Жылжымалы телефонды радиобайланыс алғаш рет АҚШ-та 1921 жылы қолданылды: Детройт полициясы автомашиналарда орнатылған орталық таратушыдан қабылдағышқа ақпаратты жіберетін 2 МГц диапазонындағы біржақты диспетчерлік байланысты қолданды. 1933 жылы Нью-Йорк полициясы 2 МГц диапазонындағы жылжымалы екіжақты телефонды радиобайланысты қолдануды бастады. 1934 жылы АҚШ федералдық байланыс комиссиясы телефонды радиобайланыс үшін 30-40 МГц диапазонын бөліп, 1940 жылы телефонды радиобайланыспен 10 мыңға жуық полициялық автомашиналар қолдана бастады. Барлық жүйелерінде амплитудалық модуляция қолданылды. Ал жиіліктік модуляция 1940 жылдан бастап қолдана бастап, 1946 жылы амплитудалық модуляцияны ығыстырды. (Сент-Луис, АҚШ; Bell Telephone Laboratories фирмасы), мұнда 150 МГц диапазон қолданылды. 1955 жылы 15 МГц диапазонындағы 11 арналық жүйе, ал 1956 жылы 450 МГц диапазонындағы 12 арналық жүйе жұмыс істей бастады. Екі жүйе де симплексті болып, қолдық коммутацияны қолданды. Ал автоматты дуплексті жүйелер сәйкесінше 1964 жылы (150 МГц) және 1969 жылы (450 МГц) жұмыс істей бастады.

Телефония қызметтерін ұсынатын байланыс жүйелері XX ғасырдың басында пайда болды және сыйымдылық, ауысу жылдамдығы, қолдану технологиясы мен коммутация түйіндерінің қызметі жағынан көптеген өзгерістерге ұшырады. Қазіргі кезде де кең қолданылатын жалпы қолданыстағы телефонды желілердің дамуын 3 кезеңге бөлуге болады. Әр түрлі желілік құрылымдағы коммутация түйіндерінің қызметін орналастыру тізбектері 1 суретте көрсетіліп тұр.



1-сурет – Әртүрлі желілік құрылымдағы коммутация түйіндерінің қызметін орналастыру тізбектері

Бірінші буындағы желілер – дәстүрлі телефонды желілер немесе POTS (Plain Old Telephone Service), олар технологиялық және құрылымдық-желілік шешімдер жиынтығын құрайды және олар шоғырланған қызмет көрсетуі бар сандық желілер (Integrated Service Digital Network - ISDN) концепциясы пайда болғанға дейін желілерді құрастыруда қолданылды.

Ақпарат жіберудің сандық жүйелері пайда болғаннан кейін 1980 жылдардың ортасынан бастап ISDN желілік тұжырымдамасы дамытыла бастады. Басында байланыстың әртүрлі қызмет көрсетудің бірыңғай желісі бар шоғырланған желісін құрастыру көзделді, бірақ негізгі қызмет көрсету болып телефония қалды. Соңғы уақытқа дейін телефония қызметін ұсынуға арналған желілік құрылымда POTS пен ISDN негізіндегі желілік бөліктер бар. Сонымен қатар тозып жатқан бірінші буындағы телекоммуникациялық құрылғының ауыстырылуы байқалып жатыр.

90-жылдардың соңында Интернеттің пайда болуына орай негізгі қолданушылар саны жеке тұлғалармен көбейді, нәтижесінде желі көлемі ұлғайды. Сол себепті жалпы қолданыстағы телефонды желінің сипаттамаларынан кем келмейтін желілік құрылымына қажеттіліктер пайда болды. Бірақ та екі параллельді желілік құрылымның қолданылуы экономикалық және қолдану көрсеткіштері бойынша тиімсіз болды. Нәтижесінде бірегей желілік құрылымның шеңберінде әртүрлі ақпаратты жіберуге және байланыстың көптеген түрін қолдана алатын технологиялық шешімдердің құрастырылуы талап етілді. Бұл шешімнің негізінде пакеттер коммутациясы мен ақпаратты жіберудің бірегей тәсілі жату керек. Бұл әдістің құрастырылуы үшінші буындағы желінің – NGN (Next Generation Network) пайда болуына әкелді.

Желілердің құрылуының жалпы тұжырымдамасы келесі ұрпақтың байланыс желілері деген атауға ие болған (Next Generation Network. NGN). NGN – бұл пакетті коммутацияға негізделген және телекоммуникациялық қызметтің шексіз спектрімен қамтамасыз етуді ұсынатын гетерогенді мультисервистік желі. Сонымен бірге болжам бойынша NGN техникалық құрал ретінде TCP/IP стек хаттамасымен болжанатын аппаратты-бағдарламалық құралдарда қолданылады.

Айта кетсек «NGN желісі» түсінігі бұрынғы «ISDN желісі» сияқты технологиялық болып табылады, яғни қызмет көрсетуі бойынша емес, технологияны қолдану принциптері бойынша байланыс желілерінің түрін анықтайды. Мұндай желі қызмет көрсету сапасының түрлі талаптарымен және операторлар мен абоненттердің сәйкесінше сұраныстарын қамтамасыз ететін әралуан түрдегі трафикті таратуды қолдауды керек.

Осылайша NGN идеологиясы кез келген ақпаратты жалпы түрде ұсынатын IP-пакетте жіберу түрінде ұсынылады. IP түрде дәстүрлі

желілерде трафиктердің алмасуы болмайды. Бұл факт желілердің барлық архитектурасы: тасымалдаушы инфрақұрылымдарды, рұқсат деңгейін және желілік иерархияларды қайта құру қажеттілігімен түсіндіріледі.

xDSL технологиялары


xDSL технологиясының басты артықшылығы бір мысты жұп бойынша біруақытта телефонды байланыс ретінде және мәліметтерді таратудың жоғары жылдамдығы бойынша да ұсынуға мүмкіндік береді[2].

Қазіргі таңда жеке қолжетімділік нарығындағы DSL-дың барынша экономикалық технологияларының бірі – асимметриялы ADSL. Бірақ ADSL сызықтарының арақашықтықтарын көбейткен сайын, сонымен қатар кабельдердегі ақаулардың немесе түзету тізбегін орнатудың салдарынан өткізу қабілеттілігі төмендейді.

Сымсыз IP-қолжетімділік

WiMAX технологияларының ең бір өте қызықты қолдану саласы – ортақ пайдаланылатын телефонды желі. Бұл келесі ұрпақтың NGN байланыс желісін құру үшін ОПТф базасы ретінде болғандығымен шартталады. WiMAX технологияларына негізделген техникалық құралдарды қолдану аясының мүмкіндігі көптеген факторлармен шартталған.

Қалалық телефонды желілер (ҚТЖ) үшін (келесі ұрпақтың желісіне оның ауысуын ескергенде) WiMAX технологияларын қолданудың үш негізгі нұсқасын ерекше айта кетсек болады (2-сурет).



2-сурет 2 – WiMAX технологияларын қолдану

WiMAX қолданудың бірінші нұсқасы – АТС-қа дейінгі тракты ұйымдастыру кезінде сымды байланыс құралдарының лайықты болмаған жағдайда шығару модульдерін қосу, мысалы: аудан, бақ.

Екінші нұсқасы – жаңа тұтынушыларды жылдам қосуды қамтамасыз етеді.

Үшінші нұсқасы жоғарыда берілген суретте оң жақ төменгі бөлігінде көрсетілгендей WiMAX технологиясын қосу. Ауылдық жерлерде ауылдық телефонды желілері (АТЖ) басқа да қызмет көрсету түрлерін ұсынуға негізделген. АТЖ-де ҚТЖ қарағанда интеграциялық процестер сезіледі.

Сондықтан WiMAX технологиясын қолдануды қарастырғанда NGN құру түрінде қарастыру керек.

Қазақстандағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) халықаралық стратегияны іске асыру бойынша елдің дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. АКТ-ны дамытудың келесідей артықшылықтары бар: өндірістік еңбекті арттыру мен басқарудағы тиімділікке қол жеткізу, бағдарламалық өнімді экспорттаудағы жаңа мүмкіндіктердің пайда болуы, АКТ саласында қызмет көрсету жүйесін жандандыру, ауа райы жағдайы мен ауылшаруашылық нарығы туралы фермерлерді ақпаратпен қамтамасыз ету, алғашқы медициналық қызмет көрсетудің консультативті жүйесін құру, арақашықтықта білім беру мүмкіндігін арттыру, мемлекет көрсететін қызмет сапасын көтеру. 2014 жылдың Networked Readiness Index индексіне сәйкес Орталық Азия және ТМД елдері арасында желілік дайындық деңгейі бойынша Қазақстан көшбасшылық орында тұр және Халықаралық рейтинг бойынша 38-ші орында тұрақталған (бір жыл бұрынғы көрсеткішті 6 орынға көтерген). Желілік дайындық индексі АКТ-ның даму деңгейін сипаттайды және мемлекеттің басқа елдермен салыстырғанда бәсекелестік мүмкіндігін бағалайды. АКТ саласын дамыту – үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған. АКТ секторы «экономика болашағы» секторларының арасында келесі 15-20 жылда негізгі рөл атқаратындығы мақұлданған.

ҮИИДМБ (ГПФИИР) бағдарламасы бойынша мемлекеттік маңызы бар аймақаралық жоба қаржыландырылған. Жобаның атауы: «FTTH (Fiber to the Home) желілерін құру». Қаржыландыру көлемі 65,1 млрд. теңге. Астана, Алматы, Семей, Жаңаөзен, Ақсу, Екібастұз қалаларында және облыс орталықтарында 9,5 тың көппәтерлі үйлерді және 5,6 мың коттеджді үйлерді қамтитын талшықтық-оптикалық абоненттік желілер құрылған. 2014 жылдың желтоқсан айында қолдануға берілді.

Қазақстандағы телекоммуникациялық нарықтың дамуы

Әлемдік дағдарыстан кейін ақпарат және байланыс секторына тура инвестиция көлемінің үдемелі артуы байқалды. Бірақ, соңғы үш жыл ішінде, инвестицияның жалпы көлемі бойынша ақпарат және байланыс секторындағы инвестиция көлемі аз шамада төмендегені аңғарылады. Мұндай тенденцияның негізгі себептерінің бірі – үкіметтің назары өндіріс (өндіру және өңдеу саласы) секторының дамуына көшкендігінде. Қазақстан Республикасының Ақпарат және байланыс агенттігі байланыс операторларымен бірлесе отырып АКТ даму қорын құрды. Сол қор арқылы 2013 жылы 4 старт-ап жобасы барлығы 150 мың АҚШ доллары сомасына қаржыландырылды. Олармен қатар телекоммуникациялық саланың дамуына коммерциялақ банктер және «Қазақстанның даму банкі» АҚ

атсалысуда. «Қазақстанның даму банкі» Акционерлік қоғамы мемлекеттік маңызы бар 3 үлкен жобаны қаржыландырды: 155 байланыс каналын қамтамасыз ететін Астана-Алматы учаскесі арасында талшықты-оптикалық байланыс жүйесі құрылды; Шу-Қандағаш, Астана-Павлодар-Семей-Ақтоғай, Көкшетау-Қостанай учаскелерінің арасында магистральды оптикалық-талшықты байланыс жүйесі құрылды (жалпы ұзындығы 3950 шақырым); әр аймақта (Павлодар, Ақтөбе, Қарағанды, Өскемен, Ақтау, Атырау, Орал, Шымкент) 5 мыңға дейінгі абоненттер санын қамтитын G-Net (кабельді теледидар және Интернет қызметі) ақпаратты жіберу жүйесі құрылды. Болашақта теміржол жолдарының бойында байланыс платформаларын және ақпараттық-бағдарламалық кешен құру жобасын қаржыландыру мәселесі қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының транзитті әлеуетінің дамуы. Қазіргі кезде, Қазақстан аймағы арқылы өтетін Еуропа-Азия бағыты бойынша ақпарат ағынының жылдамдығы 50 Гбит/с шамасында. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 537 Гбит/с-қа дейін, ал 2050 жылы 1750 Гбит/с-қа дейін арттырылады деп жобалануда. Транзитті әлеуеттің дамуымен қатар ақпаратты өңдеу орталықтарын дамыту қажеттілігі туады. Қазіргі таңда, Қазақстанда 24 ақпаратты өңдеу орталығы жұмыс істейді, олардың қызметін 14,5 мың пайдаланушы қолданады.

Мобильді желілердің дамуы. Қазіргі кезде пайдаланушылар әдеттерінің өзгеру процесі байқалуда. Дауыстық қызметтердің орнын әр түрлі мессенджерлермен (Viber, Mail Agent және WhatsApp) қолдану көрсеткіші артып келеді. Әлеуметтік жүйелердің даму қарқыны да көрініп тұр. Бұдан көретініміз, ақпаратты жіберу сегментінің артуы заңды. Соның салдарынан, 3G пайдаланушыларының және смартфондардың саны да артады. «IKS-Consulting» агенттігінің ақпараты бойынша, болашақта смартфондар санының артуына келесі факторлар әсер етеді: өндірушілердің арасындағы бәсекелестіктің салдарынан смартфондардың бағасы арзандайды; пакетті ұсыныстардың активті дамуы; халықтың Интернет-сауаттылығының артуы және олардың әлеуеттік-экономикалық процестерге қатысуы. «Кар-Тел» болжауына сәйкес, 2016-2017 жылдары халықтың 100%-ы смартфон қолданатын болады және болашақта Интернет, теледидар және ұялы құрылғылар үшін мобильді түрде төлемді іске асыру жүйесі құрылады. 3G стандарты желісінің қуаттылығының артуы және жақын болашақта 4G стандартының енгізілуі салдарынан Қазақстандағы смартфонды қолданушы абоненттердің санының арту мүмкіншілігі бар. Мемлекеттегі 25 жасқа толмаған адамдардың саны 30% құрайтынын (2013 жылғы демографиялық жағдай бойынша) және халықтың өмір сапасы жыл сайын өсіп келе жатқандығын ескерсек, ақпарат жіберу қызметі үшін үлкен әлеуеті бар екенін көреміз. Еуропа елдеріндегі жағдайды ескерсек, мемлекеттегі смартфондарды, планшеттерді, портативті медиа құрылғыларды қолданушылардың

санының артуы, болашақта мобильді операторлардың трафиктік құрылымының (минуттік құрылымнан мегабайттық құрылымға) өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Бұлттық технологиялар. 2013 жылы бұлттық технологиялар саласында әлемдік нарықтың жалпы көлемі 40 млрд. долларды құрды. Кейбір болжаулар бойынша, 2020 жылға қарай бұл көрсеткіш 240 млрд. долларға дейін көтерілуі мүмкін. Қазақстандағы бұлттық технологиялар нарығының көлемі ИТ-қызметінің жалпы нарығының 2%-ын алады. ИТ қызметі нарығының көрсеткіші 2013 жылғы көрсеткіш бойынша 36 млрд теңгені құрды. Қазіргі кезде Қазақстандағы бұлттық технологияларды пайдаланушылардың саны өте аз – жалпы халық санының 0,4 %-ын ғана құрайды. Алайда, бұлттық технологияларды жалпы перспективте қарастырсақ, ол технологияны әрбір қазақстандық қолданады, себебі, барлық смартфондардың функционалдылығының негізінде бұлттық сервистерді қолдану жатыр.

Телекоммуникациялық саланың дамуындағы проблемалар мен тәуекелдер. Жергілікті телефонды байланысты дамыту жергілікті операторлардың пайдасының кемуіне алып келеді. Сондықтан, қиылыс субсидиялауды болдырмау және телекоммуникациялық саланың инвестициялық қаржыландыру көлемін арттыру мақсатында трафикті қайта балансқа келтіру қажеттілігі туады. Халықтың және жеке кәсіпорындардың ақпараттық технологияларға деген ішкі сұранысының төмен деңгейі мемлекет ішіндегі компаниялардың дамуын тежеп отыр. Халық арасында кеңжолақты Интернетті пайдаланушылар санының аздығы, қазақстандық веб-ресурстар қатарының сиректігі, Интернет желісіндегі Қазақстандық сегменттің өзіндік бірегей контентінің болмауы электронды бизнес пен электронды коммерцияның дамуын және инвестициялық белсенділікті төмендетеді. Алайда, Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялық саланың дамуының ең негізгі мәселесі, жоғары біліктілікті мамандардың аз болуында. Саланың кадрлық қамтамасыз етілмеуі – ақпараттық технологиялар саласындағы жалақы көлемінің еңбек өнімділігінің көлемінен асуына әкеліп соғып отыр. Бұл, сыртқы нарықтағы сала бәсекелестігінің төмендеуіне алып келеді. Сұраныс ұқсас салалар мамандарын тарту есебінен және жұмыс берушілер есебінен оқыту арқылы шамалап қанағаттандырылады [4].

«Байланыс жүйелері және технологиялары» кафедрасының және 5B071900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығының телекоммуникация саласының дамуындағы рөлі

Телекоммуникациялық саланы дамыту мақсатында БЖТ кафедрасымен келесідей әр түрлі ғылыми зерттеулер жүргізілді. Бұл жұмыстардың қорытындысы көптеген мәселелерді шешуде үлкен рөл атқарады:

- қолдану кезеңінде электрмеханикалық жабдықтың құраушы бөлшектерін күшейту элементтерін қолданумен сенімділікті арттыру әдістемесі;

- түбегейлі элементтер әдісі негізінде заманауи бағдарламалық кешендерді қолдану арқылы құрылымның кернеулі-деформацияланған жағдайын автоматты талдау әдісі;

- бұзылмайтын диагностика және компьютерлік модельдеу әдістерімен электрмеханикалық жабдықтың құраушы элементтерінде апатты-қауіпті кернеу аймақтарын орнату және кернеу-деформациялық кернеулерін зерттеу, сонымен қатар беріктігі мен ұзақ мерзімді қызмет атқаруын арттыру үшін құрамаларды күшейту бойынша ұсыныстар дайындау;

- әрекеттегі модульдермен салыстырғанда жұмыстың тиімділігін арттыру, төмен бағалық көрсеткіштері үшін күннің орналасу орнын бақылаудың интеллектуалды жүйесі және шағылыстыру беттерінің көмегімен фотоэлектрлі модуль бетінде күн энергиясын шоғырландыру бойынша ерекше техникалық шешімдер және ғылыми зерттеуді қажет ететін технология негізінде күн электр станциясының тұжырымдамалары құрастырылды.

Кафедрада, телекоммуникациялық саланың деңгейін көтеру мақсатында, шаруашылық-келісімдік тақырыптар бойынша қолданбалы техникалық және жөндеу жұмыстары жүргізілді: 1) күн модульдерін өндіру технологиясын құрастыру (сомасы 15 млн. тг); 2) электр энергиясының көздерінен қашықтатылған телекоммуникация станцияларының базалық станцияларын энергиямен қамтамасыз ету үшін екі жақты модуль негізінде күн электр станциясын жобалау (сомасы 10 млн. теңге); 3) КЭНД тәжірибелі-құрылымдаушы үлгілерді құрастыру және сынау (сомасы 300 мың теңге).

«АВ» ЖШС, «Қазақтелеком» АҚ, «Трей Караганда» ЖШС, «EnergyComplex» ЖШС, «МТУ Кварц» ЖШС мекемелерімен келісімдер негізінде кафедра базасында курстық және дипломдық жұмыстар орындалады, қауіпсіздіктің көрсеткіштерін арттыру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі, телекоммуникациялық жүйелерді дамыту, өндірістегі экономикалық және техникалық тиімділікті арттыру жобалары жүргізіледі. Жоғары білікті мамандардың жетіспеуіне байланысты, жоғарыда аталған кәсіпорындар жыл сайын кафедраның көптеген тәмамдаушыларын жұмысқа алады және бұл мамандардың жоғары деңгейлілігін баса айтады.

Телекоммуникация саласының дамуына өз үлесін қосу және тәжірибе алу мақсатында кафедра келесі сайыстарға және көрмелерге қатысты:

1) «Алтын сапа» көрмесінде «Электрсақтаушы радиатор» тәжірибелік үлгісі көрсетілді (Мехтиев А.Д.);

2) Астана қаласында «ПАРАСАТ» көрмесінде «Позициялау жүйесі және екіжақты модуль негізіндегі күн электрстанциясы» жобасы көрсетілді;

3) «Алтын сапа» көрмесінде «Вакуумды электрсақтаушы радиатор» тәжірибелік үлгісі көрсетілді (Мехтиев А.Д.);

4) «ЭКСПО-2014. Радиотехника және телекоммуникация» халықаралық көрмесіне қатысу (14-15 сәуір 2014 ж.);

5) Internet Avenue 2014 (ВК «Атакент», Алматы қ.) халықаралық интернет көрмесінде келесі жобалар көрсетілді: «Мини ЖЭО» (Эйрих В.И., Задорожнюк М. РЭТ-12-3); «Жарық өткізгіштер арқылы күн энергиясын жіберу модулі бар үй-жайды жарықтандыру электрсақтаушы жүйесі» (Эйрих В.И., Кузнецова С. РЭТ-11-4);

6) 2014 жылы 16 мамырда Астана қаласында Парламент Мәжілісінің «Парламенттік тыңдау» көрмесінде келесі жобалар көрсетілді: «Экономика саласындағы техникалық және кәсіби жоғары білім жүйесі үшін кадрларды дайындаудың сапасы туралы» және «Вакуумды электрсақтаушы радиатор»;

7) «Құрылыс индустриясы» көрмесінде «Жарық өткізгіштер арқылы күн энергиясын жіберу модулі бар үй-жайды жарықтандыру электрсақтаушы жүйесі» тәжірибелік үлгісі көрсетілді. (Эйрих В.И.) 07 қараша 2014 жыл;

8) «ЭКСПО-2017. Болашаққа көпір» халықаралық көрмесіне қатысу (19-23 қараша 2014 жыл);

9) «Atameken Startup» бизнес-идеялар байқауы (13 - 15 қыркүйек 2013 жыл) – БЖТ кафедрасының студенттері Кузнецова С., Жолдасова В., Шағалиева К. және Жанбосова Д. «Оптиталшық арқылы күн жарығымен ғимараттарды жарықтандырудың электр үнемдеу жүйесі» тақырыбымен байқауда екінші орын алды; Бузяков Р., Ахметова А. және Оразғалиева Г. «Электр тізбектеріндегі шу» тақырыбымен байқауда үшінші орын алды;

10) «Мен жастарға сенемін!» жарысында (29 қараша 2013 жыл) иновациялық әлеуметтік маңызы бар жобалар секциясында ТСС кафедрасының студенті Ахметжанов Д. екінші орын алды; Зибров А. «Ғылымды қажет ететін жоба» секциясында жеңімпаз атанды.

Телекоммуникациялық технологиялардың дамуы жалпыәлемдік тенденциялармен және саланың ерекшелігі жағдайымен анықталады. Байланыс және оның инфрақұрылымы көп жыл бойы елдің қорғаныс әлеуетінің басымдығын қамтамасыз ету есебінен дамып келді. Соған байланысты, бәрінен бұрын байланыспен мемлекеттік басқару органдары, құқық органдары, әскери-өндірістік кешен кәсіпорындары қамтамасыз етілді. Жалпы қолдану желілерінің дамуы тек өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастау алды. Тура сол кезде ақпарат жіберудің желілері пайда бола бастады. Олардың саны қазіргі кезде бірнеше ондаған болып кетті. Кейбір қызмет ететін желілер жалпыхалықтық масштабқа жетті. Ол

желілер жер шарының жалпы телекоммуникациялық құрылымына қосылған.

Талаптарға сай келетін телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру – қиын және ауқымды міндет. Оны іске асыру үш бағыт бойынша жүзеге асады:

- үлкен ауқымды жалпыхалықтық жобаларды іске асыру;
- аймақтық телекоммуникациялық жобаларды қолдау және дамыту;
- мемлекеттік емес ұйымдардың қызметі.

Жақын болашақта телекоммуникацияның дамуына әсер ететін технологияларға келесі технологияларды жатқызуға болады:

- оптикалық технологиялар (SDH/SONET), олар жылдамдықтың артуын, желіде қызмет көрсетудің арзандауын, пайдаланушылар санының артуын қамтамасыз етеді;

- кең жолақты каналдар (B-ISDN), олар әр түрлі ақпараттардың бір канал арқылы берілуін қамтамасыз етеді. Соның салдарынан желінің интеллектуалдылығы және жылдамдық көрсеткіші артады;

- мультиплекстік және коммутациялық технологиялар (ATM), желінің интеллектуалдылығын арттырады;

- ақпаратты кодтау және сығу әдістері. Олар кең жолақты желілердің эволюциясына зор әсерін тигізеді. Жіберілетін ақпараттық ағынның көлемін арттыру салдарынан, мультимедиялық, телевизиялық және басқа да ақпараттарды жоғары сапамен жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

- коммутациялайтын оқшау-есептеуіш желілер (Fast Ethernet, FDDI FDDI II, ATM), олар желінің өндірістік қуатын және интеллектуалдылығын арттырады;

- сандық сымсыз байланыс, олар абоненттер санының өсуін және жұмылғыштығын қамтамасыз етеді;

- желілердің өзара әсерлесіп жұмыс істеуі (Java);

- интернет желісіне универсалды қол жеткізу (WWW).

Әдебиеттер тізімі

1. Украинцев Ю.Д. Единая широкополосная мультисервисная сеть / Ю.Д. Украинцев // Broadcasting. Телевидение и радиовещание. – 2006. – № 8. – С. 56–60.

2. Долотов В.Д. Время технологий xDSL / В.Д. Долотов // Технологии и средства связи. – 2003. – № 1. – С. 36–38.

3. Зубарев Ю.Б. Концепция развития сетей кабельного телевидения и систем широкополосного беспроводного доступа типа MMDS, LMDS и MWS / Ю.Б. Зубарев // Технологии и средства связи. – 2000. – № 6. – С. 23 – 31.

4. Банк развития Казахстана. Обзор тенденций в телекоммуникационной отрасли – 2014 г.

Н.А. Алпысбаева,
Қарағанды техникалық университетінің
Кәсіпорын экономикасы мен менеджменті
кафедрасының, т.ғ.к., доцент
e-mail: nalpysbayeva@mail.ru

Д.Е. Джакупова,
экономика магистрі

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КАРТАСЫ

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында кешенді саясат жүргізіліп жатыр, ол ірі инвестициялық жобаларды экономиканың дәстүрлі экспортке бағытталған сектораларында кіші және орташа бизнес үшін жаңа бизнес мүмкіндіктерін мультипликациялау арқылы қазақстандық құрылымын келесі қайта жасау мен қайта өңдеуге бағытталған дамыту жүзеге асырылады.

Болжамданған мерзімде Қазақстан Республикасының жылдамдатылған индустриялық инновациялық дамуы бойынша Мемлекеттік бағдарлама аясында индустрияландыру Картасын қабылдау себебінен ел экономикасының алдынан белгілі перспективалар ашылады. Экономикалық өсудің жоғары қарқынын сақтау үшін Қазақстан Республикасына дамудың жаңа деңгейіне өтуге керекті құрылымдық өзгерістер жүзеге асыру талап етіледі. Бұл өзгерістерге өңдеу өнеркәсіптерінде жаңа өнімді жұмыс орындарын белсенді құрастыру, сондай-ақ жұмыс күшінің аграрлы сектордан өтуі кіреді.

2010-2014 жж индустриялық инновациялық даму бойынша Мемлекеттік бағдарлама табысты жүзеге асқаннан кейін, мемлекетте тұрақты өнеркәсіп қалыптасты, оның әр-түрлі салалары әрі қарай дамуды 2015-2019 жж есептелген бағдарламадан талап етеді. Заманауи өнеркәсіп саясатының негізі қаланды, тәжірибеде әр-түрлі индустриялық дамуды қолдау құралдары және тікелей шетелдік инвестицияларды қарату механизмдері сыналды.

Қазақстанның жылдам индустриялық инновациялық дамуының 2015-2019жж. «Қазақстан-2050» стратегиясының принциптері мен мақсаттарына сәйкес бағдарлама тұжырымдамасы және біздің республика 30 ең дамыған мемлекеттер қатарына кіру тұжырымдамасы құрастырылды.


Қарағанды аймағы өнеркәсіп салаларының сипаттамасы

Облыс металлургия және құрылыс индустриясы үшін кенсіз шикізаттың ірі қорларына ие. Ірі барланған және қолданыстағы минералды-шикізат ресурстары шығатын жердің, түр қатынасында шикізаттың әртүрлілігінің, жанармайдың бар болуы, сумен жабдықтау және электр энергия көздерінің бар болуы арқасында облыста өнеркәсіп салаларының

мұндай түрлері даму алды: қара және түсті металлургия, көмір өнеркәсібі, энергетика, химиялық өнеркәсіп, азық-түлік өнеркәсібі, құрылыс индустриясы.

Облыста машина жасау және металл өңдеу салаларының кәсіпорындарын дамыту үшін қажетті әлеует бар. Сондай-ақ, аймақта шикізат қоры және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу үшін өндірістік қуаты бар.


Қарағанды облысының экономика негізі - кен өнеркәсібі және өңдеу өнеркәсібі болып табылады, оларда аймақтың ЖАӨ 46% өндіріледі.



Сурет 1. Қарағанды облысы бойынша пайдалы қазбалардың картасы

Қарағанды аймағында 3 қара металл, 29 түсті металл, 2 асылтастар, 84 минерал түрлерінің ауқымды қоры бар, сондай-ақ энергия тасушылар (шамамен әлем қорынан): алтын — 2,5%; күміс — 14%; мыс — 2,1%; қорғасын — 1%; цинк — 14,7%; никель — 1,4%; кобальт — 3,5%; бокситтер — 1,2%; темір — 5,8%; марганец — 9,7%; хромды кен — 35%; бариттер — 15%; фосфориттер — 4,5%.

Қарағанды облысының пайдалы қазбалардың жаңа шығу жерлерін анықтау жеткілікті жоғары. Мыстың болжамдалған ресурстары шамамен 30 млн. тонн бағаланады (Жезқазған, Қарағанды, Қарқаралы кен ауданы), алтын— 600-1000 тонн, қорғасын — 21 млн. тонн, цинк — 23 млн. тонн. Көмірқышқыл шикізатының шығуы жағынан облыстың оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс аудандарында келешегі бар.



Сурет 2. Кен өндірісі және карьер өңдеу құрылымы, %

2015 жылы өнеркәсіп өндірісінің облыс көлеміндегі кен өндірісінің үлесі 9,7% құрады. Кен өндірісіне көмір, металл және темір кен, сондай-ақ түсті металл кенін өндіру кіреді. Көмірдің геологиялық қоры 51 млрд.тонн бағаланды. Қорлардың үлкен үлесін 3 мың.км² аумағында жинақты қабатпен түзілетін кокстелетін көмір алады.

Қарағанды көмір бассейні ТМД елдерінің көмір бассейндерінің арасында көбірек газды болып табылады.

Көмір өндіретін кәсіпорындарға «АрселорМиттал Темиртау» АҚ, «Казахмыс» корпорациясы, «ШубаркольКомир» АҚ, «СарыаркаEnergy» ЖШС, «Разрез Кузнецкий» ЖШС, «Satkomir» ТКК ЖШС.

Сонымен қатар, облыс металлургия және құрылыс индустриясы үшін арналған кенсіз шикізат ірі қорына ие.

2001 жылмен салыстырғанда облыс ЖАӨ көлемінің көрсеткіші тұрғын басына 4,5 есеге өсті.

Өнеркәсіп өндірісі облыс экономикасының негізін құрайды. Облыста өнеркәсіп өнімінің 14,5% республикалық көлемі өндіріледі (100% - жазық прокат, 98% - дайындау түріндегі тазартылған мыс, 90% - мыс кенін өндіру, 85% - тазартылған күміс, 30% - тас көмір).

Аймақтың жалпы қосымша құнының 50% астамы кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде қалыптасады. Өнеркәсіп облысындағы негізгі салаларына өнеркәсіп өндірісінің 90,4% келеді.

Аймақта 2 мұнай газ бассейні орналасқан: Оңтүстік-Торғай және Шу-Сарысу шұңғымалары шыққан жері Құмкөл, Оңтүстік Құмкөл, Майбұлақ.



Сурет 3. Өңдеу өнеркәсіп салаларының құрылымы, %

Өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2015 жылы өндіріс өнеркәсібінің жалпы көлемінен 78,7%, және республиканың өңдеу өнеркәсібінің көлемінен 19,7% құрады.

Өңдеу салалары – бұл қара және түсті металлургия, машина жасау және металл өңдеу, химиялық, фармацевтикалық және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары, жиһаз және тамақ өндірісі.

Қара металлургияда Қазақстанның металлургия өнеркәсібінің ірі кәсіпорыны жұмыс жасайды – «АрселорМиттал Темиртау» АҚ, ол шойын және қара металлдың дайын пркатының 100% және 75% астам республика болатын өндіреді.

Түсті металлургияны «Казахмыс» корпорациясы ұсынады, оның құрамына облыста және республикада мыс кенді өндіру және қайта өңдеу негізгі кәсіпорындары кіреді. «Казахмыс» корпорациясының Жезқазған және Балқаш филиалдарында мыс өндірудің барлық кезеңдері , тіпті мыс



прокатының шығарылуына дейін көрсетілген. Сондай-ақ салада «Түсті металлдарды өңдеу зауыты» АҚ – Орталық Азиядағы бірегей кәсіпорыны бар, онда мыс негізіндегі құйылған қорытпалар және түсті металлдар прокаты шығарылады.

Облыс индустриясында маңызды орынды **машинажасау және металл өңдеу** алады. Саланың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары–«МашЗавод №1» ЖШС, «Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауыты» ЖШС, «Казахмыс» корпорациясының «Қарағанды құю-машина жасау зауыты» - филиалы, «КарГорМаш» ЖШС, «Қарағанды металл өнімдері зауыты «Имсталькон» ЖШС, «НПФ «Технология» ЖШС, «Kazcentrelectroprovod» ЖШС, «Құрылысмет» ЖШС

(«АрселорМиттал Темиртау» компаниясының біріккен машина жасау зауыты).

Облыста Қарағанды машина жасау консорциумы құрылды, ол тау кен шахталық жабдықтарын жетілдірумен айналысады.

Химиялық өнеркәсіп келесі өндірістік бірлестіктермен ұсынылады – "Темиртау электр металлургиялық комбинаты" АҚ, "Эгофом" ЖШС, «Трек» ЖШС, «Максам Казахстан» ЖШС, «Казахмыс» корпорациясының күкірт қышқылды цехы жұмыс істейді. Карбидтер, сульфаттар, күкірт қышқылы, азотты тыңайтқыштар, жарылғыш заттар, стирол полимерлері, бастапқы пішіндегі полиуретандар және өнімнің басқа түрлері.



Фармацевтика «Фитохимия»

Халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» акционерлік бірлестігі және «Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС ұсынылады.

Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің өндірілуі «Temirtau Associate sand Ancillaries» ЖШС және «ЮтарияLtd» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындармен жүзеге асырылады. На выпуске Арнаулы жұмыс киімін шығаруда көптеген кәсіпорындар: «СШТФ «GalexPlus» ЖШС, «Азия Тех» ЖШС, «Бірге» ЖШС, Гайсин Л.В. специализируются малочисленные предприятия ТОО «СШТФ «GalexPlus», ТОО «Азия Тех», ТОО «Бірге»,



Гайсин Л.В. ЖК мамандандырылған. Бөлшек нарықта шұлық-нәски сегментінің өнімі келесі кәсіпорындармен: «Тэгам» ЖШС, «Еско» ЖШС, «Руми-Эн» ЖШС және «Temirtau Associate sand Ancillaries» ЖШС ұсынылды. Арнаулы аяқ киім өндірісімен «PersInternational» ЖШС және «Қарағанды аяқ-киім фабрикасы» ЖШС айналысады.

Қазақстанда **құрылыс индустриясы** саласында ірі цемент өндірушілер қызмет етеді – «CentralAsiaCement» АҚ және «Карцемент» АҚ. «Сантехпром» ЖШС және «Kaztherm» ЖШС панельді радиатор



шығаруда мамандандырылған, ТОО «Қараганданеруд» ЖШС и «Техноиндустрия» ЖШС текше тәрізді қиыршық тас өндіреді және шығарады, «Казтрансметалл» ЖШС, "NORD Пром НС" ЖШС және "Нурхан" ЖШС әр- түрлі темір бетонды өнімдер өндіреді, "Карал PLAST" БК ЖШС –пластмастан әр түрлі диаметрдегі құбырлар, "Металл Профиль Зауыты" ЖШС

– металл жабынқыш және шатыр жұмыстары үшін кескінделген табақ өндіреді. **Азық түлік пен сусындар** өндіретін кәсіпорындардың ішіндегі ірілері – «Қарағанды Конфеттері» АҚ кондитерлік фабрикасы, «Эфес Қарағанды сыра зауыты» ЖҚ АҚ, «Евразиянфудс» АҚ, «Қарағанды нан компаниясы» ЖШС, «Қарағанды-Нан корпорациясы» ЖШС.

Негізгі қорларды жетілдіру мындай кәсіпорындарда «Қарағанды мелькомбинаты» ЖШС, "Апрель-Кулагер" ЖШС, "Балқашсүт" ЖШС, "Дамир АА" ЖШС, «Барракуда KZ» ЖШС, "Айза" ЖШС, «Бидай Нан ЛТД және Со ЖШС» өткізілді.

Сауда және қызмет көрсету (тұтыну нарығы).

Облыста азық-түлік тауарлардың тұтыну нарығында 8729 сауда нысандары қызмет көрсетеді, соның ішінде: 7094 дүкендер, 1534 қоғамдық тамақтандыру нысандары, 58 сауда базарлары және 43 әлеуметтік павильондар.

Облыста 4 коммуналдық нарық құрылды Қарағанды қ., Сәтпаев қ., Қаражал қ., Жаңаарқа ауданы. Бұл коммуналдық нарықта өнімді 10-15% төмен бағаға өткізу мүмкіндігін береді.

Қарағандыда супермаркет желілері жеткілікті жақсы дамыған, олардың арасында «Южный», «ЮМА», «Аян», «Корзина», «Магнум», «Норма», «Рамстор», «Metro» және т.б. супермаркеттер бар.

Тауар өндірушілердің өнімдерін өткізу процесін қамтамасыз ететін сауда-логистикалық инфрақұрылымын дамыту мақсатында Қарағанды қ. «Сарыарқа» ӘКК қатысуымен ауданы 20 га артық заманауи көлік-логистикалық кешен құрылып жатыр, көтерме азық-түлік нарығы, сауда нысандары, қоймалар және көкөніс қоймалары, рерижераторлар, өлшеп орау және өңдеу желілері, тоңазытқыш қондырғылары, көлік тұрақтары, қонақүйлер және теміржол жолдары.

Облыс халқы облыста өндірілмейтін тамақ өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз етіледі. Бұл тұрғыда салмақты рөлді кәсіпкерлік құрылымдар, жеке кәсіпкерлер ойнайды.

Облыс бойынша барлығы 23 ірі көтерме жеткізуші қызмет етеді. Облыста жәрмеңке қызметі даму алды. 2015 жылы жергілікті тауар өндірушілердің және облыста өндірілмейтін азық-түлік көтерме жеткізушілердің қатысуымен 200 ден аса жәрмеңке өткізілді, онда жалпы соммасы 1,2 млрд.теңге жоғары өнім сатылды. Халыққа сервистік қызмет көрсетуді жақсарту үшін сауда нысандарында сауда операцияларын жүзеге асыру кезінде төлемдерді төлем карточкалары арқылы жасау жұмыстары жүргізіледі.

Қарағанды облысының индустрияландыру Картасын жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының тездетілген индустриялық инновациялық даму Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2010-2014жж өнеркәсіп негізгі салаларының даму Тұжырымдамасы, өнеркәсіптің құрылымдық қайта құрылысын, өнеркәсіп кешенін бағдарламалық-

мақсатты әдістерін енгізуді қарастыратын Аймақтық инновациялық жүйе құрастырылды.

Көрсетілген құжаттарды жүзеге асыру бұдан да жоғары технологиялық деңгейге өтуге мүмкіндік берді, сонымен қатар еңбек өнімділігі өсуін, тау-кен өнеркәсібі, қара және түсті металлургия, машина жасау және металл өңдеу, химиялық және фармацевтикалық өнеркәсіп, құрылыс материалдарын өндіру салалары бойынша ішкі және сыртқы нарықта өнімнің бәсекелестік позициясын күшейтуді қамтамсыз етеді.



Қазақстан Республикасының 2010-2014 жж тездетілген индустриялық-инновациялық дамуы бойынша Мемлекеттік бағдарламасының 4 жыл аралығында жүзеге асуы кезінде пайдалануға 122 млрд. теңгеге 4 мыңнан артық жұмыс орны бар 59 жоба енгізілді.

2010 жылы соммасы 29 млрд.теңге 808 мың тұрақты жұмыс орындарының құрылуымен 9 жоба кіргізілді: Абсорбциялық рафинациялау және бөліктеп өлшеу желілер цехын іске қосу (Қарағанды қ.); Көмірді өндіру және қайта өңдеу шығу жері Жалын (Жаңаарқа ауданы); Болат панельді радиаторлар өндірісі (Бұхар-Жырау ауданы); Полиэтиленді құбыр өндірісі (Саран қ.); Құс фабрикасының өндірістік кешенін қайта құру (Бұхар-Жырау ауданы); Көмірден металлургиялық кокс алумен қатар жылу техникалық кешеніннің 2 кезектегі құрылысы (Саран қ.); Газдық бақылау құралдарын күйге келтіру үшін байқау газ қоспаларын өндіру (Қарағанды қ.); Темір кенін өндіру және қайта өңдеу (Шет ауданы); «БелАЗ» техникасын өндіру, жинақтау және сервистік қызмет көрсету (Қарағанды қ.).



2011 жылы – жалпы соммасы 35 млрд.056,3 млн.теңгеге жуық 1214 мың жұмыс орындарының құрылуымен 20 жоба енгізілді: «ТД АзияМетиз» ЖШС – болат сымның өндірісін ұйымдастыру (Қарағанды қ.); «NORD пром НС» ЖШС- теміржол бетон шпалдарын өндіру (Теміртау қ.); «ФАРОС Графикс» ЖШС – жаңа толық түсті баспа машинасы мен қазақ кескіш машинаны іске қосу (Қарағанды қ.); «К. Маркс атындағы Құс фабрикасы» ЖШС – құс фабрикасының жетілдірілуі және дамуы (Бұхар-Жырау ауданы); «Euro Pack» ЖШС- тауарларды қаптау үшін резеңке және пластмасса өнімдерін өндіруді ұйымдастыру (Қарағанды қ.), «Қарағанды мелькомбинаты» ЖШС - диірмен кешенін жетілдіру және кеңейту (Қарағанды қ.), «Экостройсервис» АҚ - жаңа құрылыс материалдарын

өндіру (Қарағанды қ.), «ТехноИндустрия» ЖШС - ажыратылған текше тәріздес қиыршық тас өндіру бойынша зауыт құрылысы (Бұхар – Жырау ауданы), «Green Technology» ЖШС – ауданы 3 га жылыжай кешенінің құрылысы (Қарағанды қ.), «КазПласт» ЖШС – полимерлерді ротациялық қалыптау әдісімен ірі габаритті полиэтилен өнімдерін өндіру (Қарағанды қ.), «Шұбаркүл Көмір» - электротехнологиялық кешен өндірісін ұйымдастыру (Нұра ауданы), «Қарағанды Энерго орталығы» ЖШС- №5 турбогенератор қуаттылығы 110 МВт (Қарағанды қ.), ТОО «Коунрад мыс компаниясы» - катодты мыс өндірісі бойынша зауыт құрылысы (1 кезең) (Балхаш қ.), «TREI-Қарағанды» ЖШС – өндіріс процесін басқару заманауи жүйесін ұйымдастыру организация (Қарағанды қ.), «МФ «Мерей» ЖШС - медицина мекемелері үшін бір рет пайдаланатын өнім өндіруді ұйымдастыру (Қарағанды қ.), «КМК Профиль» ЖШС - кескінделген табақ шығару бойынша өндірісті кеңейту (Теміртау қ.), «Борусан Макина Казахстан» ЖК ЖШС – ауыр техникаға қызмет көрсету бойынша сервис Орталығын құру (Қарағанды қ.), «PROLUX KZ LTD» ЖШС – жарық диодты шырақтар өндірісін ұйымдастыру (Қарағанды қ.), «Арай kz» ЖШС- ет өңдеуші кешен құрылысы (Қарағанды қ.), «Кэлсис» ЖШС – LAN локальді жүйесі үшін телекоммуникационды кабелін өндіру (Саран қ.).

2012 жылы 8,7 млрд теңге соммасында 935 жаңа жұмыс орындары құрылуымен 9 жоба іске асырылды: «Арселор Миттал Темиртау» КД АҚ - В.И. Ленин атындағы шахтаны газдан тазалау үшін метанды пайдалану арқылы электр қуатын өндіріп шығару пилоттық қондырғы (Шахтинск қ.); «Ютария Ltd» ЖШС - тігін өндірісін жетілдіру (Жезқазған қ.); «ТНК «ТИАТР» ЖШС – полиэтиленді құбыр өндірісі (Қарағанды қ.);



«Промтранс» ЖШС – темір бетонды шпалдар өндірісі бойынша зауыт құрылысы (Бұхар-Жырау ауданы); «Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауыты» ЖШС - Өнеркәсіп салалары үшін құйма өндірісі (Қарағанды қ.); «Temir Logistik» ЖШС - «Temir Truck Service» сервистік станция құрылысы (Теміртау қ.); «ТПК

Авангард» ЖШС- кондитерлік қоспаларды және басқа жартылай дайын өнімдер өндіру зауыты (І кезек) (Қарағанды қ.); «Ригер» ЖШС – Логистикалық орталық құрылысы (Қарағанды қ.); «Лобов» ЖК – қыша майын өндіру (Шахтинск қ.).

2013 жылы соммасы 5 млрд. 801,9 млн.теңге 455 жұмыс орнының құрылуымен 10 жаңа индустриялық-инновациялық бағыттағы өндіріс іске қосылды: «Жакко Караганда» ЖШС - сыртқы канализация үшін кедір-бұдыр құбырлар өндірісі бойынша желіні іске қосу (Қарағанды қ.);

«Недра-Балхаш» ЖШС – гранитті қаптайтын плитка және гранит өнімдер өндірісі (г.Балхаш); «Iron Concentrate Company» ЖШС – темір концентратын өндіру (Балхаш қ.); «Казтехфильтр» ЖШС - автокөлік және басқа арнай техника үшін сүзгі өндірісін құру (Жезқазған қ.); «Племптицеторг» ЖШС - құс шаруашылығы өнеркәсібінің асыл тұқымды орталығын құру (Жезқазған қ.); «Ескене» ШҚ – 2000 бас ІҚМ үшін мал жемдейтін алаң құрылысы (Жаңаарқа ауданы); «ККК Бетон» ЖШС- Саран қаласындағы ірі панельді үй құрылысы элементтері бар темір бетон өнімдерін өндіру зауытының құрылысы (Саран қ.); Гелисханов Л.М. ЖК – тау-кен шахталық жабдықтардың қосалқы бөлшектер өндірісі (Сәтпаев қ.); «Рудсервис К» ЖШС - тау-кен шахталық жабдықтар үшін компрессорлық қондырғылар өндіру (Сәтпаев қ.); «Kaz-metiz» ЖШС – болат арқан өндірісі (Қарағанды қ.).

2014 жылы соммасы 44,3 млрд. теңге 1184 жаңа жұмыс орныдары құрылды, 10 жоба іске асырылды: «Топар жылыжайлары» ЖШС - заманауи жылыжай кешенін құру (Абай ауданы); «Карцемент» АҚ – құрғақ әдіспен цемент өндіру бойынша №5 технологиялық желісін іске қосу (Теміртау Ұ.); «Изоплюс Орталық Азия» ЖШС- құбырларды қаптау зауыт құрылысы (СЭҚ аумағы); «Бөмер Арматура» ЖШС - шарлы крандар өндіру бойынша зауыт құрылысы (СЭҚ аумағы); «Кайрат-2» ШҚ – мал жемдейтін аумақ құрылысы, сүт және ет өнімдерін өндіруді ұйымдастыру арқылы мал шаруашылығын дамыту (Жаңаарқа ауданы); «Геополимер» ЖШС- арнайы міндеті бар тұтқырлар өндірісі (Саран қ.); «АК Алтыналмас» АҚ- «Пустынное» тау-кен металлургиялық кәсіпорынын бір жылда кен өнімділігі 2 млн.тонн құрайтын алтын шығарушы фабрика ретінде қайта құру және кеңейту (Ақтоғай ауданы); «Улытау-Флора» АӨК - «көкөніс қоймасы бар жылыжай шаруашылығын құру » (Жезқазған қ.); Матюхин С.Т. ЖК - «Құрылыс материалдары өндірісін кеңейту» (Шахтинск) қ.; «Оптим-кран Қазақстан БК» ЖШС – көтергіш көліктік құрылғылар өндіру (Қарағанды қ.).

2015 жылы 67 іске қосылған жобаларды 6 жоба басынан өнімдерін шығаруды жоспарламады, тек, 67 жоба өз өнімдерін шығарды (жоғарыдан 90%), жоғарыдан жүктелген 50% - 4, төменнен 50% - 1 жоба. Жалпы сомасы 19 млрд теңге болатындай 10 инвестициялық жоба шығарылды және де 649 жаңа жұмыс орны құрылды:

- «Сарыарқа» арнайы экономикалық зонасының құрылысы аяқталған болатын. Бұл АЭЗ-ға инвесторларды тарту жұмысын белсендетуге мүмкіндік берді.

- «Изоплюс Центральная Азия» ЖШС және «Бөмер Арматура» ЖШС кәсіпорындары енгізілді.

- АЭЗ аумағында өз қызметтерін іске асыруды қалайтын инвесторларды іздеу жұмысы жалғасуда, сондай-ақ, АЭЗ-ны басқаруда халықаралық тәжірбиесі бар стратегиялық әріптестерді.

- Жұмыс және жүйетүзуші 8 кәсіпорын қызметін, тауарларды сатып алу, қазақстандық қамтамасыз ету мониторингы жүргізілді, ол ҚР Үкіметімен кәсіпорындар тізімі қосылды («АрселорМиттал Темиртау», «Корпорация Казахмыс», «Евразиян Фудс», «Қарағанды кәмпиттері», «Эфес Қарағанды сыра зауыты», «Централ Азия Цемент», «Казцентрэлектропровод», «Қарагандарезинотехника»).

Қарағанды облысында индустрияландыру Картасы аясында 2016 жылы 101,1 млрд теңге сомасында он жоба жүзеге асырылады:

- **Қарағандыда** үш жоба жүзеге асырылады, оның ішінде: «Қарағанды-Нан корпорациясы» ЖШС, «Қараганда-Энергоцентр» ЖШС, «Сарыарқа Нан Қарағанды» ЖШС.

- **Теміртау** қаласында 2 жоба жоспарланды: «КазГазоБлок» ЖШС, «Корпорация КазЭнергоМаш» ЖШС.

- **Жезқазғанда** - «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, ДК «Ажиев Н.Т.» жобалары.

- **Бұқар-Жырау ауданында** 1 жоба жүзеге асырылады - «АПК «Волынский» ЖШС.

- **Қарқаралы ауданында** - «Алтай Полиметалдары» ЖШС.

- **Абай ауданында** – 1 жоба: «Волынка» ЖШС

ҮИИД келешек тау-кен металлургиясы саласына тікелей қатысты. 2015 жылға оның алдына өдірістер мен өнімді экспорттау саласының көлемін еселеу мақсаты қойылды. Қайта істеуді тереңдету мен жаңа жаңадан қайта балқыту есебімен металлургияға жалпы қосылған құны 107%-дан кем емес өсуі керек.

Республикада ҮИИДМБ қондырғысымен сәйкес біздің саладағы дамудың жаңа бағдарламасы дайын өнімді шығару және кезең бойынша жаңадан қайта балқытуға шығуды қарастырады.

2010-2014 жылдарға ҚР индустриялық инновациялық жылдамдатылған Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында былтырғы жылы облыста индустрияландыру Карта 10 жобасы енгізілді және ол 44,3 млрд. теңге сомасында 1184 тұрақты жұмыс орнын қалыптастырды. 2010 жылдан 2014 жыл аралығында 59 жобаны пайдалану енгізілді және ол 4 мың жұмыс орнын қалыптастырды. Жоспарлау қуатына 76% енгізілген жобалар шықты.

2010 жылдан 2014 жылдар аралығында жаңа кәсіпорындар на 200 млрд. теңге құрайтын өнімдерін шығарды, сонымен қоса 2014 жылы - 73,1 млрд. теңге. Бұл өнеркәсіптің жалпы көлемінен 5,2%.

Инженерлік инфрақұрылымдық дамуымен өнеркәсіп зонасын ұсынатын «Сарыарқа» арнайы экономикалық зонасы құрылды. Енгізілген кәсіпорындармен 1 млрд теңге сомасында өнім өндірілді (ЖШС «Изоплюс Центральная Азия» және ЖШС «Бөмер Арматура» (инвестицияның жалпы сомасы – 2,5 млрд. теңге, жаңа жұмыс саны – 90).

«Өнімділік 2020» бағдарламасы аясында 6 жоба қолданды, 8,5 млн.

теңге көлемінде кешенді даму және модернизация жоспарын өңдеу барысындағы шығынның 50% орны толтырылды.

Нәтижесінде, 2014 жылдың қорытындысы бойынша НКИ өнеркәсібі 103,7% құрады (1411,4 млрд. теңге).

01.01.2015 жылдың жағдайы бойынша 395,6 млрд. теңге жалпы сомасында индустрияландыру Картасына 83 жоба енгізілді және де ол 9 мыңдай жаңа жұмыс орнын құрды.

Әдебиеттер тізімі

1. В. Ваганова «В Карагандинской области в рамках Карты индустриализации в 2016 реализуют десять проектов на сумму 101,1 млрд. тенге»//
2. «В Карагандинской области откроют два проекта в рамках Карты индустриализации»// <http://www.zakon.kz>
3. Государственная программа форсированного индустриально-инновационного развития РК на 2010-2014 годы//<http://adilet.zan.kz>
4. Государственная программа индустриального развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы//<http://adilet.zan.kz>
5. Концепция индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015 – 2019 годы от 31.12.2013 г.
6. «Карта индустриализации-вектор в будущее»//<http://yvision.kz>
7. Послание народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» от 2007 года
8. Послание Главы государства «Нұрлы жол - путь в будущее» от 11 ноября 2014 года
9. «Социальная модернизация Казахстана: 20 шагов к Обществу Всеобщего Труда» от 2012 года
10. Послание «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 2014 года
11. План нации - 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ Н.Назарбаева, 20 мая 2015 г.
12. Постановление Правительства Республики Казахстан об утверждении Плана мероприятий по реализации Государственной программы индустриального развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы
13. Указ Президента Республики Казахстан об утверждении Государственной программы индустриального развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы

Н.А. Алпысбаева,
Қарағанды техникалық университетінің
Кәсіпорын экономикасы мен менеджменті
кафедрасының, т.ғ.к., доцент
e-mail: nalpysbayeva@mail.ru

Д.Е. Джакупова,
экономика магистрі

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КАРТАСЫ

Мемлекеттік бағдарламалар туралы соңғы уақытта көп айтылады. Кәсіпкерлікті қолдау, қолжетімді баспана, ауыл шаруашылығын дамыту, білім беру және денсаулық қорғауды жақсарту- бұл арнайы мемлекеттік бағдарламамен қамтылған бағыттардың толық тізімі емес.

Бұл бағдарламалар аясында тікелей қаржылай қолдау, сондай-ақ консультация түрінде көмек көрсету, әр-түрлі жеңілдіктер мен артықшылықтар ұсыну сияқты біртұтас шаралар кешені жүзеге асады. Кейбір бағдарламалар тікелей біздің мемлекет азаматтарына бағытталған, басқалары өнеркәсіптің барлық салалар мен әлеуметтік саланы дамытумен байланысты.

Соңғы уақытта қабылданған бағдарламалардың ішіндегі маңыздысының бірі – 2010-2014 жж Қазақстан Республикасының жылдам индустриялық инновациялық дамуы бойынша Мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Осы бағдарламаны жүзеге асыру аясында Қазақстан индустрияландыру Картасы түріндегі механизм құрастырылды.

Индустрияландыру картасы мемлекет ірі бизнеспен бірлесіп дұрыс инвестициялық шешімдер қабылдауы үшін жасалған, яғни жеке жобаларды қолайлы жағдайда сәйкес ресурстық және әлеуметтік инфрақұрылым дамуымен қатар жүзеге асырылуы керек.

Басқа сөзбен айтқанда, бизнес пен мемлекет серіктес болады, сонымен бірге жеке инвестор өзіне жобаны жүзеге асыру міндетін алады, ал мемлекет өз кезегінде сәйкес инфрақұрылымның құрылуы мен дамуына кепілдік береді.

Павлодар облысының индустрияландыру картасын жүзеге асыру

Павлодар облысы экономиканың үдемелі және әртараптандырылған құрылымымен сипатталады. Бұл жерде мемлекет өндірістік өнеркәсібінің 7,3 % шоғырланған.

Облыс Қазақстанның ең дамыған индустриялық аймақтарының бірі болып табылады. Ол еңбектің жалпы республикалық аумақтық бөлінуінде алдыңғы орындар қатарында: осы жерде өндірілетін көмірдің 61,1%, шығарылатын электр қуатының 44,3%, ферро қорытындылар өндірісі 76,1%, бензин өндірісі 41,7% және глинозема мен өңделмеген алюминий

республикалық өнеркәсібінің 100% шоғырланған.



Павлодар облысының экономика негізін өндіріс құрайды. Онда облыстың жұмыс істейтін халықтың төрттен бір бөлігінен көбі қамтылған және 43 % көлемінде облыстың ЖАӨ құрайды.

Облыста 1000 жуық өндірістік кәсіпорындар жұмыс істейді, соның ішінде 15-і жүйе құрушылар өндірістік өнеркәсіптің жалпы көлемінің 70 % қамтамасыз етеді. “Богатырь Комир” ЖШС (көмір өндіру), “Еуроазиаттық энергетикалық корпорация” (көмір өндіру, электр жылу қуаты өнеркәсібі), Ақсу ферроқорытпа зауыты – “ТНК Казхром” АҚ филиалы (ферроқорытпа өнеркәсібі), “Қазақстан алюминийі” АҚ (глинозем, электр қуатын шығару), “Қазақстан электролиз зауыты” (өңделмеген алюминий өнеркәсібі), “KSP Steel” ПФ ЖШС (жапсарсыз құбырлар және болат өнеркәсібі), “Кастинг” ПФ ЖШС (болат шығару), “Павлодар мұнай химиялық зауыты” (мұнай өнімдерінің өндірісі, минералдық шикізат шығару, басқа машиналар мен жабдықтарды жөндеу, бумен және сумен қамтамасыз ету), “МАЭС-2 Екібастұз станциясы” (электр қуатын шығару).

Бұл кәсіпорындардың өндірістік өнеркәсіп құрылымында басымдылығы аумақ экспортының ресурстық-шикізаттық бағытына шарт қоюына байланысты.

Қазақстан Республикасының 2010-2014 жж жылдам индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында Павлодар облысында 83 жоба

жүзеге асырылады (инвестиция көлемі – 912,3 млрд. теңге, жұмыс орындар саны – 9718).



Соның ішінде:

-Инвестиция көлемі 586,5 млрд. теңге Республикалық индустрияландыру Картасының 4 жобасы , жұмыс орындар саны – 2389.

- Инвестиция көлемі 325,8 млрд. теңге Аймақтық индустрияландыру Картасының 79 жобасы , жұмыс орындар саны – 7329.



Сурет 1. Павлодар облысының индустрияландыру Картасы

2010 жылы облыста аймақтық индустрияландыру Картасының **16 жобасы** енгізілді (инвестиция көлемі – 84,67 млрд. теңге, жұмыс орындар саны – 2482).



2011 жылы облыста индустрияландыру Картасының 16 жобасы енгізілді, инвестиция көлемі 49,21 млрд.теңге, жұмыс орындар саны- 879.

Соның ішінде, республикалық индустрияландыру Картасының 1 жобасы, инвестиция көлемі – 7,54 млрд.теңге. Жұмыс орындар саны- 564.

Аймақтық индустрияландыру Картасының 15 жобасы, инвестиция көлемі-41,37 млрд.теңге. Жұмыс орындар саны-315.

2012 жылы аймақтық индустрияландыру Картасының 16 жобасы енгізілді, инвестиция көлемі- 17,01 млрд.теңге. Жұмыс орындар саны - 883.



2013 жылы пайдалануға 2 инвестициялық жоба енгізілді,

инвестиция көлемі- 38,05 млрд.теңге, жұмыс орындар саны-97.

1. Сүт өңдеу және ірімшік өндірісінің көлемін өсіру («SOLVIT» ЖШС) Инвестиция көлемі– 0,02 млрд. теңге, жұмыс орындар саны – 7 адам.

2. № 6 Энергия блогын қайта құру («Евроазиаттық энергетикалық корпорациясы») инвестиция көлемі – 38,03 млрд. теңге, жұмыс орындар саны – 90.

2013 жылдың аяғына қарай тағы 7 инвестициялық жоба енгізілді . Инвестиция көлемі – 44,72 млрд. теңге, жұмыс орындар саны – 550.

3. Жалпы аумағы 8200 га суармалы алапты ұйымдастыру. 15,0 мың. тонна көкөніс қоймасын ұйымдастыру («Пахаарь» ШҚ ЖШС) Инвестиция – көлемі- 4,23 млрд. теңге, жұмыс орындар саны – 100.

4. Электролиз зауытының екінші кезектегі күйдірілген анод өндіретін зауыт құрылысы (“Қазақстан электролиз зауыты” АҚ). Инвестиция көлемі– 44,7 млрд. теңге, жұмыс орындар саны - 500 адам.

5. 8000 тонналық салқындатылатын көкөніс қоймасы мен жабық базар құрылысы («Шарзен»ЖШС) Инвестиция көлемі – 0,536 млрд. теңге, жұмыс орындар саны – 20 адам.

6. Павлодар ауданы, Черноярка ауылында 40551 басты шошқа кешенінің құрылысы (3500 тонна шошқа еті) («Рубиком» ЖШС). Инвестиция көлемі – 0,89 млрд. теңге, жұмыс орындар саны –6.

Әкімшілік тұрмыстық кешен, №1,2,3 жемшөп корлары және қазандық құрылысы, №3 база жабдықтарын құрастыру (торлар, су беру, азық беру, желдету) бойынша жұмыстар аяқталды.

7. Шоғырлы сілтісіздендіру телімі бар іріктемелі экстракция және электролиз (SX EW) әдісімен мыс өндіру бойынша зауыт құрылысы («EurasiaCopperOperating» ЖШС). Инвестиция көлемі – 3,0 млрд. теңге, жұмыс орныдар саны – 80.

8. 340 сиыр СӨФ қайта құру мен дамыту ("Жана-кала" ШҚ). Инвестиция көлемі– 0,3 млрд. теңге, жұмыс орындар саны – 30 адам.

9. Жылыжай кешенінің құрылысы («Павлодар жылыжай комбинаты» ЖШС). Инвестиция көлемі – 1,34 млрд.теңге, жұмыс орындар саны – 60 адам.

2014 жылы 12 жоба жүзеге асырылды.

2014 жылы 28 қаңтарда Павлодар облысының АҰК бірінші отырысы өтті. Облыс әкімі төрағалық еткен бұл отырыста, 10 инвестициялық жоба қаралды, жалпы инвестиция көлемі 50,6 млрд.теңге, жұмыс орындар саны-829.

АҰК нәтижелері бойынша, индустрияландыру Картасына жалпы инвестиция көлемі 43,6 млрд.теңге 7 жоба енгізілуін ұсыну шешімі қабылданды.:

1. «Теміржол бағытындағы дөңгелектер өндіру кешені» жобасы. Жоба 1 жылда 200 мың дана теміржол дөңгелектерін өндіруге есептелген. Жоба 2016 жылы аяқталады. Зауытта 252 адам жұмыс істейді. Жоба

мақсаты қазақстандық өндіріс дөңгелектерін өндіру жолымен теміржол саласы үшін импорттық қосалқы бөлшектерді ысырып тастауға бағытталған. Екібастұз қ. «Проммашкомплект» ЖШС жоба қозғаушысы болып табылады, ол 2012 жылы бағыттама бұрмаларын өндіру және т/ж дөңгелектерін өңдеу жобасын жүзеге асырып, индустрияландыру Картасының қатысушысы болып табылады.



2. «Ферросиликоаллюминий өндірісін ұйымдастыру» жобасы. Жүзеге асу мерзімі – 2014-2015 жж, жобалық қуаты - 1 жылда 30 мың. тонн ФСА, жұмыс орындар саны – 212 адам. Жоба қозғаушысы «KSP Steel» ЖШС болып табылады. Жоба болат өндірісінде пайдаланылатын ферроқорытпалар өндірісіне бағытталған, олар қорытылатын болаттың өзіндік құнын төмендетеді және оның сапасын жақсартады. Бұл жерде аңғарылатын жағдай, ол қазақстандық ғалымдар құрастырған технология пайдаланатындығы. Шикізат ретінде көмір селекциясын пайдалануды жоспарлау ерекшелік болып табылады, ол қазір үйіндіге төгіледі.



3. «Диаметрі 40-100мм шарлар шығару бойынша шар прокаты өндірісін құру» жобасы. Болат шарлар ұсату кезінде тау кен қазу және

цемент өнеркәсібінің диірмендерінде қолданылады. Жүзеге асыру мерзімі – 2014-2015 жж, жоба қуаттылығы – 48 мың. Тонна, ұсақталған шарлар Ø40-100 мм. Жұмыс орындар саны – 69 адам. Жоба қозғаушысы –ПФ «KSP Steel» ЖШС.



4. «Коммуналдық тұрмыстық және энергетикалық кәсіпорындарда тұтынуға қолжетімді көмір брикеттерін өндіру» жобасы. Жүзеге асыру мерзімі – 2014 жыл, өндірістік қуаты – 1 жылда 300 мың. тонна көмір брикеттері. Жұмыс орындар саны – 60 адам. Жоба мақсаты – коммуналдық тұрмыстық және энергетикалық кәсіпорындарда тұтынуға қолжетімді қатты жанармай өндіру. Қазіргі кезде көмір өндіру қалдықтары болып табылатын көмір ұсақ түйектері мен шламынан брикеттер өндірілетін болады. Бұл жоба көмір өндірісі қалдықтарының экологиялық сұрақтарын шешеді. Жоба қозғаушысы- «Гамма» ЖШС.

5. Сондай-ақ Павлодар, Екібастұз, Щербакты аудандарының ірі мал санын, ет алу және ет өнімдерін өндіруді қарастыратын мал шаруашылығын дамыту бойынша бір жоба.

ҰИИДМБ бағдарламасы аясында, және 2010-2018 жж индустрияландыру Картасына сәйкес, облыста жалпы соммасы 1078,8 млрд теңге 85 жоба жүзеге асырылады, жұмыс орныдар саны – құрылыс кезінде 19467, пайдалану кезеңінде 9960 жұмыс орындар саны қарастырылған.

2015 ж. бірінші жартысында облыста инвестиция көлемі 14,3 млрд. теңге, 242жұмыс орныдар саны бар, 3 жоба енгізілді.

2015 ж. аяғында инвестиция көлемі 418,1 млрд. теңге ,1868 жұмыс орныдар саны бар 3 жоба енгізілді.

1. **Эфирді 95% аз емес , шегіртке мен зиянкестерге қарсы биопрепараттар, қышқыл глифосаты 95% аз емес, пестицидтер, басқа да химиялық өнімдер және пластикалық өнімдерді «Павлодар» АЭА аумағында, «Агрохимпрогресс» ЖШС өндіру.**

2. **Бозшакөл ТБК құрылысы, «KAZ MineralsBozshakol» ЖШС** . Инвестиция көлемі – 406,0 млрд. теңге, жұмыс орындар саны - 1500, жоба қуаттылығы – жылына 100,0 мың. тонн концентрат.

3. **Мұнай коксінің қыздыру қондырғысының құрылысы (2 кезең) , «УПНК-ПВ» ЖШС.** Инвестиция көлемі - 8,7 млрд.теңге, жұмыс орындар саны - 250, жоба қуаттылығы – жылына 205,0 мың. тонн қыздырылған кокс.



Осылай, Қазақстан Республикасының 2010-2014 жж жылдам индустриялық-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінің **бірінші бесжылында** Павлодар облысында инвестиция соммасы 274,4 млрд.теңге 68 жоба пайдаланысқа енгізілді, 5617 жұмыс орны құрылды.

КАРТА ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ

Первая пятилетка

68 проектов
с объемом инвестиций
274,4 млрд.тенге
5,6 рабочих мест
62 вида новой продукции
введено проектов:

период	кол-во проектов	млрд. тенге	Кол-во раб. мест
2010 г	16	84,7	2413
2011 г	16	49,2	470
2012 г	16	17,0	1032
2013 г	5	84,0	457
2014 г	15	39,5	1245
итого	68	274,4	5617



2015-2019 жж индустриялық инновациялық даму Мемлекеттік

бағдарламасының **екінші бесжылдығы** аясында, инвестиция көлемі 1,2 трлн. теңге жұмыс орындар саны -5817 адам, 24 жоба тізімі құрастырылды.



Соның ішінде:

- Республикалық индустрияландыру Картасының 4 жобасы, инвестиция көлемі- 998 млрд. теңге, жұмыс орындар саны-2079;
- Аймақтық индустрияландыру Картасының 20 жобасы, инвестиция көлемі – 193.17 млрд.теңге, жұмыс орныдар саны-3738.

Барлығы 2015 жылы соммасы 435,0 млрд.теңге 7 жоба іске қосылады, 2260 жұмыс орындар саны құрастырылды.

2015 жылдың бірінші жартысында инвестиция көлемі 14,3 млрд. теңге 3 жоба іске қосылды, жұмыс орындар саны – 242.



1. Полимер өнімдерін өндіру, «Компания Нефтехим LTD» ЖШС. Инвестиция көлемі - 3,1 млрд. теңге, жұмы орындар саны - 187, жоба қуаттылығы - жылына 51,5 млн. полипропилен қаптары.

2. ПТ-65/75-130/13 ст.№2 ЖЭС-3 турбина қондыру, «Павлодарэнерго» АҚ. Инвестиция көлемі - 7,9 млрд.теңге, жұмыс орындар саны - 5, жоба қуаттылығы-65 МВт.

3. Алдын ала кернеуленген темір-бетон білеуін өндіру цехын құру, «R.W.S. Concrete» ЖШС. Инвестиция көлемі - 3,3 млрд.теңге, жұмыс орындар саны - 50, жоба қуаттылығы – жылына алдын-ала кернеуленген 850 темір бетон білеу жиынтықтары.

Жылдам индустриялық инновациялық даму мелекеттік бағдарламасының индустрияландыру Картасы аясында, Екібастұз ауыл аймағындағы «Аяк-Коджан» кен орнында пайдаланысқа байыту фабрикасы енгізілді.

«Fonet Er-Tai AK MINING» ЖШС бас директоры Зияда Мухатаеваның ақпараты бойынша, жобаның бағасы 2,7 млрд. теңге құрады. Жаңа байыту фабрикасының қуаттылығы – жылына 500 мың тонн байытылған кен және 26 мың тонн мыс флотоконцентраты. Жаңа өндірілген өнім тек Қазақстанда пайдаланылып қана қоймай, сондай-ақ басқа да елдерге экспортталады деп болжамдалуда.

2015 қыркүйегінде бұл жерде мыс шығаратын зауыт жұмыс бастады. Бүгіндемыс кенін байыту фабрикасы іске қосылды. Бұл ЖИИД мемлекеттік бағдарламасының жүйелі жүзеге асуы. Павлодар облысы елді индустрияландырудың белсенді қатысушысы болып табылады, 2020 жылға дейін бағасы 1,1 трлн.теңге 19 жоба жүзеге асырылады. Жаңа 5 мыңға жуық жұмыс орындары құрылды.

«Павлодар» АЭА.

Бүгінгі күнде «Павлодар» АЭА аумағында 3 кәсіпорын жұмыс істейді:

1.«Каустик» АҚ негізгі кәсіпорын болып табылады, ол күйдіргіш сода, хлор, натрий гипохлоритін және тұз қышқылын шығарады. Жалпы инвестиция көлемі – 16 586 млн. теңге. Пайдалану кезеңінде жұмыс орындар саны– 540 адам.

2. «Белизна-ПВ» ЖШС – тұрмыстық химия өнімін өндіру жобасы. Инвестиция көлемі – 276 млн. теңге. Пайдалану кезеңінде жұмыс орындар саны - 10 адам.

3. «БО-НА» ЖШС - зарарсыздандырғыш дәрі –дәрмектер өндіру. Инвестиция көлемі - 120 млн. теңге. Пайдалану кезеңінде жұмыс орындар саны - 15 адам.

Инвестиция көлемі 22,9 млрд. теңге тағы 3 инвестициялық жоба құрылысы жүріп жатыр:

1. «УПНК-ПВ» ЖШС – қыздырылған мұнай коксін өндіру.

2. «АгроХимПрогресс» ЖШС – агрохимиялық өнім өндіру.

3. «Kazakhstan Chemical Company» ЖШС - органикалық синтез, поливинилхлорид, полиолефин өндіру.

«Павлодар» АЭА инфрақұрылымының құрылымының құрылысына 2014 жылы 2,4 млрд. теңге, 2015 жылы -0,9 млрд. теңге бөлінді.

Жобаларды өз уақытында іске қосу және «Павлодар» АЭА қатысушыларын қажетті инфрақұрылымымен қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылда инфрақұрылымның келесі нысандары аяқталады:

- кедендік терминал;
- техникалық су құбыры;
- электрмен жабдықтау;
- «Павлодар» АЭА аумағын қоршау.

2015 жылдан 2019 жылға дейінге кезеңде **қара металлургияны** дамыту мемлекеттік саясаты болат алуға қажетті жоғары сапалы шикізат өндіру бойынша басым бағыттарды жүзеге асыруға (түйіршіктелген шойын және темірді ыстықтай брикеттеу, ферроқорытпалардың жаңа түрлерін өндіру және көлемін үлкейту), болаттың жаңа түрлерін өндіру (құбыр және коррозияға төзімді, қызуға төзімді және қызуға берік, құралдық, шарлы мойынтірек, рельстік и рессорлы-серіппелі) және жоғары шынықтырылған болат ассортиментін кеңейтуге бағытталған.

Бағдарлама аясында бизнес-құрылымдар ұсыныстарына сәйкес инвестиция көлемі 400 млрд.теңгеден астам ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылады, олар өндіріс көлемін және өнімге қосылған бағасын өсіруге, сондай-ақ қоршаған ортаға кері әсерін тигізуді төмендетуге бағытталған.

Павлодар облысында құбыр илемдеу өндірісін дамыту бойынша қуаттылығын жылына 270 мың тонн құбырларға дейін көтеріп, ірі жобалар қатары жүзеге асады.

